

Е.В.МИХЕЕВА, О.И.ТИТОВА

Бухгалтериядағы компьютерлік іс жүргізу

оқулық

*«Федералдық білімді дамыту институты» Федералдық мемлекеттік мекемесімен
бастауыш кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын
білім беру мекемелерінің оқу процесінде пайдалануға
ҰСЫНЫЛҒАН*

*2011 ж. 15 маусымдағы рецензияның
тіркеу нөмірі 194. «ФБДИ» ФММ*

2-басылым, стереотиптік



Мәскеу

«Академия» баспа орталығы

2014

ӘОЖ 65.012.48(075.32)

КБЖ 65.050.2i722

М695

Бұл кітап Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі және «Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ арасында жасалған шартқа сәйкес «ТЖКБ жүйесі үшін шетел әдебиетін сатып алуды және аударуды ұйымдастыру жөніндегі қызметтер» мемлекеттік тапсырмасын орындау аясында қазақ тіліне аударылды. Аталған кітаптың орыс тіліндегі нұсқасы Ресей Федерациясының білім беру үдерісіне қойылатын талаптардың ескерілуімен жасалды.

Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі білім беру ұйымдарының осы жағдайды ескеруі және оқу үдерісінде мазмұнды бөлімді (технология, материалдар және қажетті ақпарат) қолдануы қажет.

Аударманы «Delta Consulting Group» ЖШС жүзеге асырды, занды мекенжайы: Астана қ., Иманов көш., 19, «Алма-Ата» БО, 809С, телефоны: 8 (7172) 78 79 29, эл. поштасы: info@dcg.kz

Пікір беруші:

Мәскеу банк экономикалық колледжінің информатика және ақпараттық технологиялар бөлімінің басшысы *А.А.Журавлев*

Е. В.Михеева

М695 Бухгалтериядағы компьютерлік іс жүргізу: орта кәсіптік білім беру мекемелерінің студенттеріне арналған оқулық / Е.В.Михеева, О. И. Титова. — 2-басылым., стер. — М. : «Академия» Баспа орталығы, 2014. — 320 б.

ISBN 978-601-333-227-7 (каз.)

ISBN 978-5-4468-0833-5 (рус.)

Бухгалтериядағы компьютерлік іс жүргізудің негізгі мәселелері, компьютердің көмегімен мәтіндік бухгалтерлік құжаттар мен электронды кестелерді рәсімдеу тәсілдері жазылады, салықтық және бухгалтерлік есептілік электронды түрде келтірілді.

Оқулықта еңбек және оны төлеу, қасалық және банктік операциялар, негізгі құралдар және материалдық емес активтерді есепке алу, сауда операциялары, түгендеу, салықтық есеп құжаттарын, бақылау-қасалық техника және т.б. сияқты, ұйымның негізгі шаруашылық операцияларын көрсету бойынша бастапқы есептік құжаттарды рәсімдеу тәртібі қаралды. Құжаттарды сақтау және жою мәселелері қаралды.

Орта кәсіптік білім мекемелерінің студенттеріне, гуманитарлық бейінді мамандықтар бойынша, сондай-ақ іс жүргізуді, кадрлық және бухгалтерлік есепті меңгеретін білім алушыларға арналған.

ӘОЖ 65.012.48(075.32)

КБЖ 65.050.2i722

ISBN 978-601-333-227-7 (каз.)

ISBN 978-5-4468-0833-5 (рус.)

© Е.В.Михеева, О.И.Титова, 2011

© «Академия» Білім-баспа орталығы, 2011

© Рәсімдеу. «Академия» Баспа орталығы, 2011

Бухгалтердің құжаттармен жұмыс барысында ең басты құралы бір кезде шоттар, қағаз және қалам болатын, бірақ ол кездер біржола артта қалды. Қазіргі бухгалтердің жұмысы дербес компьютерді пайдаланусыз мүлде мүмкін емес.

Бухгалтер компьютерде білуі тиіс:

- компьютерді дұрыс қосуы, керек бағдарламаларды іске қосуы, олармен жұмыс істей білуі, бағдарламаны дұрыс жабуы және компьютерді сөндіруі;
- іс жүргізу бойынша қабылданған нормативтік құжаттарға сәйкес ресми қағаздарды құруы және оларды папкалар (каталогтар) бойынша таратып, сақтауы;
- оларды кестелік құжаттар және бекітілген сәйкестендірілген нысандарды сақтай отырып, бухгалтерлік ақпаратты өңдеуі;
- ақпараттың сыртқы ақпарат тасығыштарын қолдануы (дискеттер, дисктер, флэш-жинаушылар және т.б.), атап айтқанда оларды форматтауы, ақпаратты тасығыштың құрамын қарауы, тасығышқа файлдарды көшіруі және, оның ішінде архиватор ақпаратты сыға отырып кері көшіруі;
- ақпаратты санкцияланбаған қол жеткізуден қорғауды компьютердегі ақпараттың антивирустық профилактикасын жүзеге асыруы, сондай-ақ ақпаратты тасығышты вирустың болуына, дұрысы жоқтығына тексеруі тиіс.

Құжатпен жұмыста оны құрудың тиімді технологияларын қолдану маңызды. «Компьютерде тез және тиімді жұмыс істеуге оқытамыз» принципі бойынша курстарды аяқтаған кез келген адамнан, мысалы «Шарт» немесе «Жұмыстарды қабылдау-тапсыру актісін» қалай жасайтынын сұраңыз.

Жүз адамның сексені: «Мәтіндік редакторды ашамын да, құжат мәтінін теремін» деп жауап береді.

Тоғызының ұқсас құжаты бар ескі файлды ашып, өзгерістер енгізіп басқа атаумен сақтауға тапқырлығы жетеді.

Үшеуі құжатты шаблондарды пайдалана отырып жасауды ұсынады.

Екеуі ресми қағаздардың үлгілерін құрайтын (ресми қағаздардың нысандары бар осындай нәрселерді көптеген ресейлік анықтамалық-құқықтық жүйелер ұсынады) анықтамалық жүйелердің бірінен ұқсас құжатты іздейтіндіктерін айтады.

Және үнемі «Мәтіндік үлгіні сканерлеп, оны өз тапсырмама қарай түзетемін» деп батыл түрде жауап беретін біреу табылады.

Және осы жүздің бәрінікі өзінше дұрыс, себебі әр пайдаланушының компьютерлік техника және бағдарламамен жұмыс дағдылары мен шеберліктерінің өзіндік деңгейі бар.

Дегенмен, қатты айтқанда, құжаттың барлық қажетті реквизиттері көрсетілген үлгілік нысан-шаблонды әзірлеуден бастаған жөн. Одан кейін осы шаблон бойынша жаңа құжаттарды жасаған жөн.

Құжатты жасауда басқа істер үшін уақытты қалдыра отырып, еңбек өнімділігін ненің есебінен қайда, қаншалықты арттыруға болатынын білу маңызды.

Біздің барлық пайымдауларымыз, шынын айтқанда тиімді ақпараттық технологияларды пайдаланумен жұмыс істеген жақсы болады деген өте қарапайым ойға саяды.

Сонымен, құжаттарды бір жағынан нормативтік құжаттардың барлық талаптарын сақтай және бухгалтерлік құжаттардың бірыңғайландырылған бастапқы нысандарын пайдалана отырып, екінші жағынан компьютерлік технологиялардың орасан мүмкіндіктерін тиімді пайдалана отырып рәсімдеу керек.

Осы оқулықта авторлар құжаттарды жасауға дәл осындай тәсілді ұсынады.

Кітап ұйымдық-өкімдік және бухгалтерлік құжаттаманы жасау үшін компьютерлік технологияларды тиімді қолдануды үйренгісі келетіндер үшін жазылған. Оны жазуда авторлар енді бастаған және белгілі бір жұмыс тәжірибесі бар бухгалтердің де әдеттегі қателерін ескеруге тырысты. Құжаттарды жасау бойынша нақты тәжірибелік пайда және тиімді жұмыс дағдыларының беретін оқулықты жасау үшін барынша көп күш салынды.

Бухгалтерлік есеп ұйымның мүлкі және міндеттемелері, сондай-ақ олардың барлық шаруашылық операцияларын тұтас, үздіксіз және құжаттамалық есепке алу туралы ақшалай көріністегі ақпаратты жинау, тіркеу және жалпылаудың реттелген жүйесін ұсынады.

Қазіргі түсіндірмеде *бухгалтерлік есеп* шаруашылық субъектісі туралы қаржылық ақпаратты өлшеу тіркеу, өңдеу және беруді жүзеге асыратын ақпараттық жүйе ретінде түсініледі.

Бухгалтерлік есеп *бастапқы есептік құжаттарға* негізделеді. Дәл осылар операцияларды бекіту және операцияларды бастапқы тіркеу тәсілі үшін қызмет етеді. Бастапқы құжаттар сондай-ақ бақылау мақсаттарына қызмет етеді, мүліктің сақталуын қамтамасыз етеді, құжаттамалық тексерулер өткізу мүмкіндігін береді.

Барлық шаруашылық операцияларды орындау бастапқы есептік құжаттармен расталуы тиіс.

Бастапқы құжаттар есепке Бастапқы есептік құжаттамалардың сәйкестендірілген нысандары альбомында бар нысандар бойынша құрастырылса қабылданады. Компьютер осы нысандарды бірнеше мәрте қолдану үшін жасап қана қоймай, кәсіби қаржыгерлер жасаған электрондық түрдегі дайын құжаттардың сәйкестендірілген нысандарын пайдалануға мүмкіндік береді.

Тәжірибеде бухгалтер кейде заңнама талаптарын бұзумен рәсімделген құжаттарды есепке алуға қабылдайды (мысалы, құжаттағы барлық реквизиттер толтырылмаған) немесе ол үшін үлгілік құжат көзделсе де, құжатты ерікті нысанда қабылдайды. Салық органдарының өкілі тексеруді өткізуде, осыған назар аударатыны сөзсіз. Бұндай құжаттарды салық органдары жарамсыз деп тануы мүмкін. Сәйкесінше, барлық бухгалтерлік жазбалар, демек осы құжатта көрсетілген сомаларды қолданумен салықтарды есептеулер де жарамсыз деп танылады. Бұл жағдайда кәсіпорын және бухгалтерге айыппұлдар салынуы мүмкін. Сол себепті ұйымның негізгі шаруашылық операцияларын көрсету бойынша бастапқы есептік құжаттардың дұрыс рәсімделуі өте маңызды.

Қазіргі ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін қолдана отырып дербес компьютердің көмегімен бастапқы құжаттарды дұрыс және тез рәсімдеуге болады.

Жасалған немесе өткізуге рұқсат етілген операциялар туралы ақпарат дисктер, флэш-жады және т.б. әр түрлі тасығыштарға түсірілуі мүмкін. Бұл жағдайда ұйым қағаздардың көшірмелерін қағаз тасығыштарда дайындауға және оларды шаруашылық операцияларының қатысушыларына және бақылаушы органдарға олардың талабы бойынша ұсынуға міндетті. Құжаттарды баспаға шығару үшін принтерді пайдаланады.

Компьютердегі құжаттармен жұмыс және кеңсе техникасы құралдарын пайдаланумен құжаттарды беруден басқа бухгалтер желідегі ұжымдық жұмыс мәселелерімен, салық және бухгалтерлік есепті электрондық түрде ұсыну тәсілдерімен, интернет-банкінг қызметтерімен және тіпті «электронды ақшамен» жиі кездеседі. Осы технологияларға ие болу қазіргі бухгалтердің тиімді жұмысы қамтамасыз етеді.

БУХГАЛТЕРЛІК ҚЫЗМЕТТЕГІ ІС ҚАҒАЗДАРЫН ЖҮРГІЗУ ПРОЦЕСТЕРІН АВТОМАТТАНДЫРУ

Құжаттар қоғам және мемлекеттің өмірінде орасан зор рөл атқарады, олар адам қызметінің әр түрлі салаларына қатысады. Барлық құжаттарды топтарға бөлуге болады: жеке және ресми, мәтіндік және графикалық, дәстүрлі және электронды тасығыштарда, ғылыми, техникалық және т.б.

Бухгалтердің қызметі құжаттардың екі тобымен байланысты:

- ұйымдық-өкімдік;
- бухгалтерлік (бухгалтерлік есепті жүргізу бойынша құжаттармен).

Ұйымдық өкімдік құжаттар қандай да бір ұйымның басқару процесінде жасалады және басқару аппаратында қолданылады. Бухгалтерия ұйымды басқару бөлімшелерінің бірі болып табылады, сол себепті бухгалтер бұйрықтар, актілер және т.б. сияқты құжаттардың осы түрімен күнделікті кездеседі.

Құжаттардың ерекше санатына ұйымның қаржылық-шаруашылық қызметін есепке алу процесінде бухгалтер рәсімдейтін *бухгалтерлік құжаттар* жатады. Әр құжат акпарат тасығыш болып табылады және оны жинау, өңдеу және беру үшін пайдаланылады. Құжаттарға қойылатын басты талаптар акпараттың ресмилігі, анықтығы және объективтілігі болып табылады.

Құжаттар біркелкі рәсімделуі тиіс, ол оларды елге арналған іс қағаздарын жүргізудің бірыңғай жүйесіне қосуға мүмкіндік береді. Ол үшін құжаттарды жасауда және рәсімдеуде белгілі бір ережелерді сақтау керек. Бұл ережелер мемлекеттік стандарттар, нормативтік-әдістемелік құжаттар және ұсыныстарға негізделеді. Ережелер өз қызметінің түрі бойынша құжаттармен жұмыс істейтін әр маманға белгілі болуы тиіс. Рәсімдеу біркелкілігі құжаттарды жедел өңдеуге және орындауға мүмкіндік береді ал бұл өз кезегінде олармен жұмыстағы уақыт шығынын қысқартады.

ІС ҚАҒАЗДАРЫН ЖҮРГІЗУДІ РЕГЛАМЕНТТЕУ ЖӘНЕ ШОТТЫ АВТОМАТТАНДЫРУ ЖҮЙЕЛЕРІН ДАМУ ТАРИХЫ

Құжаттарды жасау және есептеулерді өткізу технологиясы өз дамуында үлкен жол жасады. Құжаттармен жұмысты автоматтандыру бойынша қазіргі таңда бар мүмкіндіктерге жету үшін жүздеген жылдар қажет болды.

1.1.1. Ақпаратты өндеуді автоматтандыру құралдарын дамыту

Адам осы үшін әр түрлі құралдарды пайдалана отырып көптеген ғасырлар бойы ақпаратты өндеп келеді. Есептеу құрылғыларының тарихын бірнеше кезеңге жіктеуге болады.

Бірінші кезең — XIX ғасырдың екінші жартысына дейін үстемдік еткен ақпаратты жинау және өндеудің қол технологиясы. Ол кездерде негізгі құрал ретінде сия, қаламұш және есептеудің қарапайым құралдары пайдаланылды, ал байланыс құралдарын курьерлік және пошта байланысы ұсынды.

Қазіргі құралдардың «бабаларының» көпшілігінен қол жабдықтарын (абак, шоттар) және логарифмиялық сызғышты атап өтуге болады.

Есептеулерге арналған құрылғылар және уақытты өлшеуге арналған сағаттар тікелей байланысты болмады, алайда алғашқы «роботты техникалар» дәл механик-сағатшылар болды. XVIII ғ. механикалық «дискреттік» сандық (есептеуіш) құрылғылар: арифмометрлер, перфораторлар, табулятордың «модулдері» ойлап табылды.

Бұл қызықты

Тоқыма білдегін қазіргі компьютердің арғы аталарына толығымен жатқызуға болатынын атап өту қызықты. Тоқыма білдегі белгілі бір бағдарламаны орындай отырып, циклдік жұмысты жүзеге асырған күрделі механикалық құрылғыны құрады. Сонымен қатар бұл қайта бағдарламаланатын құрылғы, себебі оны басқа өрнекке, жіптің басқа типіне және т.б. жатқызуға болады. Ал өрнекті ауыстыру өзіндік перфокарталар көмегімен жүргізілді.

Екінші кезең — Бұл ақпаратты өндеудің механикалық технологиясы, ол жазатын машинкалар және арифмометр —

механикалық «сандық» есептеу құрылғысын ойлап табумен XIX ғ. басталды. Бұл құрылғылар ақпаратты өңдеу технологиясын айтарлықтай өзгертті.

Үшінші кезең — ақпаратты өңдеудің электрмеханикалық тәсілі. 1831 ж. Джозеф Генри (АҚШ) және Сальваторе Дель Негро (Италия) электрмагнитті релені жасады, ал 1887 жылы теміржол көлігінде жол жүру билетін тесу америкалық өнертапқыш және өнеркәсіппен айналысушы Герман Холлеритті перфокарталардың көмегімен сандарды енгізумен электр механикалық табуляторды ойлап табуға итермеледі.

Бұл қызықты

1897 ж. Бірінші Бүкіл Ресейлік халық санағы Холлерит табуляторларының көмегімен өткізілді. Ол сол кезде арнайы Санкт-Петербургке келді. Шамамен осы уақыттан бастап табуляторлар және басқа оған қосалқы құрылғылар бухгалтердік есепте кеңінен қолданыла бастады.

1930 ж. АҚШ және басқа елдерде орнатылған есептік-талдау жиынтықтарының жалпы саны 6-8 мың данаға жетті. 1931 ж. Америкалық IBM фирмасы көбейту операцияларын орындауға бейімделген табуляторларды, ал 1934 ж. — әліпбилік-сандық табуляторларды шығаруды бастады.

1930-ж. ортасында табуляторлар негізінде жергілікті есептеу желісінің бейнесі жасалды. Питсбургте (АҚШ) әмбебап дүкенде сатып алушылармен есеп айырысу үшін 20 табулятор және 15 жазу машинкаларымен телефон желілерімен жалғастырылған 250 терминалдан тұратын жүйе орнатылды.

1934 — 1936 жж. неміс инженері Конрад Цузе есте сақтау құрылғысында ақпаратты сақтау және бағдарламалық басқаруы бар әмбебап есептеу машиналарын жасау идеясына келді. Ол бірінші бағдарламалық басқарылатын есептеу машинасы — «Z-3» машинасын құрастырды. .

Төртінші кезең — ақпаратты өңдеудің электронды технологиялары 1940 -1960 жылдардағы жазатын машинкалар, диктофондар және көшіру машиналарының пайда болуымен басталды. Электрондық кезеңнің басталуы Т.Эдисонның бірінші электродты шам — диодты ойлап табу уақытымен мерзімделген. Одан кейін Ли де Форест үшінші электродты орналастырды және үш электродты шам — триод пайда болды. Триодтар негізінде электрондық тез әрекет ететін реле және триггерлер — ЭЕМ негізгі компоненттерін құру мүмкін болды.

XXғ. екінші жартысында үлкен өндіргіш ЭЕМ пайда болуы

ақпараттық технологиядағы екпінді нысанды өндеуге емес, ақпараттың құрамына аударуға мүмкіндік берді. Бұл «электрондық» немесе «компьютерлік» технологияларды қалыптастырудың бастамасы болды.

Шамдық ЭЕМ маңызды кемшілігі оның төмен үнемділігі болды, себебі электронды шамдар көп энергия тұтынды және көп жылу бөлді. ЭЕМүлкен көлемді алды және ең бастысы сенімсіз болды. Бірнеше мыңдаған шамдардан біреуінің ғана істен шығуы ЭЕМ жұмысын толығымен тоқтататын болды.

1947 ж. У. Шоркли, Дж. Бардин және У. Бреттейн түбегейлі жаңа электрондық құрылғы — транзисторды ойлап тапты. Бұл өнертабыс электронды шамдардың басым бөлігінің кемшіліктерін жойды және бірінші мини-ЭЕМ құрастыруға мүмкіндік берді. Жаңа типтік түйіндер және тәртіпке модульдер компьютерлердің өлшемдерін азайтты.

Бесінші кезең — микро электронды технологиялар негізінде ақпаратты өңдеу 1958 жылы интегралды микросызбаны жасаумен микроэлектронды технологиялар негізінде басталды және қазіргі күнге дейін жалғасып келеді. Микросызба барлық қажетті компоненттерді қамтыды: транзисторлар, резисторлар, конденсаторлар және бір кремнилі кристалда жалғастыратын олардың өткізгіштері. Әрі қарай дамыту таза технологиялық болды — модульдегі компоненттерді тұрақты миниатюризациялау, сенімділікті арттыру, аудандағы түйіндер мөлшерін немесе көлемін және т.б. арттыру. Қазіргі компьютерлер маңызы бойынша олардың ақпаратты өңдеу принциптері мүлде өзгермесе де, алғашқы есептеу машиналарынан қатты ерекшеленеді.

Компьютерді пайдаланумен ақпаратты өңдеудің қазіргі технологиясын әдетте — «компьютерлік технология» деп атайды.

Жалпы XX ғ. ғылым, техника және жаңа технологияларды дамытудың бұрын-соңды болмаған жылдамдығы тән болды. Осылайша, XV ғасырдың ортасындағы кітап басуды ойлап шығарудан XIX ғасырдың соңында радиоқабылдағышты жасағанға дейін шамамен 500 жыл уақыт өтті, радио және телевизияны ойлап шығарудың арасындағы айырмашылық - 50 жылдан аз, ал транзистор және интегралды сызба арасындағы уақыттағы айырмашылық 5 жылды құрады.

Біздің XXI ғ. информатика, компьютерлік технологиялар және электрондық телекоммуникациялар ғасыры болып есептелуге толық құқылы, сол себепті оны әдетте «сандық» ғасыр деп атайды.

1.1.2. Құжаттарды жасау технологияларын дамыту

Көптеген жүзжылдықтар бойы адам құжаттарды жасау үшін пергамент, қаламұш және сияны пайдаланды. Құжатты осындай қолмен жасау өте еңбекті көп қажетсінетін және қымбат болды, сол себепті, әдетте, онымен мемлекеттік қызметкерлер және монастырлардағы монахтар айналысты. Соңыра құжаттарды қағазда жасай бастады, бірақ тіпті механикалық басып шығару машинкасын ойлап тапқанға дейін құжаттарды дайындау технологиясы барынша еңбекті қажетсінетін болып қала берді.

Бұл қызықты

Ресейде қымбат тұратын пергаментті XV ғ. алғашқыда батыс-еуропалық елдерден әкелінген, ал XVII ғ. екінші жартысынан бастап отандықта қолданыла бастаған қағаз ығыстырды. Алғашында қағаз шүберектен дайындалды, ал сия темір тұздарынан және темір тұздарынан және емен жапырақтарындағы өсінділердегі – сия жаңғақтарынан алынатын заттардан жасалды. Темірлі сиялар және шүберекті қағаздар үйлесімі мәтінді ерекше берік етті және ол мүлде кетпеді. Осы кезеңдегі мұрағаттарда сақталатын құжаттар жеткілікті жақсы оқылады.

Техниканы дамытудың бағыты ретінде мәтіндерді өңдеу XX ғасырдың басында механикалық жазатын машинкалардың пайда болуымен туындады. Жарты ғасырдан артық жазатын машина қағаздағы баспа мәтінін алудың жалпыға қол жетімді жалғыз құралы болып қала берді.

Жазатын машинада құжатты жасауда барынша еңбекті қажетсінетін процесс мәтіндердегі өзгертулерді енгізу процесі болды. Құжаттың жаңа нұсқасы қайшы және желім көмегімен жасалып, одан кейін таза нұсқаны алу үшін қайтадан басып шығарылды. Шығару процесінде жаңылыс жазу жабылды немесе тазалаумен және қайта басумен түзетілді. Редактірлеудің осындай процесі барынша еңбекті қажетсінетін және шаршататын болады.

Адамдар жазатын машинаны жетілдіруге тырысты. Осылайша кодталған перфорациясы бар белгілермен механикалық оқылатын құрылғылар көмегімен жиі қайталанатын мәтіндерді шығару мүмкіндігімен машинкалар жасалды. Бірақ бұл құжатты дайындау процесінің мәнісін өзгертпеді. Бірақ бұл құжат мәтінін дайындау процесінің мәнісін өзгертпеді.

Мәтіндік құжаттарды дайындау процесі микропроцессорлардың

және олардың негізінде дербес компьютерлердің пайда болуымен түбегейлі жаңа негізге ие болды.

1980-ж. әр түрлі дербес компьютерлер үшін функциялары және интерфейсінің сан алуандығымен (пайдаланушылармен өзара әрекетті ұйымдастырумен) ерекшеленетін әр түрлі дербес компьютерлер үшін мәтіндік редакторлар және процессорлардың көпшілігі әзірленді. Соңғы жылдары осындай мүмкіндіктері бар мәтіндік процессорлардың таралғаны соншалықты, оларды үстел баспа жүйелері деп санауға болады. Қазіргі мәтіндік процессорлар сандық деректер және мәтінді енгізу және редактірлеуді ғана емес, сонымен қатар кестелері және суреттемелері бар күрделі құжатты беттеуге мүмкіндік береді.

1.2

ҰЙЫМДЫҚ-ӨКІМДІК ЖӘНЕ БУХГАЛТЕРЛІК ҚҰЖАТТАРДЫ РЕГЛАМЕНТТЕУ

Революцияға дейінгі Ресейде жоғары, орталық және жергілікті мекемелердің құжаттарының құрамына және рәсімдеуге үлкен мән берілді.

XVI — XVII ғғ. Ресейде іс қағаздарын жүргізуді «бұйрықтар» жүзеге асырды, сол себепті оны «бұйрықтық іс қағаздарын жүргізу» деп атады.

Бұл қызықты

Бұйрықтық іс қағаздарын жүргізу құжаттарының түрлік құрамы аса сан алуан болмады, сол кезде болған құжаттар бірнеше негізгі түрлерге топталады: мақтау қағаздары, үкімдер, аманаттар, баяндамалар, жадынамалар, жалтарма жауаптар, өтініш арыздар. Алайда әр түрдің ішінде көптеген түрлері болды. Орындардан әскер басына бұйрықтарға жауап хаттар түсті, ал бұйрықтардан орындарға боярларға, әскер басыларына және билік адамдарына мақтау қағаздары жіберілді. Патшаға және Думаға жауап хаттар немесе баяндаулар жіберілді, ал патша әскер басыларына және басқа жергілікті бастықтарға тапсырмалар берді. Бұйрықтар өзара жадынамалар өзара жыртылып, азаматтардың өтініштері орталық билікке өтініш арыз ретінде рәсімделді.

Жеке хат алмасуды көбіне мадақтамалар деп аталды. Бірақ бұл атаулар ереже бойынша, құжаттың үстіне қойылмады. Оларды тарихшылар мәтіндердің өздерінен немесе оларға басқа құжаттардағы сілтемелерден алған.

1.2.1. Ұйымдық-өкімдік құжаттарды регламенттеу

XVIII ғ. басында құжаттандыру мәселелері жалпы мемлекеттік заңнамамен реттелді. «1720 ж. бас регламент» және «1775 ж. губернияны басқаруға арналған мекеме» құжаттары құжаттармен жұмыс тәртібін, олардың нысанын және құрамын анықтайтын негізгі заңнамалық актілер болды.

Тарамдалған мемлекеттік аппаратты қалыптастырумен және XIX ғасырдың басында министрліктер және ведомстволар, сондай-ақ олардың жергілікті органдарының желісін құрумен (қалалық және жергілікті өзін өзі басқару органдары), іс қағаздарын жүргізу бүкіл мемлекет үшін заңнамалық реттелген жүйе болады.

«1811 ж. министрлікті жалпы құру» бекітілген бірыңғай нормалар, әр нақты ведомствоның жарғыларында және ережелерінде («жеке мекемелерде») нақтыланды. Заңнамалық актілерде, ереже бойынша хат алмасудың трафареттік мәтіндері және құжаттар нысандарының үлгілері қоса берілді, әдетте олар қандай да бір құжаттың құрылымының сипаттамасына ие болды. Онда құжат реквизиттерінің құрамына талаптар анықталды: мекенжайы, мәтін, қолы, мөр және т.б.

1917 ж. кейін революцияға дейінгі Ресейді құжаттандыру нормаларын қатаң регламенттеу құжаттармен жұмыстың құқықтық және нормативтік базасының мүлде толық болмауымен ауысты, ол құжаттардың сапасына және мемлекеттік аппараттың барлық жұмысында жақын арада байқалды. Дегенмен 1920 жылдан бастап мамандар және практиктер құжаттандыру және іс қағаздарын жүргізудің бірыңғай нормативтік қорын жасау үшін күш салса да, 1970 жылдардың басына дейін іс қағаздарын жүргізу саласындағы регламенттеуші актілер наркоматтар нұсқаулықтары болып қалды (жергілікті нормативтік актілер).

Мемлекеттік деңгейде бірыңғай нормативтік қорды құру 1960 жылдардың соңында «Іс қағаздарын бірыңғай мемлекеттік жүргізудің негізгі ережелерін» (ІҚБМЖ) құрудан басталды. 1970—1980- жылдары стандарттау, бірыңғайландыру және іс-қағаздарын жүргізуді нормативті регламенттеу бойынша қызмет жеткілікті бірқалыпты жүзеге асырылды. Дәл осы жылдары бірінен кейін бірі жартысы қазіргі уақытқа дейін әрекет ететін нормативтік, нормативтік-әдістемелік және

нормативтік-техникалық құжаттардың бір-бірінен кейінгі жеткілікті ауқымды кешені пайда болады.

1970 жылдардың ортасында арнайы әдебиетте «іс қағаздарын жүргізу» түсінігі ұйымдар мен кәсіпорындардың жұмыс процесінде құжаттаманы басқару және құжаттандыруды ұйымдастыру бойынша қызметті қамтитын «басқаруды құжаттамалық басқаруды қамтамасыз ету» түсінігімен алмастырыла бастады. Басқа елдерде осындай қызмет «құжаттаманы басқару» деген атауға ие және ұлттық, аймақтық және халықаралық деңгейлерде регламенттеледі.

1965 жылдан бастап құжаттармен жұмыстың әдістерін жетілдіру және акпаратпен алмасу тәсілдері, стандарттау саласындағы қызметті үйлестіру мақсатымен құрылған құжаттаманы басқару бойынша халықаралық федерация бар. Дүние жүзіндегі елдердің басым бөлігі ұлттық стандарттар әзірлеп, пайдаланады, олардың талаптарына сәйкес құжаттар мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелерде және ұйымдарда әзірленіп, пайдаланылады.

Ресейде өткізілетін саяси және экономикалық реформалар қазіргі уақытта құжаттардың құрамы мен мазмұнына, сондай-ақ оларды дайындау процесіне орасан зор әсер етеді. Есептеу техникасының кеңінен таралауы, оны құжаттарды құру, көшіру, сақтау және беру үшін қолдану сондай-ақ құжаттарды рәсімдеу және ережелерді қолданудың қалыптасқан ережелерін сөзсіз қайта қарауға әкеледі.

Қазір ұйымдық-өкімдік құжаттарды рәсімдеуді регламенттейтін негізгі нормативтік база құжаттаманың бірыңғайландырылған жүйелеріне мемлекеттік стандарттарды құрайды. Олардың ішінде ерекше орынды 2003ж. 1 шілдесінде қолданысқа енгізу күнімен МЕМСТ Р 6.30-2003 «Құжаттаманың бірыңғайландырылған жүйелері. Ұйымдық-өкімдік құжаттаманың бірыңғайландырылған жүйесі. Құжаттарды рәсімдеуге қойылатын талаптар» алады.

Стандарт құжаттардың реквизиттерінің құрамын, құжаттарды рәсімдеуге қойылатын талаптар, құжаттардың бланкілеріне, оның ішінде Ресей Федерациясының мемлекеттік елтаңбасын көшірумен құжаттар бланкілеріне қойылатын талаптар, сондай-ақ құжаттардың реквизиттерінің орналасу сызбаларын анықтайды.

Барлық меншік нысанындағы ұйымдар және мекемелердің құжаттарына мемлекеттік стандарттардың қолданысының таралуы бүкіл ел үшін бірыңғай құжаттандыру негіздерін жасауға жағдай жасайды.

Ұйымдық-өкімдік құжаттама жүйесі құжаттаманың үш кіші жүйелерін қамтиды:

- ұйымдық, оған төмендегі құжаттар кіреді: қағида, жарғы, регламент, нұсқаулық, шарт, ережелер, штаттық кесте,

- кұрылымы және штаттық саны;
- өкімдікті кұрайтын кұжаттар: қаулы, өкім, шешім, тапсырма, бұйрық, нұсқау;
- ақпараттық-анықтамалық, оған: хат, телеграмма, телефонограмма, акт, анықтама, баяндама және түсіндірме жазба, өтініш сияқты кұжаттар кіреді.

Ұйым қызметінде кеңінен қолданылатын кұжаттың ерекше түрі хаттама болып табылады, оны ақпараттық және өкімдік кұжаттарға жатқызуға болады.

Өрекет етуші жалпы мемлекеттік нормативтік әдістемелік кұжаттар негізінде ұйымдар, мекемелер және кәсіпорындар кұжаттандырудың қабылданған тәсілдері және жұмыстың нақты шарттарына байланысты кұжаттарды рәсімдеу және кұрастыру ережелерін реттемелейтін өзінің өзіндік нормативтерін әзірлеуге кұқылы.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес мекемелер және ұйымдар келесі өкімдік кұжаттарды шығарады: бұйрықтар, нұсқаулықтар, нұсқаулар, тапсырмалар, өкімдер.

Шешімдер, қаулылар және бұйрықтарды ұйымның кұзыретінің негізгі мәселелері бойынша нормативтік немесе жеке актіні қабылдау қажет болған барлық жағдайларда шығарады. Өкімдер және нұсқаулар қаулылар, шешімдер, бұйрықтарды орындауды ұйымдастыру үшін және жедел мәселелер бойынша шығарылады. Отырыстарда, алқалық органдарда, жиналыстарда қабылданатын сұрақтар және шешімдерді қабылдау барысы хаттамаларда бекітіледі.

Өз кұзыреті шегінде ұйымдар жоғары сатылы, ведомстволық және басқа ұйымдармен және жекелеген азаматтармен жедел байланыстарды жүзеге асыру үшін хаттарды жіберуі мүмкін.

Ақпаратты жедел беру қажеттілігінде телеграммалар, телекстер, телефакстер жасалады.

Жалпы мемлекеттік, нормативтік және нормативтік-әдістемелік кұжаттарға негізделе отырып, мекемелерде, ұйымдарда және кәсіпорындарда кұжаттарды жасау және рәсімдеу ережелерін мекеме ішілік регламенттеу кәсіпорындарында жүзеге асырылады. Бұндағы негізгі кұжатты басқару органдары және басшылық, сондай-ақ олар шығаратын кұжаттар анықталған Ұйым туралы ереже немесе жарғыны есептеген жөн. Кұжаттарға бірыңғай талаптарды анықтау үшін бәрінен бұрын арнайы ережелер (жадынамалар, регламенттер) әзірленеді.

1.2.2. Бухгалтерлік кұжаттарды регламенттеу

Ресей Федерациясындағы бухгалтерлік есепкұжаттардың төрт

деңгейлі жүйесімен регламенттеледі (1.1-сурет).

Құжаттар жүйесінің бірінші деңгейі — заңнамалық актілер. Онда шаруашылық субъектілерін есепке алуды жүргізу принциптері және міндетті ережелер көрсетіледі. Бірінші деңгейлі құжаттар жүйесінің негізгі жүйесін Бухгалтерлік есеп туралы заң, үкіметтің жарлықтары және қаулылары құрайды.

Құжаттар жүйесінің екінші деңгейі жұмыстың жекелеген учаскелері және қызмет түрлері бойынша бухгалтерлік есепті жүргізу бойынша ұсыныстарды қамтиды. Оларға бухгалтерлік есеп қағидалары жатады (БЕК). Қазіргі уақытта он тоғыз БЕК бекітіліп, әрекет етуде.


Құжаттар жүйесінің үшінші деңгейі нұсқаулықтар және нұсқаулар сияқты ұсыну сипатындағы құжаттар жүйесін қамтиды. Осы құжаттар бірінші екі деңгей базасында әзірленеді және оларға қайшы келе алмайды. Осы деңгейдің құжаттарының мысалы ретінде Ұйымның қаржы-шаруашылық қызметін бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспары және РФ Қаржы министрлігінің 2000 жылғы 31 қаңтардағы №94н бұйрығымен бекітілген оны қолдану бойынша нұсқаулық, Мүлік инвентаризациясы және қаржы міндеттемелері бойынша әдістемелік нұсқаулар қызмет етеді.

Құжаттар жүйесінің төртінші деңгейі — ұйымның есептік саясатын ашатын құжаттар жиынтығы. Оларды бірінші үш деңгейлі құжаттар негізінде ұйымдар әзірлейді.

Бухгалтерлік есепте ұйымның шаруашылық процестері, жағдайы және активтерінің қозғалысы және олардың пайда болу көздері туралы ақпарат ерекше жолдары және тәсілдерінің көмегімен көрсетіледі.

Ұйымдарда бухгалтерлік есепті жүргізу жалпы қабылданған жүйенің негізінде жүзеге асырылады, оларды элементтері: құжаттама және инвентаризация, бағалау және калькуляция, шоттар жүйесі және қос жазба, теңгерім және есептілік болып табылады.

Шаруашылық қызмет айғақтары бухгалтерлік есеп шоттарында операцияны жасау кезінде жасалатын бастапқы құжаттарда қамтылатын ақпарат негізінде көрсетіледі.



1.1-сурет. Ресей Федерациясындағы бухгалтерлік есепті регламенттейтін құжаттардың төрт деңгейлі жүйесі

Бастапқы құжаттар деп шаруашылық операциясы жасалғанын немесе оны өткізуге рұқсаттың алынғанын жазбаша растауды түсінеді.

Әр операция құжаттармен рәсімделеді. Құжат тек операцияларды белгілеу үшін негіз ғана емес, сонымен қатар бастапқы бақылау және тіркеу жолы ретінде де қызмет етеді. Құжаттама бақылау мақсаттарына қызмет етеді, құжаттамалық тексеру өткізу мүмкіндігін береді, мүліктің сақталуын қамтамасыз етеді.

Жасалған немесе өткізуге рұқсат етілген операциялар туралы ақпарат әр түрлі тасығыштарда жазылуы мүмкін: дискеталарда, CD-жәнеDVD-дисктерде, флэш-жады және т.б. Алайда бұл жағдайда ұйым қағаз тасымалдағыштарда құжаттардың көшірмелерін дайындауға және олардың талап етуі бойынша шаруашылық операцияларының қатысушыларына және бақылаушы органдарға ұсынуға міндетті.

Бастапқы құжаттар егер Бастапқы есептік құжаттамалардың сәйкестендірілген нысандары альбомында бар нысандар бойынша жасалса, есепке қабылданады.

Еңбек және оны төлеудің бастапқы есептік құжаттамасының нысандары бекітілген:

- «Еңбек және оны төлеудің бастапқы есептік құжаттамалардың сәйкестендірілген нысандарын бекіту туралы» РФ Мемстаткомитетінің 2004 жылғы 5 қаңтардағы № 1 қаулысымен кадрларды есепке алу; «Күрделі құрылыс және жөндеу-құрылыс жұмыстарындағы бастапқы есептік құжаттамалардың сәйкестендірілген нысандарын бекіту туралы» РФ Мемстаткомитетінің 1999ж. 11 қарашадағы № 100 қаулысымен және «Еңбек және оны төлеу, негізгі құралдар және материалдық емес активтер, материалдар, құндылығы аз және тез тозатын заттар, күрделі жөндеудегі жұмыстар» РФ Мемстаткомитетінің 1997 жылғы 30 қазандағы №71а Қаулысымен күрделі жөндеудегі жұмыстар және жөндеу-құрылыс жұмыстарындағы есепке алу;

- «Сақтау орындарында тауарлық-материалдық құндылықтарды есепке алу бойынша бастапқы есептік құжаттамалардың сәйкестендірілген нысандарды бекіту туралы» Ресей статистикасының 1999 жылғы 09 тамыздағы № 66 қаулысымен сақтау орындарындағы тауарлық-материалдық құндылықтар, өнімді есепке алу;
- «Сауда операцияларын есепке алу бойынша бастапқы есептік құжаттамалардың сәйкестендірілген нысандарын бекіту туралы» РФ Мемлекеттік статистика комитетінің 1998 жылғы 25 желтоқсандағы № 132 қаулысымен бақылау-кассалық машиналарын қолданумен сауда операцияларын жүзеге асыруда халықпен ақшалай есеп айырысуды есепке алу;
- «Инвентаризация нәтижелерін есепке алу бойынша бастапқы есептік құжаттамалардың сәйкестендірілген нысандарын бекіту туралы» РФ Мемлекеттік статистика комитетінің 1998ж. 18 тамыздағы № 88 қаулысымен инвентаризациялау нәтижелері, кассалық операцияларды есепке алу;
- «Негізгі құралдарды есепке алу бойынша бастапқы есептік құжаттамалардың сәйкестендірілген нысандарды бекіту туралы» 2003ж. 21 қаңтардағы №7 қаулысымен РФ Мемлекеттік статистика комитетінің қаулысымен негізгі құралдар және материалдық емес активтерді есепке алу;
- «Күрделі құрылыстағы жұмыстар, тез тозатын және құндылығы аз заттар, материалдар материалдық емес активтер және негізгі құралдарды, еңбек және оның төлемін есепке алу бойынша бастапқы есептік құжаттамалардың сәйкестендірілген нысандары туралы» РФ Мемлекеттік статистика комитетінің 1997 жылғы 30 қазандағы № 71а қаулысымен бекітілген тез тозатын және құндылығы аз материалдарды есепке алу.

Бюджеттік мекемелер және ұйымдарды есепке алу және есептілік нысандары РФ Қаржы министрлігінің 2005 жылғы 21 қаңтардағы № 5н «Жылдық, тоқсандық және айлық бюджеттік есептілік тәртібі туралы нұсқаулықтарды бекіту туралы»; 2005 жылғы 23 қаңтардағы № 123н «Бюджеттік есеп тіркелімдері нысандарын бекіту туралы»; 2006 ж. 10 ақпандағы №25н «Бюджеттік есепке алу бойынша нұсқаулықтарды бекіту туралы» бұйрықтарымен бекітілген.

Ұйымның бухгалтерлік есеп нысандары РФ Қаржы министрлігінің «Ұйымның бухгалтерлік есептілік нысандары туралы» 2003 ж. 22 шілдедегі № 67н бұйрығымен бекітілген.

Салықтық есеп және есептілік нысандары РФ Қаржы министрлігінің бұйрықтарымен, РФ Үкіметінің қаулыларымен, РФ

САМ бұйрықтарымен, РФ ЗҚ, РФ ӘСҚ Басқармаларының қаулыларымен, РФ Денсаулық әлеуметтік дамыту министрлігінің және басқа да мемлекеттік басқару органдарының бұйрықтарымен бекітілген.

Бақылау сұрақтары

1. Автоматтандыру жүйелерінің даму деңгейлерін атаңыз.
2. Компьютерлер жасалғанға дейін құжаттардың қандай технологиялары қолданылды?
3. Ұйымдық өкімдік құжаттар қалай регламенттеледі?
4. Ресей Федерациясындағы бухгалтерлік есепті регламенттейтін құжаттар жүйесінің төрт деңгейін атап шығыңыз.
5. Бухгалтерлік есепте қандай құжаттар бастапқы құжаттар болып табылады?

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ АППАРАТТЫҚ ЖӘНЕ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚАМСЫЗДАНДЫРУ

Қазіргі іс жүргізудің техникалық базасы компьютерлер және оргтехника болып табылады. Дербес компьютерлер файл түріндегі құжаттарды сақтау және редактірлеу, құру процесін айтарлықтай оңайлатуға мүмкіндік береді, ал принтерлер құжаттың қағаз көшірмесін басып шығарады. Сондай-ақ бухгалтер өзінің жұмысында құжаттарды көшірумен және сканерлеумен, сондай-ақ факс бойынша құжаттарды жіберумен және алумен кездеседі. Бухгалтер жұмысында маңызды жасырындық және құпиялылық режимі де құжаттарды жою бойынша аппаратураны қамтамасыз етеді (шредерлер).

Компьютерді бағдарламалық қамсыздандыру (БҚ) оның ажырамас бөлігі болып табылады, себебі компьютер бағдарламамен және бағдарламалармен жұмыс істейді.

2.1. КОМПЬЮТЕРДІ АППАРАТТЫҚ ҚАМСЫЗДАНДЫРУ

Компьютер типі әдетте пайдаланушыға шешу керек мақсаттарға байланысты таңдалады. Осылайша, бухгалтерияның кеңседегі жұмысы үшін бәрінен де үстел компьютері келеді, ал ұйымның басшысы және бас есепші үшін барынша ыңғайлысы ноутбук болуы мүмкін. Ірі қоймаларды инвентаризациялау үшін біз үшін аса үйреншікті емес киілетін (тасымалданатын) компьютер дәл келеді.

Компьютерлердің жіктелуін толығырақ қарастырайық.

Компьютерлердің жіктелуі. Барлық компьютерлерді бірнеше санаттарға ажыратуға болады:

- мобилдік компьютерлер — қалталық дербес компьютерлер (ҚДК), планшеттік компьютерлер (TabletPC), портативтік компьютерлер (Notebook), сондай-ақ телефон-компьютерлер;

- базалық үстел ДК — әмбебап компьютерлер;
- мамандандырылған ДК — желілік компьютерлер, жұмыс станциялары және жоғары деңгейлі серверлер;
- суперкомпьютерлік жүйелер.

Компьютерлердің әр санатына өзінің бағдарламалық аппаратын инфрақұрылымы сәйкес келеді.

Әмбебап үстел ДК. Әдеттегі үстел компьютері немесе америкалық-компьютерлік сленгте айтатындай — десктоп (desktop), жүйелік блоктан, монитордан, пернетақтадан және тышқаннан (2.1-сурет) тұрады.

Компьютердің ең маңызды бөлігі — жүйелік блок. Ол процессор және оперативтік жадыны (memory) — ДК жүрегі мен миын, қатты диск немесе винчестер (HDD—harddiskdrive), диск салғышты (FDD—floppydiskdrive), CD-ROM және бірнеше порттарды (COM, LPT, USB—port) — жүйелерді қамтиды. Осы жүйелер қосымша құрылғыларды компьютерге жалғау үшін ажыратқыштармен: басып шығару үшін — принтер, басқа компьютерлермен байланыс үшін — модем, суреттерді компьютерге енгізу үшін — сканер және кейбір басқа құрылғылармен жабдықталған.

Жалпы біз дүниежүзілік ауқымда адамдардың басым бөлігінің практикалық қызметінде пайдаланылатын IBM-үйлесімді компьютерлер туралы айтатындығымызды ескертеміз. Оларды АҚШ-та ғана емес, Еуропада, Азияда IBM фирмасының стандартын қабылдаған ДК-өндіруші-фирмалар да шығарады.



2.1-сурет. Үстелдің үстіне орнатылатын дербес компьютер.

Бұл қызықты

2011 жылдың қазан айында IBM фирмасы өзінің 100-жылдығын атап өтті. Осы фирмада оның тоғыз зерттеу орталықтарында жасалған есептеу техникасының символдары, өнертабыстар көп. Флоппи — (1971 г.) және қатты (1973 ж.) дисктер, жоғары деңгейлі бірнеше тілдеру, оның ішінде «өшпейтін» Фортран және көптеген басқаларын атап өту жеткілікті.

Алайда басқа да стандарт — «Эппл» (Apple, алма) бар, оның базасында «Макинтош» (Macintosh) сериялы компьютерлер шығарылады. Осы топтағы компьютерлер үшін өзіндік «алма» бағдарламалық қамсыздандыруы, атап айтқандай өзіндік Mac OS X операциялық жүйесі бар.

IBM және Apple арасындағы түбегейлі айырмашылық неде? Олардың біріншісі ашық сәулет тактикасын таңдады (патенттер сатумен). Кез келген фирма патентті сатып ала отырып, IBM технологиясы бойынша компьютерлер өндірісін жақсарты алады. Дәл осы IBM компьютерлерінің кеңінен таралуын қамтамасыз етті.

Apple фирмасы өз патенттерін сатпайды, сол себепті осы фирманың компьютерлері қымбат және аз таралған, дегенмен осы фирманың компьютерлері қымбат және аз таралған, дегенмен Macintosh сериялы белгілі компьютерлер IBM өз аналогтарына қарағанда барынша қолайлы, қуатты және сенімдірек.

Бұл қызықты

Apple фирмасы 1984 ж. дүние жүзіндегі алғашқы Macintosh компьютерін сол кез үшін әдеттен тыс графикалық интерфейспен және тышқанмен жасады, оны бүкіл компьютерлік әлем келемеждеді.

Олар қатты қателескен еді! Ол кезде ешкім болашақ ДК Мас-қа ұқсайтынын ешкім білмеген.

Аталмыш оқу құралы IBM-сәйкес компьютерлерге арналған, яғни «компьютер» сөзі кездесетін барлық жерде біз Windows операциялық жүйесімен жұмыс істейтін IBM-сәйкес ДК тұспалдайтын боламыз.

Практикалық қызметте компьютермен жұмыстың маңызды сәті ақпаратты сақтау болып табылады.



Ол үшін дәстүрлі дискеттер және CD-дисктерден басқа жазылатын CD-R және CD-RW дискілерін қолданады. Осындай құрылғылар дискеттерге карағанда барынша көп ақпаратты сақтайды. Бір рет жазылған CD-R қайтадан жазуға болмайды. Бұл шектеуді дискілер және CD-RW (қайта жазылатын дискілер) стандарт жинақтауыштар тартылған.

Егер сақталатын ақпарат гигабайттарда есептелсе (үш өлшемді графика, видео), онда 700 Мбайт CD-дискжеткіліксіз болады. Жақында толық метражды фильм жазуға мүмкіндік беретін DVD стандарты пайда болды. Осындай құрылғылар 3-18 Гбайтты сыйдырады (екі жақты жазумен). Жазатын DVD- (DVD-R) және қайта жазатын — DVD-RW диск жетектері бар.

Бұл қызықты

DVD аббревиатурасы қалай түсіндірілетінін білесіз бе? Әрине білесіз – сандық видеодиск. Дәл осындай анықтама пайдаланушылардың басым бөлігінің санасында бекіп қалды. Бірақ бастапқыда осы үш әріп Digital Versatile Disc білдірді, яғни сандық әмбебап диск. Уақыт өте келе Versatile сөзі барынша жақсы естілетін Video сөзіне алмастырылды, себебі осы формат бәрінен бұрын видеофильмдерді тарату жолы болды және әлі де солай болып келеді.

Жақында шағын ақпаратты жаңа тасығыштар — USB-портпен флэш-жинаушылар пайда болды (USB-брелоктар және флэш-жады карталары) (2.2-сурет). Флэш-жады микросызбалары өте қолайлы, сол себепті олар сенімді, аз орын алады және ылғал мен шаңнан қорықпайды.

Компьютердің базалық құрамы және шеткері жабдық.

Құрылымдық дербес компьютер жүйелік блок түрінде орындалған, оған жалғағыштар (порттар) арқылы енгізу-шығару құрылғылары және басқа жабдық қосылады. Ең аз нұсқада ДК құрамына жүйелік блок, пернетақта және монитор кіреді, бірақ барынша кең таралған нұсқа

төмендегілер болып табылады:

- жүйелік блок;
- пернетақта;
- монитор;
- манипулятор «тышқан»;
- басып шығару құрылғысы (принтер).

Дербес компьютердегі жұмыс — бұл пайдаланушы және компьютер арасындағы ақпаратпен алмасу. Пайдаланушы ДК ақпаратты пернетақта және тышқан көмегімен береді. Монитор және пернетақтаның тышқанмен үйлесімі пайдаланушының қарапайым интерфейсін қамтамасыз етеді.

Пернетақтадағы пернелерді басқанда монитор экранында оған сәйкес символ пайда болады. Бұл өз әрекеттерін бақылау және қателерді жедел түзетуге мүмкіндігін береді. Экрандағы символ курсор болатын жерде болады.

Пернетақта. Пернетақта дербес компьютердің ақпаратты стандартты енгізу құралдарына жатады. Пернетақтадағы барлық пернелер төмендегі топтарға бөлінеді: әліпбилік сандық, функционалды, курсорды басқару, қосымша панелдер пернелері және қызметтік арнайы пернелер.

Әліпбилік-сандық пернелер тобы әріптер бойынша терілетін белгілік ақпаратты және командаларды енгізуге арналған.

Функционалды пернелер тобы пернетақтаның жоғары бөлігінде орналасқан 12 пернені қамтиды [F1-F12]. Осы түймелерді пайдалану тәртібі қазіргі уақытта пайдаланушы жұмыс істейтін бағдарламамен және операциялық жүйемен анықталады.

Қосымша панелдің түймелер тобы негізгі панелдің сандық және кейбір белгілік түймелерінің әрекетін қосарлайды.

Барынша жиі қолданылатын арнайы түймелер пернелер болып табылады [Alt], [Ctrl], [Shift].

Компьютерден ақпаратты шығарудың базалық құрылғысы монитор болып табылады.

Мониторлар. Компьютерден барлық визуалды ақпаратты біз монитор арқылы қабылдаймыз. Жақсы монитор — бұл оның алдындағы адамның денсаулығы. Сол себепті компьютерді таңдауда мониторға үнемдеу алдағыны ойлау маушылық болар еді.

Мониторлар (дисплейлер) туралы айтып оларды екі түбегейлі ерекшеленетін сыныпқа жіктеуге болады: дәстүрлі CRT-үлгілер (Cathode Ray Tube немесе электронды-сәулелік түтікшелер — ЭСТ) (2.3-сур.) және тегіс LCD-үлгілер (Liquid Crystal Display немесе сұйық кристалды индикаторлар — СКИ) (2.4-сур.).

Тышқан. Компьютермен пайдаланушының жұмысының

қолайлылығы тышқанмен — манипуляторлық типті басқару құрылғысымен қамтамасыз етіледі, ол алақанға жеңіл сыятын екі-үш батырмалы тегіс қорапты құрайды.

Монитор экранында тышқан көрсеткіші бар (әдетте ол сызық формасына ие, бірақ жағдайға байланысты басқа форманы қабылдай алмайды).

Монитор экраны бойынша көрсеткішті ауыстыру үшін тышқанды тегіс жазық бойынша жылжытады. Сол немесе өзге әрекетті, мысалы тышқан көрсеткіші орнатылған мәзір тармағын орындау қажет болғанда тышқанның сол немесе оң батырмасын басу жеткілікті.

Принтерлер. Құжатты басып шығару үшін принтер қажет. Принтер — ең кең таралған, құжаттың қатты көшірмесін алуға мүмкіндік беретін мәтіндік және өзге құжаттарды дайындау құралы. Барлық принтерлер бір міндетті орындайды — компьютерде жасалған сіздің құжатыңыздың қатты көшірмесін шығаруды қамтамасыз етеді.

Принтерлер үш типті болады: матрицалық, бүріккіш, лазерлік.



2.3-сурет. Электронды-сәулелік түтікше базасындағы монитор



2.4-сурет. Тегіс панелді сұйық кристалды монитор

Матрицалық принтерлер. Матрицалық принтердің жұмыс принципі әдеттегі жазу машинкасына ұқсас: басып шығаратын бастиек және қағаз арасында бояу сіңірілген таспа болады, ал бастиектің өзі әдетте 9 немесе 24 инелерді (цилиндріктерді) құрайтын жинақтан тұрады, олардың әрқайсысы бояуы бар таспа арқылы зағазда белгілі бір орында шығарады. Олардың үйлесімі суреттер, сызбалар және кестелер жиектемелерін түзеді.

Бұл қызықты

Принтерлерде соккылық әрекет принципімен бір бірегей артықшылық бар — құжатқа көрінбейтін етіп түзетулер енгізу мүмкін емес, себебі басып шығаратын бастиектің әр инесі бояудың өзіндік мөлшерін қағазға «енгізеді», оны жеңіл басып және бояуды қағаз талшықтарының арасында терең өтуге мәжбүрлейді. Онда бүріккіш принтерде жасалған құжаттардың басым бөлігінде мәтіннің бөлігін мұқият шаюға болады, ал лазерлік принтерде алынған әріптерді жеңіл және ізсіз қырнаумен жойылады.

Бүріккіш принтерлер. Бүріккіш принтер кішігірім өлшемдерге ие, тез және шусыз жұмыс істейді, басып шығару сапасы бойынша лазердік принтерден кем түспейді (2.5-сурет). Басып шығару жылдамдығы жоғары және әдетте минутына 6-12 бетті құрайды.



2.5-сурет. Бүріккіш принтер

Құжаттың жақсы сапасын алу үшін қағаздың салыстырмалы қымбат тұратын сұрыптарын пайдалану қажет.

Бүріккіш принтердің жұмыс принципі атауынан түсінікті: басып шығаратын бастиек қағаздан өтеді және сия дәл есептелген мөлшерлермен қатаң белгілі нысанды және өлшемді жұқа саңылаулардан шығарылады.

Бұл қызықты

Алғашқы бүріккіш принтер 1984ж. шығарылған және барлығы 96 дюймға нүктелерден рұқсаты бар.

Бүріккіш принтер жұмыста айтарлықтай үзілістерді көтермейді: ұзақ үзілістерден кейін (екі аптадан бірнеше айға дейін үлгіге байланысты) басып шығаратын бастиектің шүмегі кепкен бояумен бітеледі және оларды сиялардың артық шығынына әкелмес үшін тазалауға тура келеді.

«Тұрып қалған» бүріккіш принтерде айына екі рет бір-екі бет шығарып отыру ұсынылады, басқаша жағдайда басып шығаратын бастиекті келесі тазалауға сия он есеге артық кететін болады.

«Бүріккіштердің» басым бөлігінің сиялары суға төзімсіз және кез келген кездейсоқ бір тамшы немесе дымқыл қол шығарылған парақты бүліндіруі мүмкін.

Л а з е р л і к п р и н т е р л е р . Лазерлік принтерлер басып шығарудың ең жоғары жылдамдығына және өте жақсы сапаға ие (2.6-сурет). Принтерлердің барлық түрлерінен лазерлік принтерлердің де бағасы ең жоғары.



2.6-сурет. Лазерлік принтер

Басып шығарудың орташа жылдамдығы 16-24 парақ минутына және бұл лазерлік принтерлер үшін шек емес. Мысалы, Compaex фирмасының P1000-60 фирмасының желілік принтерінің тез әрекеті минутына А4 форматты 60 парақты құрайды.

Лазерлік принтерлердің нарықтағы және ресейлік нарықтағы сөзсіз көшбасшысы атап айтқанда Hewlett- Packard компаниясы болып табылады, алайда басқа өндіруші-фирмалардың да болуын елемей болмайды.

Бұл қызықты

Hewlett-Packard компаниясын 1939ж. Билл Хьюллет (Bill Hewlett) және Дэйв Паккард (Dave Packard) құрды. Бастапқыда гаражды паналаған кішкентай фирмдан ол тез арада трансұлттық корпорацияға айналды.

Бірінші лазерлік принтер HP 2680 өлшемі тоңазытқышпен бірдей болды және шамамен 100 мың. доллар тұрды.

Электр желісіндегі кернеудің айырмасынан жайсыздықтардың туындау ықтималдығын азайту үшін компьютер және шеткері құрылғыларға электр желісінен электр қуатын желілік фильтр немесе үздіксіз қуат көзі (ҮҚК) арқылы берген дұрыс.

Қазіргі бухгалтерияда әдетте құжатты көшіру немесе сканерлеу операцияларын орындау, сондай-ақ құжатты қазіргі байланыс құралдарымен, мысалы факспен жіберуге тура келеді. Құжаттарды жою үшін қаржылық ақпараттың құпиялылығын сақтауды қамтамасыз ететін аппаратураны пайдалану қажет.

Барлық осы операцияларды жасауға қандай құрылығылар мүмкіндік беретінін қарастырайық.

2.2. ҚҰЖАТТАРДЫ КӨШІРУ, СКАНЕРЛЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ ҚҰРАЛДАРЫ

Құжаттады көшіру құралдары — бұл құжаттарды факсимильді көшіруге арналған құрылғылар жиынтығы.

Көшірудің әр түрлі принциптерін пайдаланатын құжаттарды көшіру үшін жеткілікті үлкен топ бар: электрография, термография, жарықтық көшіру, фотокөшіру, ризография, микрография.

Бухгалтериядағы жұмыс тәжірибесінде, ереже бойынша, тек ксерокс пайдаланылады, сол себепті ол туралы толығырақ сөйлесейік.

Ксерокс. Ксерографиялық көшіру электрография процесінің бір

түрі болып табаылады.

Бұл қызықты

Электрографиялық көшіру принципін 1938 жылы америка өнертапқышы Честер Карлсон ойлап тауып, патенттеген. 1948 ж. патентті сатып алған Haloid фирмасы, оның көзқарасы тұрғысынан жақсы процеске арналған атауды ұсынды, себебі «электрография» атауы есте тез сақталмайтын болды. Огайоның әлдебір профессоры гректің Xeros сөзінен пайда болған «ксерография» сөзін ұсынды, ол «кұрғақ» және graphos — «жазу» дегенді білдіреді.

Біздің елдегі көшіру процесінің атауы ұйымдық техниканың ресейлік нарығын игеру пионері XEROX компаниясының арқасында белгілі болды. Бұнда атау барынша танымал болғаны соншалық, көшіру тәсіліне және өндіруші-фирмаға қарамастан кез келген көшіру рәсімі «ксерокс» деп аталады.

Электрографиялық көшіру принципі сурет арнайы ұнтақ (тонер) себілген статикалық электрлігімен зарядталған арнайы барабанға проекцияланатындығына негізделген.

Барабанның қатты жарық учаскелері өзінің зарядын жояды және тонер олардан шашылады, ал әлсіз жарық учаскелерге, яғни суретке тонер тартылады. Одан кейін барабанды қағаз бойынша өткізеді және оны алынған сретті бекіту үшін қыздырады.

Құжаттарды сканерлеу құралдары. Мәтіндік компьютерге оны мәтіндік редакторде терумен енгізуге болады, бірақ оған жеткілікті көп уақыт кетеді. Құжат мәтінін компьютерге енгізу процесін жылдамдатуға сканер мүмкіндік береді. Барлық компьютердік шеткері құрылғылардан сканерлер ең пайдалалылар қатарына тиісті екені сөзсіз. Жылдамдығы және пайдалан қолайлығы жағынан сканерлер сандық камералардан артта қалса да, олар барынша әмбебап, айтарлықтай арзан және құжаттың барынша жоғары сапасын қамтамасыз етеді. Принтермен жұпта сканер көшіргіш функцияларын орындайды, ал модеммен бірге факс-аппаратты ауыстыруға қабілетті.

Сканерлер әрқайсысы өзінің қолданылу саласына сәйкес келетін бірнеше типті болады: қол, парақтық, планшеттік, барабандық және слайд-сканерлер.

Қол сканерлері қолдануда ыңғайсыз, себебі олар қозғалыс механизміне ие емес және олармен жұмыста «қатты қол» талап етіледі. Қазір олар мүлде пайдаланылмайды.

Парақтық (портативті-парақтық) аппараттар жекелеген беттерді сканерлейді. Олар габариттік өлшемдері бойынша аз және цилиндрлік форма корпусына ие. Сканерлеуге арналған қағаз парағы немесе фотосуретті сканердің артқы жағына қояды, ал олар фронтальды беттегі шығыс саңылауы арқылы шығарылады. Парақтық сканерлер баяу жұмыс істейді және әдетте қағаздың қалың парағынан

қалың түпнұсқаларды сканерлей алмайды. Осындай сканерлердің негізгі артықшылығы — ықшамдылық, себебі сіз осындай құрылғыны орналастыратын жерді үнемі табасыз.

Барынша көп таралғаны жоғары рұқсатты қамтамасыз ететін планшеттік сканерлер. Олар көшіру құрылғыларын еске салады — сканерленетін материал қақпақпен жабылған көлденең шыны бетке қойылады.

Барабанды сканерлер — ең дәл және өте қымбат, себебі оларды қолдану салалары өте тар, мысалы баспа ісінде.

Слайд-сканерлерпенкадан слайдтарды сканерлеуге мүмкіндік береді.

Сканерлердің әр типінің өзінің артықшылықтары және кемшіліктері бар. Мысалы, планшеттік үлгілер суреттің жоғары сапасын қамтамасыз етпейді және құжат-түпнұсқаның қалыңдығына ерекше талаптар қоймайды. Алайда бұндай сканерлер жеткілікті көп орын алады.

Сканерді таңдауда оның сипаттамаларын бағалау керек, олардың маңыздысы рұқсаты болып табылады. Ең арзан сканерлерде оптикалық рұқсат әдетте 300 немесе жақсы жағдайда 600 нүкте дюймге құрайды. Сканердің оптикалық рұқсаты жоғары болған сайын, оның мүмкіндіктері де көп. Қаруланбаған көзбен 1 000 рублдік купюрада әрең ажыратылатын бірліктер мен нөлдерді дюймға 600 нүкте рұқсаты бар сканердің көмегімен ғана көруге болады. Әдеттегі тапсырмалардың басым бөлігін дюймға 200 немесе тіпті 100 рұқсатымен түпнұсқаны жеткілікті толық сканерлеуге болады.

Рұқсат мәндерін ұлғайту сканерленген суретті сақтауда дискте алатын орынды ұлғайтуға әкеледі.

Бұл қызықты

Сканерлеуде рұқсатты таңдай отырып, орнатылған рұқсаттар туралы есте сақтаңыз:

дюймға 100 нүкте графикалық суретті Web үшін дайындауға мүмкіндік береді;

дюймге 200 нүкте құжатың көшірмесін шығару үшін;

фотографиялар үшін дюймге 300 нүкте пайдаланылады;

дюймге 600 нүкте жоғары сапалы суретті береді.

Сканермен жұмыстың қолайлылығы көбіне оған қоса берілетін бағдарламалар жинағымен анықталады. Әдетте оған құрылғының TWIN-драйвері, сканерленген суреттерді редактірлеуге арналған пакет және мәтінді редактірлеу үшін жарамды форматқа мәтіндік құжаттары бар графикалық файлдарды түрлендіретін OCR (optical character recognition) символдарын оптикалық тану

бағдарламасы. Драйвер құралдарының жинағы мол болған сайын, сканерлеу кезеңінде суреттерді түзетуге арналған мүмкіндіктер де көп болады.

Көпфункционалды құрылғылар. Бухгалтерияда дәстүрлі бір функционалды құрылғылардан басқа көпфункционалды құрылғыларды да (КФҚ) кездестіруге болады.

КФҚ «барлығы біреуінде» принципі бойынша жасалған — олар факс, сканер, көшіру машинасы және лазерлік /бүріккіш принтерді біріктереді.

КФҚ негізгі конфигурацияларын қарастырайық.

К ө ш і р г і ш - п р и н т е р . Бұл құрылғылар принтер ретінде пайдалану мүмкіндігімен сандық көшіру аппаратын құрайды. Көшіруде көшіру аппараттарына арналған дәстүрлі планшетті сканерлеуді пайдаланады. Компьютерге ақпаратты енгізу функциялары үнемі қолданылмайды.

П р и н т е р - с к а н е р - к ө ш і р г і ш . Бұл стандартты принтерді сканерлеуші блоппен толық жабдықтау нәтижесінде алынатын құрылғылар (әдетте созылған типті). Бұндай КФҚ ең танымал болып табылады.

П р и н т е р - с к а н е р - к ө ш і р г і ш - ф а к с . Олар әдеттегі факсті еске салады. Конфигурацияға байланысты автономды режимде де, компьютерден де (РС-факс) факстерді беру/қабылдауды қолдай алады және көптеген қосымша мүмкіндіктерге ие болады (телефон, автоответчик және т.б.). Әдетте созылған типті сканерді пайдаланады.

Құжаттарды жоюға арналған аппараттар. Құжаттарды жою жолымен құпиялылық режимін және ақпаратты қорғауды сақтау үшін бухгалтерияда және кеңседе қағаз жойғыштар немесе шредерлер пайдаланылады. «Шредер» ағылшын сөзі деп құжаттарды жоюға арналған құрылғыны атайды.

Шредерлердің жұмыс принципі төмендегілерден тұрады: құжат қабылдау құрылғысына қойылады, арнайы пышақтары оны ұсақ бөліктерге кеседі, олар әдеттегі бір реттік полиэтилен қапшықтарға жиналады.

Шредерлер өлшемдері, жасырындық деңгейі және жұмыс принципі бойынша ажыратылады. Барынша көп таралған шредерлер, онда құжаттар пышақтардың көмегімен жойылады. Жұмыстың басқа принципіне негізделген машиналар бар: қағаз суды косумен үлкен қысымда үйкеледі, нәтижесінде ботқа пайда болады, ол кепкеннен кейін түйіршікке айналады. Осындай шредерден өткеннен кейін қағаз қалпына келтірілмейді.

Жапондықтар құжатты тек жойып қана қоймай, бір уақытта сия мен пастаны ажырата отырып, оларды өңдеп олардан әжетхана қағазын дайындайды.

Шредерлердің қазіргі үлгілерінде барлығы автоматтандырылған: автоматты қосылу, сөндіру, реверс. Автоматты қосылу шредер үнемі күту режимінде болатынын білдіреді. Ол пышақтарға қағаз келгенде ғана қосылады, одан кейін құжаттар жойылғаннан кейін автоматты түрде сөндіріледі. Автоматты түрде ағыту аппараттар ұзақ жұмыс істегенде қозғалтқыштың қызып кетуіне кедергі келтіреді. Қандай да бір себептер бойынша пышақтардың қарысып қалуы болса, онда реверс автоматты түрде қосылады, яғни пышақтардың кері бағытта айналуы болады.

Көптеген үлгілерде шредерлерде контейнер толғанда немесе есіктерді ашуда жарықтық индикация бар, яғни егер қалдықтарға аналған себет толып кетсе, онда аппарат осы туралы басқару панелінде индикатордың жануымен хабарлай отырып ағытылады. Ол сондай-ақ егер есік тығыз жабылмаса, сигнал берілетін болады.

Қағаз жойғыштардың маңызды параметрлері қағазды ұсақтау, біруақытта жойылатын парақтар саны, сондай-ақ қалдықтарға арналған бак сыйымдылығы және қабылдау бөлігінің ені болып табылады.

Қабылдау құрылғысының еніне парақтың ең жоғары мөлшері байланысты болады, оны бұту қажеттілігінсіз жоюға болады, ал бір ретте жоюға болатын парақтар саны қозғалтқыш қуаттылығына және пышақтар санына байланысты болады.

Пышақтардың бірнеше типтері бар, әр өндіруші-фирма ереже бойынша бір типті пышақтары бар шредерлер шығарады. Пышақтар типі жойғыш жұмысының сапасын анықтайды, яғни мысалы степлерден қыстырғышты өңдей алатындығы және т.б. байланысты болады. Жоғары сапалы болаттан пышақтар картондарды, несие карталарын, степлерден қыстырғыштармен бекітілген қағаздарды және тіпті әдеттегі кеңсе қыстырғыштарын (ірі қыстырғыштарды алып тастау ұсынылады) қайта өңдеуді толықтай жасай алады.

Құжаттарды жойғыштар тік және қиыпалы кесудің екі типіне біруақытта ие болуы мүмкін.

Тік типті кесуі бар жойғыштарда қағаз жолақтарға кесіледі. Оларды жойылатын ақпарат көлемі үлкен, ал қауіпсіздік деңгейі жоғары емес болғанда сатып алу ұсынылады.

Қиылыспалы кесуі бар жойғыштар қауіпсіздіктің ең жоғары деңгейін қамтамасыз етеді, бұнда қағаз бөліктерге әркелкі кесіледі. Кесілген қағаз қалдықтарға арналған контейнерде тік кесуге қарағанда барынша тығыз тығыздалады.

Шредерлердің басты сипаттамаларының бірі 1995 жылы қаңтарда қабылданған DIN 32757 халықаралық стандартына сәйкес жасырындық деңгейіне байланысты, ол бес деңгейге ие.

I деңгейлі жасырындық шредерлері қағаздарды 12 мм ұзын емес жолақтар түрінде кеседі. Алайда барлық жолақтарды бірге жинауға және құжатты оқуға болады, сол себепті бұндай шредер тек жалпы құжаттаманы жою үшін ғана пайдаланылады.

II деңгейлі жасырындықты шредерлеркоммерциялық емес хат-хабарды кесуге арналған. Жолақтың ені жолақтың шектелмеген ұзындығында кемінде 6 мм алынбайды.

III деңгейлі жасырындық шредерлеріқұжаттарды кемінде 2 мм. жолақтарға кеседі. Бұл аппараттар құпия ақпаратты қамтитын құжаттарды жою үшін дәл келеді.

IV және V деңгейлі жасырындық шредерлері— бұл құпиялылық және жасырындық сипатындағы құжаттарды кесуге арналған жоғары жасырындық шредерлері.

IV деңгейлі шредерлер құжаттарды кемінде 2 мм енімен және 5 мм ұзындықты жолақтарға кеседі (жасырындықтың төртінші деңгейі).

V деңгейлі шредерлер жасырындықтың ең жоғары, бесінші деңгейіне жататын аса жасырын деректерді қамтитын құжаттарды жою үшін қолданылады (фрагмент мөлшері 0,8 мм енімен және 13 мм дейінгі ұзындықпен). Осындай кесуде компьютерге жойылған құжатты қалпына келтіру үшін шамамен үш жыл уақыт қажет. Шредерлердің бұл санаты әдетте банктерде және арнайы қызметтерде пайдаланылады.

2.3. КОМПЬЮТЕРДІ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚАМСЫЗДАНДЫРУ

Компьютер өзара сымдармен жалғастырылған әр түрлі жабдық жиынтығын құрайды. Ол мәтіндерді теруге және есептеулер жүргізуге, құжаттарды сақтауға және оларды қағазда басып шығаруға, деректер қорын қалыптастыруға және ақпаратпен басқа әрекеттерді жасауға мүмкіндік береді.

Осының барлығын әр түрлі бағдарламаларды пайдалану нәтижесінде жасауға болады. Бір бағдарламалар компьютерді басқарады, басқалары мәтінмен және графикамен жұмыс бойынша


мүмкіндіктерді ұсынады, үшіншілері маңыздылығы жағынан кем емес функцияларды орындайды. Дәл осы бағдарламалар компьютердің мүмкіндіктерін анықтайды. Қазіргі уақытта әр түрлі компьютерлік бағдарламалардың үлкен саны жасалған.

Компьютер жасаудың негізгі принциптерінің бірі бағдарламалық басқару принципі болып табылады және осы принципті іске асыру үшін операциялық жүйелер құрылды. Операциялық жүйеден басқа компьютерге әр түрлі санаттағы бағдарламалар барынша көп қоса берілуі тиіс: Microsoft Office типті біріктірілген кеңсе пакеті, кәсіби-бағдарланған бағдарламалар, CD-ROM-дағы мультимедиялық энциклопедиялар жиынтығы, телекоммуникациялық БҚ, білім беру бағдарламалары және т.б.

Бұл қызықты

Бағдарламалық қамсыздандыру өндірісінің көшбасшысы планетадағы белгілі және жетістікті адамдардың бірі — Уильям Генри (Билл) Гейтс негіздеген Microsoft фирмасы болып табылады.

Билл Гейтс — біздің замандасымыз, 1955 жылғы 28 қазанда туған. 1975 жылы Гарвард университетін тастап, әкесі сияқты құқықтанушы болуға дайындалды, Б.Гейтс өзінің мектептегі серігі Пол Алленмен бірге Microsoft компаниясының негізін қалады. Жаңа фирманың бірінші міндеті Бейсик тілін Эдвард Робертстың ең алғашқы коммерциялық микрокомпьютерлері - «Альтаирға» бейімдеу болды. 1997 ж. Билл Гейтс дүние жүзіндегі жұмыс істейтін ең бай адамдардың тізімін басқарды.



2.7-сурет. Дербес компьютерді бағдарламалық қамсыздандыру

Қосымша жабдықты, мысалы сканерді орнату, арнайы бағдарламалық қамсыздандыруды талап етеді.

Бағдарламалық қамсыздандырудың жіктелуі. Компьютердің барлық мүмкіндіктері бағдарламалық қамсыздандыруды іске асырады. Бұдан басқа, компьютердің өзі бағдарлама бойынша және бағдарламалармен жұмыс істейді.

Бағдарламалық қамсыздандыру — бұл ақпараттық жүйенің өзінің және жұмыс қабілеттілігін және ұйымдардың міндетін шешуді қамтамасыз етеді. Оны белгілеу үшін тікелей аударғанда «жұмсақ бұйым» немесе Бағдарламалық қамсыздандыруды білдіретін, түрлендіру, даму және бейімделуді бағдарламалық қамсыздандыруға қабілеттілікті белгілейтін Software термині пайдаланылады.

Бағдарламалық құралдар деп компьютерлерде пайдаланылатын барлық бағдарламалар жиынтығы және оларды жаса және құру бойынша қызмет саласы түсініледі.

Компьютермен жұмыс істей отырып, адамдардың көпшілігі бағдарламалар жасамайды, дайын әзірлемелерді пайдаланады. Нақты ұйымның міндеттерін іске асыруға арналған қолданбалы бағдарламалық қамсыздандыру нарығы жеткілікті ауқымды және тиімді жұмыс үшін сәйкес бағдарламаларды іріктеуге мүмкіндік береді. Өзіндік бағдарламалық қамсыздандыру тек бірегей міндеттерді шешуде ғана әзірленеді.

Жалпы жоспарда есептеу техникасына арналған бағдарламалық қамсыздандыру жүйелік (базалық) және қолданбалыға бөлінуі мүмкін.

Бағдарламалық қамсыздандыруды мақсатына қарай төмендегі топтарға жіктеуге болады (2.7-сурет):

- жүйелік бағдарламалық қамсыздандыру;
- бағдарламалау жүйелері (аспаптық құрылғылар);
- қолданбалы бағдарламалық қамсыздандыру.

Компьютердің жұмыс қабілеттілігі жүйелік бағдарламалық қамсыздандыруды құрайтын бағдарламаларды қамтамасыз етеді.

Жүйелік бағдарламалық қамсыздандыру. *Жүйелік бағдарламалық қамсыздандыру* — бұл компьютердің қызмет етуін

және оның құрылғыларын басқаруды қолдауға арналған бағдарламалық құралдар жиынтығы.

Оның негізгі элементтеріне жатады:

- операциялық жүйелер;
- диалогтық (файлдық) қабықшалар;
- драйверлер;
- утилиттер (сервистік бағдарламалар).

О п е р а ц и я л ы қ ж ү й е л е р . Жүйелік БҚ басты элементі операциялық жүйелер (ОЖ) болып табылады — компьютердің барлық аппараттық құралдарының жұмысын басқаратын, компьютерлік ресурстарды пайдаланумен және таратумен басқаратын, компьютермен пайдаланушының диалогын ұйымдастыруда делдал ретінде қызмет ететін өзара байланысты бағдарламалардың жүйелік кешені. ОЖ ДҚ жұмыс сапасы және пайдаланушының жұмыс қолайлығы байланысты болады.

Қазіргі уақытта ОЖ көп саны жасалған. Барынша танымалы төмендегілер: MS DOS, Windows, Linux (Еуропада таралған), UNIX (АҚШ таралған). Ресейде басқа жүйелерден тек интерфейспен ғана емес (сыртқы түрімен), сонымен қатар жұмыстың жалпы концепциясымен ерекшеленетін Windows ОЖ танымал: Windows негізіне объектілі-бағдарланған тәсіл және терезе технологиясы орналасқан, онда әр бағдарлама үшін экранда тік бұрышты аймақ (терезе) беріледі, ол жерде деректермен барлық операциялар өткізіледі.

Қазіргі уақытта Windows ОЖ келесі нұсқалары: Windows-95, -98, -2000, -XP. Әр жаңа нұсқа алдыңғыны толықтырады және олардың мүмкіндіктерін кеңейтеді.

ОЖ негізгі функцияларына файлдық жүйе және аппараттық құралдармен қатар деректерді енгізу-шығару, командаларды өңдеу, пайдаланушылық интерфейсін және т.б. ұйымдастыру жатады.

Ди а л о г т ы қ қ а б ы қ ш а л а р (ф а й л д ы қ м е н е д ж е р л е р) — бұл пайдаланушы үшін қолайлы интерфейс жасайтын бағдарламалар жиынтығы. Бұл пайдаланушының жұмысын жеңілдету үшін әзірленген, себебі бірінші компьютерлерді басқару пернетақтадан командаларды қолмен теру жолымен жүзеге асырылды және пайдаланушыға командалардың тек жазу ережесін (форматтарын) ғана есте сақтап қоймай, жұмыс істеу керек сол объектілердің орналасу орнын да (файлдық жол) есте сақтау қажет болатын.

Файлдық менеджерлер пайдаланушы және компьютер арасындағы диалогты жеңілдетеді, операциялық жүйелердің объектілерінің үстіндегі базалық операцияларды көрнекі және қарапайым етеді (файлдар және каталогтар).

Сыртқы түрі бойынша диалогтық қабықшалар мәтіндікке (мысалы, Norton Commander) және графикалыққа (Windows-3.1). бөлінеді

Қазіргі операциялық жүйелер графикалық интерфейс есебінен компьютермен пайдаланушының өзара әрекетін оңайлатты бірақ осыған қарамастан диалогтық қабықшалар бұрынғысынша жеткілікті кең қолданылады және танымалдыққа ие. Қазіргі уақытта танымал қабықшалардың бірі Windows Commander және Total Commander болып табылады—1990-жж. Norton Commander танымал бағдарламасының жақсартылған аналогтары.

Драйверлер — бұл сыртқы құрылғылармен операциялық жүйенің және бағдарламалардың өзара әрекетін қамтамасыз ететін бағдарламалар. Дәл осы драйверлер пернетақта, мышь, монитор, принтер, сканер және басқалары (mouse.com, keyb.sys, display.^sy^s) сияқты сыртқы құрылғылардан түсетін ақпаратты өңдеу үшін жауап береді.

Утилиттер (сервистік бағдарламалар) — бұл қосымша сервисті қамтамасыз ететін қосалқы мақсаттағы бағдарламалар: дискеттерді форматтау, калпына келтіру, дисктегі файлдарды дефрагментациялау және т.б. Осы топтағы бағдарламаларды шартты архиваторларға, антивирустік бағдарламаларға және дисктерге қызмет көрсету бағдарламаларына жіктейді.

Архиваторлар (ораушы бағдарламалар) сығудың арнайы әдістерін қолдану есебінен ақпарат тасығыштардағы орынды босата отырып, ақпаратты тығыздауға мүмкіндік береді (RAR, ZIP).

Антивирустік бағдарламалар компьютердің компьютерлік вирустармен зақымдануын болдырмауға, ал вируспен зақымданған жағдайда — зақымдау салдарларын жоюға арналған (DrWeb, Касперский антивирусы).

Дисктерге қызмет көрсету бағдарламалары дисктік ақпаратты жүйелік өңдеу үшін жауап береді. Дисктерге қызмет көрсетудің негізгі бағдарламаларын тағайындау 2.1-кестеде келтірілген.

Бағдарламалау жүйелері. Бағдарламалау жүйелерінің көмегімен пайдаланушы компьютерді басқару үшін бағдарламаларды дербес құрылымдау мүмкіндігіне ие.

Бағдарламалау жүйесі — бұл бағдарламалау тілдерінің бірінде компьютерлік бағдарламаларды құру, түрлендіру және ретке келтіруді қамтамасыз ететін аспаптық бағдарламалық құралдар жиынтығы. Бағдарламалау жүйелерінің құрамына бағдарламалау тілі және арнайы бағдарламалық қызмет көрсету құралдары кіреді.

Қолданбалы бағдарламалық қамсыздандыру. Компьютердегі уақытының басым бөлігін пайдаланушы өзінің ақпараттық міндеттерін шешу арқылы, бағдарламалау жүйелеріне жүгінбестен, бағдарламалар

2.1-кесте. Дисктерге қызмет көрсету бағдарламаларының мақсаты

Дисктерге қызмет көрсету бағдарламаларының атауы	Бағдарламаның мақсаты
Резервтеу бағдарламалары	Тасығыштарда болатын ақпаратты көшіру
Диагностикалаушы бағдарламалар	Компьютер конфигурациясын және оның жұмыс қабілеттілігін тексеру
Оңтайландыру бағдарламалары	Тасығыштарда деректерді жиынтықты орналастыру
Динамикалық сығылу бағдарламалары	Сығылған түрде ақпаратты сақтау үшін жалған дисктерді құру
Рұқсатты шектеу бағдарламалары	Деректерді санкцияланбаған қол жеткізуден қорғау

істеп өткізеді.


Қолданбалы бағдарламалық қамсыздандырубағдарламалардың келесі кластарына бөлінеді:

- жалпы мақсаттағы бағдарламалар;
- арнайы мақсаттағы бағдарламалар;
- кәсіби деңгейдегі бағдарламалар.

Жалпы мақсаттағы бағдарламаларды игеру үшін арнайы білім талап етілмейді, сол себепті оларды пайдаланушылардың басым бөлігі қолданады. Бағдарламалардың бұл тобы сан алуан редакторлармен, электронды кестелермен, деректер қорымен жұмыс бағдарламаларымен, анимациялық графика пакеттерімен, коммуникациялық бағдарламалармен, біріктірілген пакеттер және тар бағдарланған бағдарламалармен ұсынылған (2.8-сурет).

Мәтіндік редактор — бұл символдық ақпаратпен жұмыс бағдарламасы. Функционалдық мүмкіндіктері, сондай-ақ олармен жұмыс күрделілігіне қарай әр түрлі мәтіндік редакторлардың көпшілігі бар. Мақсаты бойынша бағдарламалар мәтіндерінің редакторлары, құжаттар редакторлары, баспа жүйелеріжәнемамандандырылған редакторларға ажыратады.

Бағдарламалар мәтіндерінің редакторлары сол немесе өзге бағдарламалау тілінің мәтіндерін теруге және редактірлеуге арналған (Turbo Basic, Turbo Pascal). Бұл бағдарламалар операциялардың кішігірім санын орындайды: бағдарламаны жолдап жазу, бағдарлама мәтінін сақтау және оқу және т.б.



2.8-сурет. Дербес компьютердің жалпы максаттағы бағдарламалары

Құжаттар редакторлары құжат құрылымына ие мәтіндермен жұмысқа бағдарланған — тараулар, жолдар, абзацтар (Word, WordPerfect, Лексикон). Бұл редакторлар мәтіндік құжатты жасауға, редактілеуге және форматтауға мүмкіндік береді, сондай-ақ шрифтермен жұмысты, жоғары және төменгі колонтитулдарын шығаруға, графика және басқа операциялармен жұмысты қамтамасыз етеді. Осындай бағдарламалардың басым бөлігінің оларды бір мәтіндік редактордың ортасынан басқа ортаға ауыстыруда мәтіндік құжаттардың сәйкестігін қамтамасыз ететін грамматикалық қателерді анықтауға арналған қондырылған «түзеткіштер» және қайта кодтауыштары бар.

Баспа жүйелері жоғары сапалы күрделі құжаттарды жасауға мүмкіндік береді — буклеттер, газеттер, журналдар, кітаптар (Page Maker, QuarkXPress, Ventura Publisher). Оларда теру процесі автоматтандырылған, яғни суреттер және фотосуреттер қоюмен беттер бойынша мәтінді орналастыру үшін арнайы құралдар бар.

Мамандандырылған редакторлар үлкен математикалық немесе химиялық формулалар (TEX) немесе арнайы символдар кездесетін құжаттармен жұмыс істеуге мүмкіндік береді (мысалы, ноталық тұғырдағы ноталық белгілер).

Графикалық редактор — бұл графикалық ақпаратпен жұмысқа арналған бағдарлама (Paint, Photoshop, CorelDRAW). Бұндай бағдарламалар пайдаланушыға суретшінің қызметін үлгілейтін ортаны ұсынады. Мамандануы бойынша жалпы және арнайы мақсаттағы графикалық редакторлерді ажыратады.

Жалпы мақсаттағы графикалық редакторлар күрделі емес суреттерді жасауға және редактірлеуге, суреттерді көшіруге және ауыстыруға, графикалық ақпаратты сақтауға және есептеуге мүмкіндік береді.

Арнайы мақсаттағы графикалық редакторлар техникалық тұрғыдан күрделі объектілерді жобалауға, әр түрлі процестерді үлгілеуге, жарнамалық проспектілерді жасауға мүмкіндік береді.

Музыкалық редактор — бұл бағдарлама дыбыстық ақпаратты жасау және өңдеуге арналған бағдарлама (Composer). Барынша қарапайым редакторлар бір-екі құралды имитациялауға және композицияларды ноталап жасауға мүмкіндік береді. Күрделі музыкалық редакторлар біруақытта ондаған құралдардың жазуына мүмкіндік береді, ал музыка әр құрал үшін блоктап жазылады және одан кейін бірыңғай музыкалық туындыға қосылады.

Кестелік процессорлар — бұл деректерді өңдеу үшін кестеде ұсынылған деректерді өңдеуге арналған бағдарламалар. Кестелік процессормен өңделетін кестелер электрондық кестелер деп аталады. Визуалды электрондық кестелер жолдар және бағандардан тұратын тік бұрышты кестелер түрінде көрсетіледі, олардың қиылысуы ұяшықтарды түзеді. Әр ұяшық екі координаттан тұратын өзінің адресіне ие — олардың қиылысында орналасатын баған атауы және жол нөмірі. Ұяшықтарда басқа ұяшықтарда болатын деректерден бір ұяшықтағы тәуелділікті беретін мәтін немесе формулалар, сандар қамтылуы мүмкін.

Кестелік процессорлар әдетте күрделі формулалармен және бастапқы деректердің үлкен объектілерімен жұмыс жүргізілгенде қолданылады. Кестелік процессорды пайдалана отырып, ұяшықтарды электрондық кестелерде іздеуге және ондағы деректерді сұрыптауды жүзеге асыруға, есептік параметрлер мәнін өзгертуді бақылауға және алынатын нәтижелерді талдауға болады.

Деректер қоры — бұл сипаттау, сақтау және оларды манипуляциялаудың жалпы принциптерін көздейтін белгілі бір ережелер бойынша ұйымдасқан деректер жинағы. Деректерді

ұйымдастыруға байланысты деректердің иерархиялық, желілік және реляциялық қорларын ажыратады. Деректердің иерархиялық базаларында құрылым объектілерінің арасындағы ағаш түріндегі байланыс үшін, төменгі деңгейлі объектілер жоғары деңгейлі объектілерге бағынышты болғанда. Желілік базаларда деректерді желілер ұсынған және объектілер бір-бірімен кез келген байланыстармен байланысты болуы мүмкін. Деректердің реляциялық қорлары ақпаратты кестелік ұсынумен сипатталады және кестедегі әр жазба тек нақты объектіге жататын деректерді ғана қамтиды.

Деректер қорын басқару жүйелері (ДҚБЖ) — бұл есептер және сұраныстар құру, оларға рұқсат, деректерді басқаруды қамтамасыз ету, қолданбалы бағдарламалармен деректер қорының өзара әрекетін ұйымдастыру, деректерді енгізу, редактірлеу және жою, деректер қорын құру және жүргізуге арналған бағдарламалар және тілдік құралдар жиынтығы. ДҚБЖ арқылы деректердің физикалық және логикалық құрылымы анықталады. Сипаттаудың физикалық деңгейі деректерді физикалық сақтау тәсілін көрсетеді; логикалық сипаттау — бұл пайдаланушыға қол жетімді және ол операциялайтын деректер түрі.

Анимациялық графика пакеттері функционалдық мүмкіндіктері бойынша редакторларды еске салады, бірақ олардан айырмашылығы анимациялық графика пакеттерінде басым түрде жұмыс статикалықпен емес, динамикалық графикалық ақпаратпен жүргізіледі (3D-Studio, Animator). Шартты анимациялық графика пакеттерін қарапайым әсерлерді іске асырумен күрделі емес динамикалық объектілерді жасау үшін бастапқы деңгей пакеттеріне және үлкен анимациялық мүмкіндіктермен кәсіби деңгейлі пакеттерге бөлуге болады.

Коммуникациялық бағдарламалар — бұл компьютерлік желілер бойынша деректерді беруге арналған бағдарламалар. Бағдарламалардың осы сыныбына электронды почтамен жұмысқа арналған бағдарламалар, браузерлердің барлық түрлері, FTP қызметінің бағдарламалары, желідегі қарым-қатынас құралдары, желілік сауда жатады. Осы бағдарламалардың көп санының ішінде Outlook Express, Internet Mail, MS Exchange және т.б. белгілеуге болады.

Біріктірілген пакет — бұл пакеттен барлық бағдарламалардан пайдаланушының өзара әрекеті тәсілін қолдайтын және міндеттер жиынтығын шешуге бағдарланған өзара байланысты қолданбалы бағдарламалар жинағы, сондай-ақ деректерді ұсынудың жалғыз тәсілі. Әдетте бұндай пакеттер мәтіндік редактор, кестелік процессор, ДҚБЖ, деректер және телекоммуникациялық бағдарламаны графикалық көрсету пакетін қамтиды. Барынша танымал біріктірілген пакеттер MS Office, Works, Framework болып табылады.

Біріктірілген пакеттердің пайда болуының негізгі себебі әр түрлі форматтағы деректерді бірлесе пайдаланудағы қажеттілік болып есептеледі. Сол себепті бұндай пакеттер бірыңғай (біріктірілген) жүйе принципі бойынша әзірленді. Біріктіру құралдарында төрт механизмді:

- басқа бағдарламаға ретті ауыстыру үшін ақпарат енгізілетінайырбастау буфері;
- бір қосымшаның құжатын енгізілген құжатты редактірлеуді өткізу мүмкіндігімен басқа қосымшаның құжаттарына қосуға мүмкіндік беретін OLEтехнологиясын;
- файлдарды конвертациялау — ақпаратты белгілі бір форматтағы файлға құжат аталмыш пакеттің басқа қосымшасында оқыла алатындай жазуды;
- деректермен алмасуды іске асыру үшін бір қосымшада файлдан деректерді «кесу» және оларды басқа қосымшадағы файлға «жапсыру» әдісін пайдалануға мүмкіндік беретін жалпы қабықшаны пайдаланумен деректермен тікелей алмасуды белгілейді.

Тар бағдарланған бағдарламалар аясы тар міндеттерді шешу үшін пайдаланылады. Ең көп таралғаны құжаттарды сканерлеуге арналған бағдарламалар, бағдарлама-аудармашылар және бағдарлама-сөздіктер.

Сканерлеуге арналған бағдарламалар құжаттардың баспа көшірмелерін автоматты түрде электронды түрге ауыстыруға мүмкіндік береді (FineReader).

Бағдарлама-аудармашылар ақпаратты бір табиғи тілден басқасына аударуға арналған (PROMT, Stylus, Сократ).

Бағдарлама-сөздіктер кейбір қосымша мүмкіндіктермен (Lingvo, Мультилекс) әдеттегі сөздіктердің электронды нұсқаларын құрайды.

Арнайы мақсаттағы бағдарламалар. Арнайы мақсаттағы бағдарламалар қашықтықтан оқыту және тестілеу, математикалық пакеттер(MathCAD), қызметті бағалау (GAMMA, EXPERT), ақпараттық гипермәтіндік жүйелердің мүмкіндіктерін пайдалану (электронды энциклопедиялар) және т.б. сияқты арнайы тапсырмаларды шешуге арналған.

Кәсіби деңгейдегі бағдарламалар. Кәсіби деңгейдегі бағдарламалар маманның кәсіби қызметінің міндеттерін шешу үшін пайдаланылады. Осы сыныптағы бағдарламалар ұйымның қаржылық-шаруашылық қызметінің бағдарламалары бухгалтерлік есеп және банктік қызметті талдау, өнім өндірісінің технологияларын қамтамасыз ету бағдарламалары және т.б. жатады.

Бухгалтерге қандай бағдарламалар керек?

Бухгалтер өзінің жұмысында көбіне төмендегі бағдарламаларды пайдаланады:

- мәтіндік құжаттарды жасау үшін — компьютерлік мәтіндік редакторлар;
- кестелермен жұмыс үшін — электронды кестелер;
- бухгалтерлік есепті жүргізу үшін — мамандандырылған бухгалтерлік бағдарламалар.

Қорытындысында компьютер және қолданбалы бағдарламалық қамсыздандыру ХІХ ғасырдағы есепшіге арналған шоттар сияқты қазіргі маманның құралы болып табылатынын атап өтеміз.

Бақылау сұрақтары

1. Компьютер қандай элементтерден тұрады?
2. Компьютердің бағдарламалық қамсыздандыруы деп не түсініледі?
3. Қандай бағдарламалар базалық бағдарламалық қамсыздандыруға жатады?
4. Әмбебап сыныпқа қандай қолданбалы бағдарламалар жатады?
5. Барыншы жиі пайдаланылатын жалпы мақсаттағы бағдарламаларды атап өтіңіз.
6. Қандай қолданбалы бағдарламалар мәселеге бағдарланғандар сыныбына жатады?
7. Бухгалтер өзінің қызметінде әдетте қандай бағдарламаларды жиі пайдаланады?

МӘТІНДІК ҚҰЖАТТЫ РӘСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР

Кез келген кеңсенің негізі — бұл құжат. Құжаттар әр түрлі болуы мүмкін: қарапайым мәтіндер, басып шығаруға дайын беттелген жарияланымдар, электронды кестелер және т.б.

Құжаттардың барлық түрлерін дайындаумен кеңселік пакеттерге кіретін бағдарламалар айналысады. Мемлекеттік нормативтік актілер іс қағаздарын жүргізудегі құжаттардың рәсімдеу ережелері және бірыңғай талаптарын анықтайды.

Бұл қызықты

XVI—XVII ғасырларда бұйрықтар іс-қағаздарын жүргізуде жеткілікті ежелгі «бағандық іс қағаздарын жүргізу техникасы» пайдаланылуын жалғастырды — бір-біріне жапсырылған парақтар бүктемелері — баған, бағаншалар жиналды. Маңызды мемлекеттік актілер үлкен өлшемдерге ие болды, мысалы, патша Алексей Михайловичтің жердегі монастырлардың біріне мақтау қағазы методен артық ұзындыққа ие болды, ал мысалы 1649ж. Собор жинағы 309 метрді камтиды.

Бағанның құрамдық бөліктері постава деп аталды, ал көпір деп парақтардың жабысқан орындарын атай бастады. Баған бір көп беттік құжат болуы, ал қандай да бір белгі бойынша — географиялық, корреспонденттік құжаттар жиынтығын камтуы мүмкін.

Бағандар нақты мәселелер бойынша да жиналды. Олар бастамалық құжаттан (арыз, жадынама) бастап, оның ішінде басқа құжаттардан көшірмелер немесе анықтамалар болып табылатын аралық құжаттар немесе шешімді камтитын құжатпен аяқталатын маңызы жағынан «істерді» жасады. Құжатты қою қажеттілігі болғанда баған түсіп қалды, кейін қосымшалар әдеттегі тәртіппен — жабыстырумен расталды. Бағандардағы мәтін бір жағынан жазылды, келесі жағы тек белгілер, қарарлар, мекенжайларды қою үшін ғана пайдаланылды. Құжаттар рулонға оралған күйде сақталды, кейде ерекше маңызды құжаттар үшін арнайы футлярлар (терілер) дайындалды.

Ұйымдық-өкімдік құжаттарды рәсімдеу «Құжаттаманың

бірыңғайландырылған жүйелері. Ұйымдық-өкімдік құжаттаманың бірыңғайландырылған жүйесі. Құжаттарды рәсімдеуге қойылатын талаптар» МЕМСТ Н 6.30 — 2003 мемлекеттік стандартымен 2003 жылдың 1 шілдесінен бастап енгізген күннен бастап регламенттеледі.

3.1. РЕСМИ ҚҰЖАТТАРДЫҢ РЕКВИЗИТТЕРІНІҢ ҚҰРАМЫ

МЕМСТ Р 6.30—2003 Ұйымық-өкімдік құжаттаманың бірыңғайлындырылған жүйесіне (ҰӨҚБЖ) жататын ұйымдық өкімдік құжаттамаға қолданылады. Оларға қаулылар, өкімдер, бұйрықтар, шешімдер, хаттамалар, актілер және т.б. жатады. Бұл құжаттар ОК 011 — 93 «Жалпы ресейлік басқару құжаттамасының жіктеуіші» (ЖРБҚЖ) (класс 0200000) қосылған.

Осы стандарт құжаттардың реквизиттерінің құрамын, құжаттарды рәсімдеуге қойылатын талаптар, құжаттардың бланкілеріне, оның ішінде Ресей Федерациясының Мемлекеттік елтаңбасын көшірумен құжаттардың бланкілеріне қойылатын талаптарды анықтайды.

Құжаттарды рәсімдеуге қойылатын стандарт талаптарын орындау құжаттардың заңды күшін және оларды сапалы жаса және орындауды қамтамасыз етеді.

Құжаттардың реквизиттері — бұл қызметтік құжаттарды рәсімдеудің міндетті элементтері. Реквизиттер тізімі 30 атауды қамтиды. Құжаттар реквизиттерінің құрамы 3.1-кестеде келтірілген.

Құжаттардың реквизиттерінің орналасуының екі нысаны бар — бұрыштық және бойлық.


Құжаттың реквизиттерінің бойлық орналасуы (барынша жиі пайдаланылатын) оларды сол жақ жоғары бөліктен бастап орналастыруды көздейді және құжат парағы ауданының 20 % үнемдейді.

3.1-кесте. Құжаттардың реквизиттері


№	Реквизиттің атауы	№	Реквизиттің атауы
01	Ресей Федерациясының мемлекеттік елтаңбасы	16	Құжатты бекіту грифі
02	Ресей Федерациясы субъектісінің елтаңбасы	17	Резолюция
03	Ұйым эмблемасы немесе тауарлық белгі (қызмет көрсету белгісі)	18	Мәтінге тақырып
04	Ұйымның коды	19	Бақылау туралы белгі
05	Заңды тұлғаны негізгі мемлекеттік тіркеу нөмірі (НМТН)	20	Құжаттың мәтіні
06	Салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі / есепке қою себебінің коды (СТН/ ЕҚСК)	21	Қосымшаның болуы туралы белгі
07	Құжат нысанының коды	22	Қолы
08	Ұйымның атауы	23	Құжатты келісу грифі
09	Ұйым туралы анықтамалық деректер	24	Құжатты келісу бұрыштамалары
10	Құжат түрінің атауы	25	Мөр бедері
11	Құжаттың күні	26	Көшірмені растау туралы белгі
12	Құжаттың тіркеу нөмірі	27	Орындаушы туралы белгі
13	Тіркеу нөміріне және құжаттың күніне сілтеме документа	28	Құжатты орындау және оны іске жіберу туралы белгі
14	Құжатты жасау немесе шығару орны	29	Ұйымға құжаттың түскені туралы белгі
15	Адресат	30	Құжаттың электронды көшірмесімен сәйкестендіргіш

Реквизиттердің бойлық орналасуы олардың сол және оң жолдан әр жолын тең жоюмен жоғары бөліктің бойымен оларды орналастыруды көздейді (орталықтаумен).

Мемлекеттік стандарт құжатта белгілі бір орынды әр реквизитпен бекітеді.



3.1-сурет. Реквизиттердің орналасу сызбасы және А4 форматындағы аймақтардың шекаралары



3.2-сурет Бойлық бланктің А4 форматындағы аймақтар шекаралары және реквизиттерінің орналасу сызбасы

Құжаттардың реквизиттерінің және аймақтарының шекараларының А4 форматында орналасу сызбалары 3.1-суретте, ал бойлық бланк үшін — 3.2-суретте көрсетілген.

Кез келген құжатты бөліктерге бөлуге болады: тақырыптық (мәтінге дейінгі реквизиттер), негізгі (реквизиттер 20 — Мәтін және 21 — Қосымша), рәсімдейтін бөлік (мәтіннің және қосымшаның соңында орналасқан реквизиттер).

Құжатқа заңды күш беретін реквизиттерді дұрыс рәсімдеу өте маңызды (күні, қолы, мөр, құжаттың тіркеу нөмірі, бекіту грифі және т.б.).

3.2. РЕСМИ ҚҰЖАТТАР РЕКВИЗИТТЕРІН РӘСІМДЕУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Ресми құжаттар реквизиттерін рәсімдеу ережелерін қарастырайық. Тармақ нөмірі МЕМСТ Р 6.30 — 2003 бойынша құжаттың реквизит нөміріне сәйкес келеді.

1. Ресей Федерациясының мемлекеттік елтаңбасын құжаттардың бланкілеріне «Ресей Федерациясының мемлекеттік елтаңбасы туралы» (Ресей Федерациясы заңнамасының жинағы, 2000, № 52, I бөлім, 5021-бап) заңына сәйкес орналастырады.

Бұл реквизит тек осындай құқық берілген мемлекеттік мекемелер және кәсіпорындардың құжаттарына ғана қойылады, сол себепті көптеген ұйымдардың жұмыс тәжірибесінде ол қолданылмайды.

2. Ресей Федерациясы субъектісінің елтаңбасын Ресей Федерациясының субъектілерінің құқықтық актілеріне сәйкес құжаттардың бланктерінде орналастырады.

3. Ұйымның эмблемасы — бұл белгіленген тәртіпте тіркелген шартты графикалық сурет. Ұйым эмблемасын немесе тауарлық белгіні (қызмет көрсету белгісі) ұйымның бланкілерінде жарғыға (ұйым туралы қағидаға) сәйкес орналастырады.

Реквизиттерді сол жоғары бұрышта бұрыштық орналастыруда және беттің жоғары бөлігінің ортасында реквизиттерді бойлық орналастыруда қояды.

Егер бланкте РФ Мемлекеттік елтаңбасы немесе Ресей Федерациясының субъектісінің елтаңбасы орналастырылса, онда құжатта эмблема жасамайды.

4. Ұйымның кодын Кәсіпорындар мен ұйымдардың жалпы ресейлік жіктеуіші (КҰЖЖ) бойынша қояды.

5. Заңды тұлғаны негізгі мемлекеттік тіркеу нөмірін (НМТН) салық органдары беретін құжаттарға сәйкес қояды.

6. Салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі/есепке қою себебінің кодын(СТН/ЕҚК) салық органдары беретін құжаттарға сәйкес қояды.

7. Құжат формасының кодын Жалпы ресейлік басқару құжаттамасының жіктеуіші бойынша (ЖРБҚЖ) қояды.

8. Құжат авторы болып табылатын ұйымның атауы оның құрылтай құжаттарында бекітілген атауға сәйкес келуі тиіс.

Ұйымның атауында қысқартылған, ол жоқ болғанда — жоғары сатылы ұйымның толық атауын (ол бар болғанда) қояды.

Ресей Федерациясының мемлекеттік тілімен қатар (орыс) РФ субъектілерінің мемлекеттік тілі бар Ресей Федерациясы субъектілері ұйымдарының атауы екі тілде шығарылады.

Ресей Федерациясы субъектісінің мемлекеттік тілдегі немесе өзге тілдегі атауы төмен емесе Ресей Федерациясының мемлекеттік тілдегі атауынан оң жақта орналастырылады.

Ұйымның қысқартылған атауын ол ұйымның құрылтай құжаттарында бекітілген жағдайларда ғана келтіреді. Қысқартылған атауы (қапсырмаларда) толықтан кейін немесе оның артына орналастырады.

Филиал, аумақтық бөлімше, өкілдіктің атауын егер құжаттың авторы болып табылса көрсетеді және төменде ұйымның атауын орналастырады.

9. Ұйым туралы анықтамалық деректер почталық мекенжай, телефон нөмірлері және ұйымның қалауы бойынша басқа да мәліметтерді (факстердің, телекстердің нөмірлері, банктегі шоттар, электронды пошта мекен жайы және т.б.) қамтиды.

10. Ұйым жасаған немесе шығарған құжат түрінің атауы жарғыда анықталуы (ұйым туралы қағида) және ЖРБҚЖ (класс 0200000) көзделген құжат түрлеріне сәйкес келуі тиіс.

Құжат түрінің атауы— құжаттың маңызды реквизиттерінің бірі. Бұл реквизит факстер және хаттардан басқа барлық құжаттарға қойылады (ерекшелік — кепілдік хат).

Құжат түрінің атауы беттің ортасында реквизиттердің бойлық орналасуында орналасады және бұрыштық бланктер үшін сол жақ шекарадан тікелей орналасады. Баспа жазбаларымен басылады, мысалы БҰЙРЫҚ, АКТ, ӨКІМ, КЕПІЛДІК ХАТ.

11. Күні — «Құжат түрінің атауы» реквизитінің астына қойылатын құжаттың негізгі реквизиттерінің бірі.

Құжат күні оған қол қою немесе бекіту күні болып табылады, хаттама үшін — отырыс күні (шешім қабылдау), акт үшін — оқиға күні.

Екі немесе одан да артық ұйымдар шығарған құжаттар бір (бірыңғай) күнге ие болуы тиіс.

МЕМСТ Р 6.30 — 2003 күнін рәсімдеудің үш тәсілін анықтайды:

- құжат мәтінінде бар күндер, келісу, бұрыштау, бекіту, растау, қол қою және тіркеу күндері араб сандарымен сандық тәсілмен рәсімделеді: ай күні, айы, жылы. Ай күні және айы арабтық сандардың нүктелермен бөлінген екі жұбымен рәсімделеді; жылы — төрт арабтық сандар (КК.АА. ЖЖЖЖ). Егер күні немесе айы бір саннан тұрса, онда 0 қою қажет, мысалы, 2011 жылғы 8 шілде күнін 08.07.2011 рәсімдеген жөн;
- күнін рәсімдеудің екінші тәсілі Стандарттау бойынша халықаралық ұйымдар стандарттарының қағидаларына (ISO) сәйкес келеді және өзге реттілікті көздейді: жылы, айы, күні (ЖЖЖЖ.АА.КК). Мысалы, 2011 жылғы 8 шілде күнін 2011.07.08 рәсімдеген жөн;
- қаржылық сипаттағы ақпаратты қамтитын құжаттардың мәтіндерінде, сондай-ақ қаржылық, бухгалтерлік құжаттарда күнін сөздік-сандық рәсімдеу жолына рұқсат етіледі. Мысалы: 2011 жылғы 08 шілде.

12. Құжатты тіркеу нөмірі (индексі) тіркелетін массивтегі (шарттар, бұйрықтар, хаттамалар, хаттар және т.б.) оның реттік нөмірінен тұрады. Нақты іс қағаздарын жүргізу жүйесінде ұйымның қалауы бойынша реттік нөмірден басқа құжаттың индексін іс номенклатурасы, корреспондент, орындаушылар және т.б. туралы ақпарат бойынша іс индексін толтыруға болады.

Реквизиттің оң жағынан онымен бір жолда «Күні» көрсетіледі.

Екі жіне одан да көп ұйымдармен бірге жасалған құжаттың тіркеу нөмірі құжаттағы авторларды көрсету тәртібінде қисық сызық арқылы қойылатын осы ұйымның әрқайсының тіркеу нөмірлерінен тұрады.

Іс қағаздарын жүргізудің нақты жүйесінде құжаттың индексі реттік нөмірден басқа құрылымдық бөлімшенің индексін, номенклатура бойынша іс индексін, лауазымды тұлғаның индексін және т.б. қамтуы мүмкін.

13. Құжаттың тіркеу нөміріне және күніне сілтеме жауап берілуі тиіс тіркеу нөмірін және құжаттың күнін қамтиды. Алынған хаттан сілтемеге арналған күні мен нөмірі төмендегідей алынып, рәсімделеді: 03.08.2011 № 127/13-2.

Бұл реквизит тек хаттар мен факстердің бланкілерінде ғана көрсетіледі.

14. Құжатты жасау немесе шығару орны егер оны «Ұйымның атауы» және «Ұйым туралы анықтамалық деректер» реквизиттері

бойынша анықтау қиындаса ғана көрсетеді.

Жасау немесе шығару орнын қабылданған әкімшілік-аумақтық бөлуді ескерумен көрсетеді, ол жалпы қабылданған қысқартуларды қамтиды. Бұл реквизит тікелей сол жақ жолдан тікелей рәсімделеді, мысалы:

Орел қаласы

Мәскеу және Санкт-Петербург қалаларының атауларының алдына «г.» (қала) әрпі қойылмайтынына назар аударыңыз.

15. «Адресат» реквизиті хаттарда, факстерде рәсімделеді және құжатты алушы туралы мәліметтерді қамтиды. Адресат ретінде ұйымдар, олардың құрылымдық бөлімшелері, лауазымды немесе жеке тұлғалар болуы мүмкін.

Ұйымның және оның құрылымдық бөлімшесінің атауы атау септігінде көрсетіледі. Мысалы (осында және әрі қарай ұйымдардың мысалдары олардың анықтамалық деректері және т.б. шартты болып табылады):

Ресей Әділет министрлігі

Ақпараттандыру және ғылыми-техникалық
негіздеу департаменті

Құжатты лауазымды тұлғаға жіберуде аты-жөні тегінің алдында көрсетіледі. Құжат жіберілген тұлғаның лауазымын барыс септігінде көрсетеді, мысалы:

«Северные регионы» ААҚ Бас
директоры П.И.Сергеевке

немесе

«Спецэлектромонтаж» АҚ

Бас бухгалтері А.С.Ивановқа

Егер құжатты бірнеше біртектес ұйымдарға немесе бірнеше құрылымдық бөлімшелерге бір ұйымнан жіберсе, онда оларды жалпылап көрсеткен жөн, мысалы:

Мәскеу облысы аудандарының
әкімшілігі

Ең ұзын жолға катынасы бойынша «Адресат» реквизитінің әр жолын орталықтауға рұқсат етіледі. Осындай рәсімдеу үшін жойылған шектері бар кестені пайдалану қолайлы (жол — 1, бағандар — 2) (*Кесте/ Қою/ Кесте*). Қапсырмаларда пайдаланушының әрекеттер реттілігі көрсетілген.

Мысалы:

«Северная Венеция»
Баспа үйінің Бас
бухгалтері Н.В.Ларинаға

Құжат төрт адресаттан артықты қамтымауы тиіс. «Көшірме» сөзі екінші, үшінші, төртінші адресаттардың алдында көрсетілмейді. Адресаттардың көп санында құжаттарды жіберу тізімін жасайды.

«Адресат» реквизитінің құрамына почта адресі кіруі мүмкін. Пошта мекенжайының элементтері почта байланысы қызметтерін көрсету ережелерімен белгіленген реттілікте көрсетіледі: көше, үй, қала, почта индексі.

Хатты ұйымға жіберуде оның атауын, одан кейін пошталық мекен жайын көрсетеді, мысалы:

Құжаттандыру және мұрағат ісі Бүкіл ресейлік
ғылыми-зерттеу институты мемлекеттік мекемесі
Профсоюзная көшесі, 82-үй, Мәскеу, 117898

Құжатты жеке тұлғаға жіберуде алушының тегі және әкесінің аты, одан кейін пошта мекенжайы көрсетіледі, мысалы:

О.П.Образцовка
Садовая көшесі, 5-үй, 12-пәтер,
Липки қаласы, Киреевский ауданы,
Тюльская обл., 801264

16. Құжатты лауазымды тұлға (лауазымды тұлғалар) бекітеді немесе арнайы шығарылатын құжатпен бекітіледі. Құжатты лауазымды тұлға бекіткенде құжатты бекіту грифі БЕКІТЕМІН (тырнақшасыз) сөзінен, құжатты бекіткен тұлғаның лауазымының атауынан, оның қолынан, аты-жөні, тегі және бекіту күнінен тұруы тиіс, мысалы:

БЕКІТЕМІН
«Росэкспорт» ЖАҚ Президенті
Жеке қолы В.А.Степанов Күні

«Құжатты бекіту грифі» реквизитінде элементтерді ең ұзын жолға қатысты орталықтауға рұқсат етіледі. Осындай рәсімдеу үшін жойылған шекаралары бар кестені пайдалану қолайлы (жол — 1, бағандар — 2) (*Кесте/ Қою/ Кесте*).

Мысалы:

БЕКІТЕМІН
«Электронные технологии» АҚ
Бас директоры Жеке қолы

Л. В. Кузнецов |

Күні

Құжатты бірнеше лауазымды тұлғалар бекіткенде олардың қолдары бір деңгейде орналасады.

Құжатты қаулы, шешім, бұйрық, хаттамамен бекіткенде бекіту грифі БЕКІТІЛГЕН (БЕКІТІЛДІ) сөзінен, бекітетін құжаттың көмектес септігіндегі атауынан, оның күні және нөмірінен тұрады. Мысалы:

БЕКІТІЛГЕН

05.04.2011 №14 Жалпы жиналыс

шешімімен

немесе

БРҚМІҒЗИ 12.07.2012 № 82 бұйрығымен

БЕКІТІЛГЕН

Құжатты бекіту грифі құжаттың жоғары оң жақ бұрышында орналасады.

17. Резолюцияны «адресат» реквизитінің астына оң жоғары бұрышта тиісті лауазымды тұлға жазады. Ол орындаушылардың тегін, аты-жөнін, тапсырмалар мазмұнын (қажеттілігі болғанда), орындау мерзімін, қолы және күнін қамтиды, мысалы:

Н.В.Морозоваға

Н.А.Федосееваға

«ТЕРМИКА» Консалтингтік тобымен шарт

жобасын 05.10.2012 Консалтингтік шартты

дайындауды сұраймын*Жеке қолы*Күні

Резолюцияны жеке бетте рәсімдеуге рұқсат етіледі.

18. Мәтінге тақырып құжаттың қысқаша атауын қамтиды. Ол құжаттың ақпараттылығын, оның маңыздылығын немесе мерзімділігін тез анықтауға мүмкіндік береді, оны алуда, қарауда құжаттың мазмұнында бағдарлауға көмектеседі.

Тақырып құжаттарды тіркеуде міндетті түрде пайдаланылады. Тақырып қысқа болуы және мәтіннің мағынасын дәл беруі тиіс, ол құжат түрінің атауымен келісілуі тиіс.

Тақырып мынадай сұрақтарға жауап бере алады:

не туралы (кім туралы)? Мысалы:

аттестаттау комиссиясын құру туралы бұйрық;

неден (кімнен)? Мысалы:

жетекші сарапшының лауазымдық нұсқаулығы.

A5 форматты бланкілерде рәсімделген құжаттардың мәтініне тақырыпты көрсетпеуге болады.

19. Құжатты орындау үшін бақылау туралы белгіні «К» әрпімен, «Бақылау» сөзімен немесе мөртаңбамен белгілейді.

20. Құжат мәтінін Ресей Федерациясының мемлекеттік тілінде немесе Ресей Федерациясының субъектілерінің және Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес Ресей Федерациясы субъектілерінің мемлекеттік тілдерінде жасалады.

Құжаттардың мәтіндерін анкеталар, кестелер, мәтін немесе осы құрылымдардың қосылыстары түрінде рәсімдейді.

Анкета түріндегі мәтінді жасауда сипатталатын объектінің белгілерінің атауы зат есіммен атау септігінде немесе оы немесе өткен шақтағы көптік жалғаулы екінші жақты етістікпен сөз тіркесте берілуі тиіс («бар», «иелік етесіз» немесе «болды», «болған» және т.б.). Сөзбен айтылған сипаттамалар белгілер атауларымен келісілуі тиіс..

Кесте бағандары және жолдары атау септігінде айтылған атауға ие болуы тиіс. Бағандар және жолдардың тақырыптары тақырыптармен келісілуі тиіс. Егер кестені бір беттен артық шығарса, кесте бағандары нөмірленуі және келесі беттерде осы бағандардың нөмірлері ғана терілуі тиіс.

Мәтін, ереже бойынша екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде құжатты жасау себептері, негіздері, мақсаттары, екіншіде (қорытындыда) — шешімдер, өтініштер, ұсыныстар, ұсынымдар көрсетіледі. Мәтін бір қорытынды бөлімді ғана қамтуы мүмкін (мысалы, бұйрықтар — констациялаусыз өкімдік бөлімі; хат, өтініштер — түсіндірусіз өтінішті).

Басқа ұйымдардың немесе бұрын құжат шығарғандардың құжаттары негізінде дайындалған құжат мәтінінде олардың реквизиттері көрсетіледі: құжаттың атауы, ұйымның атауы — құжаттың авторы, құжаттың күні, құжатты тіркеу нөмірі, мәтінге тақырып.

Егер мәтін бірнеше шешімдерді, қорытындыларды және т.б. қамтыса, онда оларды, араб цифрларымен нөмірлейтін тармақтарға, тарауларға, тармақшаларға бөлуге болады.

Дара басшылық принциптерінде әрекет ететін құжаттарда (бұйрық, өкім және т.б.), сондай-ақ ұйым басшылығын жіберілген құжаттарда мәтінді жекеше түрде бірінші тұлғаның атынан баяндайды («бұйырамын», «ұсынамын», «өтінемін»).

Алқалық органдардың құжаттарында мәтін жеке түрдегі үшінші тұлғадан баяндалады («қаулы етеді», «шешті»).

Бірлескен құжаттарда мәтін көпше түрде бірінші тұлғаның атынан баяндалады («бұйырамын», «шешті»).

Хаттама мәтіні көпше түрде үшінші тұлғадан баяндалады («тындады», «сөз сөйледі», «қаулы етті», «шешті»).

Ұйымның, олардың құрылымдық бөлімшелерінің құқықтары мен міндеттерін анықтаған құжаттарда (қағида, нұсқаулық), сондай-ақ айғақтар мен тұжырымдарды бағалау, сипаттауды қамтитын (акт, анықтама) құжаттарда жекеше немесе көпше түрдегі мәтінді баяндау

формасын пайдаланады («бөлім функцияларды жүзеге асырады», «бірлестік құрамына кіреді», «комиссия анықтады»).

Хаттарда келесі баяндау формаларын пайдаланады:

- көпше түрдегі бірінші жақтан («жіберуді сұраймыз», «қарауға жібереміз»);
- жекеше түрде бірінші жақтан («қажет деп санаймын», «бөлуді сұраймын»);
- жекеше түрде үшінші жақтан («министрлік қарсылық білдірмейді», «БРҚМІҒЗИ мүмкін деп санайды»).

21. Хат мәтінінде айтылған қосымшаның бар болуы туралы белгіні төмендегідей рәсімдейді:

Символдарды қою *Символ (Қою/Символ)* терезесінің диалогтық қабықшалары көмегімен немесе пернелер үйлесімімен жүргізіледі. *Автоауыстыру* функциясы енгізуде символдармен мәтінді автоматты ауыстыруға мүмкіндік береді.

Ажырамайтын шегініс. Кейбір сөз тіркестері, мысалы бірнеше сөзден тұратын ұйымның атауы екі жолдан тұратын құжаттарды жиі көруге болады, ол осы сөз тіркесінің көру арқылы ажырауына әкеледі. Бұндай көру арқылы ажырау ресми құжатты әсемдемейді.

Жаңа жолға ауысуда тұтас сөз тіркесінің сөздерінің бірінің

ажырауын болдырмауға мүмкіндік беретін тәсіл бар. Ажырамайтын шегіні және ажырамайтын сызықша бөледі.

Ажырамайтын шегіністі беру үшін [Ctrl] + [Shift] пернелерін біруақытта басу керек және осы кезде бағдарлама осы сөз тіркесін жаңа жолға тұтастай ауыстырады және сөздің сөз тіркесінен ажырауына тыйым салынатын болады.

Ажырамайтын сызықшаны беру үшін біруақытта [Ctrl] + [Shift] пернелерін басу керек.

Беттерді қатты бөлгіш. Жаңа бетті бірнеше жолмен бастау. Бетті қатты ажыратқышты қоюды пайдалануға болады. Бұны *Қою/Ажырау* командаларын орындап немесе [Ctrl] + [Enter] түймелерін біруақытта басумен орындауға болады.

Қатты бөлгішті қою бетті әдеттегі бөлу сияқты, бірақ бір ерекшелікпен жұмыс істейді: сіз жаңа беттің қай жерде басталатынын өзіңіз шешесіз. [Ctrl] + [Enter] түймелерін басу сіздің құжатқа *Жаңа бетке өту символын* енгізеді, ол алдыңғы беттердегі мәтінді сіздің қалай өзгерткеніңізге қарамастан, жаңа бетке өту кедергісін жасай отырып осы сәттен бастап осы орында болады. [Delete] немесе [Backspace] пернелерін басумен қатты таратқыш жойылады.

Құжат бойынша жылжу. Үлкен құжат экранда толығымен орналаспауы мүмкін және сізге тек оның бөлігі ғана көрінетін болады. Егер сіз мәтінді ретті терсеңіз, онда сіз экранда тек соңғы енгізілген фрагментті ғана көретіндей бағдарлама құжатты автоматты түрде жоғары жылжытатын болады.

Бұрын енгізілгенді редактірлеу және қарау үшін құжат бойынша жылжи білу керек. Оны пернетақта көмегімен де, компьютерлік тышқан көмегімен де жүзеге асыруға болады. Осы екі тәсілді де қарастырайық.

Пернетақта көмегімен жылжу. Мәтін бойынша жылжудың қарапайым тәсілі курсорды басқару түймелерін пайдалану болып табылады, бірақ барынша тез жылжу үшін кейбір басқа жолдары пайдаланылады:

Жоғарыдағы бетке жылжу үшін [PageUp] пернесі, ал төмендегі бетке түсу үшін — [PageDown] пайдаланылады;

курсорды ағымдық жолдың басына [Home], ал ағымдық жолдың соңына ауыстыру үшін — [End] басыңыз;

курсорды мәтіннің басына [Ctrl] + [Home], ал мәтіннің соңына ауыстыру үшін [Ctrl] + [End] басыңыз.

алдыңғы сөзге ауысу үшін [Ctrl] басыңыз және оны жіберместен курсорды басқару пернесін [^], ал соңғы сөздің басына өту үшін [Ctrl] + [Z] басыңыз. Егер [Ctrl]-мен біруақытта [t] түймесін басса алдыңғы немесе соңғы абзацқа өту болады;

құжаттың ерікті жеріне өтуде [F5] пернесін пайдаланған жөн.

Мәтін фрагментін қалпына келтіру. Біз бәріміз күндердің күнінде

өз ниетімізді өзгертеміз. Және егер осыған дейін жойылған мәтін фрагментін қалпына келтіру қажеттілігі туындаса, үш жолдың бірін қолдануға болады:

- [Alt] + [Backspace] немесе [Ctrl] + [Z] немесе түймелерінің үйлесімін біруақытта басу;
- *Түзету/ Енгізуді жою* командасын таңдау;
- *Жою* батырмасын шерту.

Мәтінді форматтау. *Форматтау* — бұл оның мазмұнын өзгертусіз мәтіннің сыртқы түрін өзгерту. Бұнда сөзді құрайтын әріптер өзгермейді, тек олардың сыртқы түрі, яғни жазылуы ғана өзгереді. Word редакторында жекелеген символдар және тұтас абзацтарды форматтауды ажыратады. Символдарды форматтау шрифтті, символдар өлшемдерін және жазылуын таңдауға әкеледі. Абзацтарды форматтау көршілес абзацтар арасындағы және қағаз парағының шетінен шегіністерді орнатуда, қызыл жолды жасауда, мәтінді және т.б. тегістеуде жатыр.

Мәтінді теруде Word автоматты түрде осы учаскені тергенге дейін үнсіздік бойынша бағдарламамен орнатылған символдар мен абзацтардың параметрлерін пайдаланады. Әдетте мәтін сол жақ шекара немесе ені бойынша тармақтардың абзац жолдарын тегістеумен 12 өлшемді Times New Roman әдеттегі әріптермен енгізіледі. Бұндай мәтінді, мәтінде арнайы рәсімделген фрагменттердің жоқтығын білдіре отырып, форматталмаған деп атауға болады.

Форматтаудың екі тәсілін ажыратады: упрощенный с помощью *Форматтау* құралдар панелінің көмегімен оңайлатылған және *Форматмәзірі* командаларының көмегімен әмбебап. Форматтау командаларын сондай-ақ тышқанның оң батырмасымен туындайтын контекстік мәзірден шақыруға болады.

Шрифтті форматтау. Құралдар панелінің көмегімен мәтін символдарын форматтау белгіленген фрагменттің шрифтінің өлшемін және жазылуын, шрифт гарнитурасын өзгертуге мүмкіндік береді. Бұдан басқа символдардың жазылуын көрсетуге болады. Шрифтті форматтау терезесі *Формат/ Шрифт* командасымен шақырылады.

Гарнитура (шрифт типі) символдардың тұтас жинағының, оның ішінде бас және кіші әріптер, сандар, тыныс белгілері және арнайы символдардың жазылу ерекшеліктерін анықтайды. Шрифттің әр типі символдардың жазылуының бірнеше стиліне ие, мысалы, жартылай қалың, курсив, жартылай қалың курсив, әдеттегі. Бұдан басқа символдардың және мәтін фрагменттерінің астын сызуды енгізуге болады.

Бұл қызықты

Шрифт өлшемі шекте өлшенеді. Кегль (шрифт өлшемі) — бұл шекте өлшенетін тік өлшем. Бір тармақ 0,376 мм теңеседі. Құжаттардың басым бөлігі үшін шрифттің 10 — 12 кеглі пайдаланылады, онда газет жолағы 8-шекті шрифттерге ие болуы мүмкін. 14 тармақтан артық шрифт өлшемі әдетте тақырыптар және белгілеуге арналған арнайы жағдайларда пайдаланылады.

Мәтіннің белгіленген учаскесін форматтауды жүргізе отырып, осы форматты өз құжатыңыздың басқа учаскелеріне көшіруге болады. Ол үшін мәтіннің форматталған фрагментін белгілеу және *Стандартты* құралдар панеліндегі қылқалам суреті бар батырманы басқан жөн. Бұл батырма *Үлгі бойынша формат* атауына ие. Тышқан сілтегіші бұнда қылқалам формасына ие. Тышқанның басылған сол батырмасымен жылжи отырып, сіз таңдалған форматты басқа фрагменттерге көшіресіз. Әдеттегі жұмысқа қайту үшін [Esc] пернесін басыңыз.

Мәтін абзацтарын форматтау. Абзацты форматтау келесі параметрлерді:

- абзацтың бірінші жолының шегінісі;
- абзац жолдарын тегістеу — солға, ортасынан, оңға, ені бойынша;
- беттегі абзацтың ені және жағдайын;
- жоларалық интервал және аралық, яғни шектес абзацтар арасындағы қашықтықты өзгертуге мүмкіндік береді.

Форматтау құралдар панелінде таңдаудың төрт батырмасы бар,  олардың әрқайсысы абзац жолдарын тегістеу жолдарының бірін анықтайды (солдан оңға):

- абзацтың сол жақ шекарасы бойынша тегістеу;
- ортасынан тегістеу;
- абзацтың оң шекарасы бойынша тегістеу;
- құжаттың ені бойынша тегістеу.

Ені бойынша тегістеуде сөздер арасындағы аралықтар сәл ұлғаяды.

Абзацты форматтау үшін таңдалған абзацта курсорды орнату, одан кейін тегістеу жолын таңдау үшін тисті батырманы басу қажет.

Абзацтың бірінші жолында шегіністі анықтау үшін тышқанмен көлденең сызғышта жоғары маркерді (үшбұрышты) оңға ауыстырыңыз. Тышқанмен сол және оң төменгі маркерлерді (үшбұрыштарды) ауыстыра отырып беттің сол және оң жақ шекарасына абзацтың шегіністерін өзгертуге болады, яғни абзацтың сол және оң шекарасын анықтауға болады. Осы тәсілмен беттегі абзац жағдайы реттеледі.

Көлденең сызғыштағы сол төменгі маркер біріншіден басқа абзацтың барлық жолдарының сол шекарасын анықтайды, ал көлденең сызғыштың оң төменгі маркері абзацтың барлық жолдарының оң

шекарасын анықтайды.

Абзацты форматтау терезесі *Формат/ Абзац*командасымен шақырылады.

Тізімдер түрінде мәтінді форматтау. Тізімді құру мақсаты — элементтердің кейбір тізбесін құрайтын мәтін абзацтарын рәсімдеу. Кез келген тізімнің элементі әдеттегі абзац болып табылады. Бірнеше ретті абзацтарды тізім түрінде рәсімдеуге болады.

Тізімдегі әр абзац қандай да бір символмен — нөмірмен, маркермен немесе әліпби әрпімен басталады. Тізімді жасау үшін маркерлер және нөмірлер мәтіннің бар жолдарына қолмен қосылады немесе құжат мәтінін енгізуде автоматты түрде жүзеге асырылады. Тізімді *Формат/Тізім* мәзірінің командалары немесе *Форматтау* құралдар панеліндегі батырмаларды қолданумен рәсімдеуге болады.

*Формат/ Тізім*мәзірін пайдаланумен тізімді жасау үшін келесі әрекеттерді орындау қажет:

- тізімнің барлық элементтерін белгілеу;
- *Формат/ Тізім*командасын таңдау;
- *Тізім* диалогтық қабықшасында тізім түріндегі тиісті қосымшаны таңдау (маркирленген, нөмірленген немесе көп деңгейлі) және тізімнің сәйкес келетін түрін көрсету кіші терезесінде шерту;
- *OK* батырмасын басу.

Тізім маркерін өзгерту *Өзгерту* батырмасымен жүргізіледі.

Санау тізімін оңайлатылған қалыптастыру үшін *Форматтау* панелінің тізімдерін рәсімдеудің екі батырмаларының бірін қолдануға болады.

Мәтінді теруде жиі бұзылатын ережелер. Компьютерлік терудің жиі бұзылатын ережелеріне төмендегілерді жатқызуға болады:

- тыныс белгілері алдыңғы мәтіннен ажыратылмайды;
- бір аралықпен аралықпен сандар «№» және «§» символдарынан ажыратылады; алайды енгізуде «ажырамайтын» аралықты пайдалану керек, ол форматтауда созылмайды, ауыстыруда үзілмеген;
- сызықша аралықтармен бөлінбейді; компьютерлік теруде әдетте тиренің орнына сызықшаны пайдаланады, себебі пернетақтаның стандартты жаймасында тире жоқ. Мәтінде тире белгісін теру үшін біруақытта [Ctrl]+ [—] пернелерін сандық пернетақтада басқан жөн;
- тире, керісінше аралықпен бөлінеді; «бастап» және «дейін» мағынасы бар үйлесімдер ерекше болып табылады, мысалы 2005 — 2010 жж.

Барлық айтылған жағдайларда бөлу бір аралықтан артық болмауы тиіс және осы аралықта тасымалдауға рұқсат етілмейді. Сол ебепті бұл жерде тек «ажырамайтын» аралық керек. Осы себепті сөйлем басталатын шылаудан кейін дәл «ажырамайтын» аралықты қоюды ереже ретінде алған жөн. Редакторлық түзету нәтижесінде ол жолдың соңында болуы мүмкін, ал ережелер жаңа сөйлемнен басталатын жолды шылаумен немесе жалғаулықтармен аяқтауға тыйым салады.

Қысқартуларды пайдалануда кездесетін әдеттегі қателер. Қысқартуларды пайдалануда кездесетін қалыпты қателерді келтірейік:

- «т.с.» және «с.ж.» типті қысқартулар жаңсақтықпен аралықта жазылады;
- сөйлемнің соңында ғана рұқсат етілген «және т.б.», «және т.с.», «және с.ұ.» қысқартулары оларды толық жазу керек болатын сөйлемнің ортасында жиі кездеседі;
- жалпы қолданылатын қысқартулардың соңында «кг», «т», «ц», «км» көбіне нүкте қойылады, ол мүмкін емес.

Айтылған ережелерді орындау үшін мәтінді терудің төмендегі мәдениетін ұсынуға болар еді:

- аралық керек, бірақ келесі жолға ауыстыру мүмкін болмағанда, «ажырамайтын» аралық символы қойылады;
- сызықша керек болғанда және келесі жолға тасымалдау мүмкін емес болғанда «ажырамайтын» сызықша символын қояды;
- тыныс белгілерін аралықтармен ажыратпау.

4.5. МӘТІНДІК ҚҰЖАТТА КЕСТЕ ЖАСАУ

Кесте жолдардан және бағандардан тұратын объект. Кестенің негізгі құрылымдық элементі қатарлардың және жолдардың қиылысында түзілетін ұяшық болып табылады. Кесте ұяшықтарында әр түрлі деректер бар — мәтін, сандар, графика және т.б. Кестелердің көмегімен құжаттарды форматтау қолайлы. Кестелермен негізгі операциялар басты мәзірдің *Кесте* мәзірінің командаларымен жүргізіледі.

Кестелер жасаудың екі жолы бар: оны соңыра толтырумен бос кесте жасау және кестедегі бар мәтінді түрлендіру.

Бос кесте жасау. Кестені құжатқа келесі жолдармен қою:

- жасалатын кестенің жолдары және бағандарын енгізудің тиісті шеттерінде көрсетіп *Кесте/Қою/Кесте* мәзірі командасының көмегімен;
- *Кестені қою* батырмасының көмегімен стандартты құралдар панелінде;
- *Кестелер және шекаралар* құралдар панелінде

Мәтінді кестеге түрлендіру. Белгіленген мәтінді немесе деректерді кестеге түрлендіру *Кесте/ Түрлендіру/Кестедегі мәтін* командасымен жүргізіледі.

Кесте жасаудың осы жолы Word нені ұяшық, нені кесте жолы деп түсінуі үшін мәтінді терудің кейбір ережелерін көздейді. Сол себепті

4.1-кесте.

Күні	Жоспарлы тауар айналымы	Нақты тауар айналымы
2005	13 542	13 457
2006	16 754	15 486
2007	13 658	14 358

мәтінді немесе деректерді теруде оларды [Tab] пернелерін басумен ажырату керек, ал болашақ кестенің әр жолын жеке абзац түрінде енгізуге болады, ол үшін әр жолдың соңында [Enter] пернесін басу керек. [Enter] басылған пернесінің саны бойынша бағдарлама болашақ кестенің жолдар санын анықтайды.

Одан кейін кестеге қатысты фрагментті белгілеу, *Кесте/Кестеге түрлендіру* командасын таңдау және *OK* батырмасын басу. Бұнда мәтінді түрлендіру болады.

Түрлендіру мысалы ретінде 4.1-кестені келтірейік. Осындай түрдегі кестені алу үшін 4.8-суреттегідей мәтін теру қажет.

Тәжірибеде алдымен кесте жасау, одан кейін оны деректермен толтыру ыңғайлы.

Кестені редактірлеу. Кестелерді редактірлеу деп жолдар/бағандар ені/биіктігінің өзгеруін, кесте ұяшықтарына біріктіру және бөлуді, жолдар және бағандарды қосу немесе жоюды түсінеді.

Кестелердегі шекараны өзгерту үшін кестенің кез келген жерінде шертңіз. Белгілі бір ұяшықтардың шекарасын өзгерту үшін керек ұяшықтарды ғана, оның ішінде ұяшық символдарын белгілеңіз. Бағандардың енін немесе жолдардың биіктігін өзгерту тышқанмен шекараларды ауыстырумен болады. Баған енін немесе жолдың биіктігін *Кесте/Кестенің қасиеттері* командасының көмегімен дәл беруге болады.Кестенің бір ұяшығының енін өзгерту үшін оны алдын ала белгілеу қажет.

Жолдар мен бағандарды бар кестеге қосу немесе жою алдын ала жолды немесе бағанды белгілеп, *Кесте/Қою* және *Кесте/Жолды жою* (баған) командаларының көмегімен жүргізіледі.

Кестенің төменгі бөлігіне жаңа жолды қосу үшін курсорды кестенің

соңғы жолының соңына орнату және [Tab] пернесін басу қажет.

Ұяшықтарды біріктіру және бөлу *Кесте/Ұяшықтарды біріктіру* және *Кесте/Ұяшықтарды бөлу* мәзірінің командаларымен немесе  батырмаларының көмегімен жүргізіледі.

Күні	→	Жоспарлы тауар айналымы	→	Нақты тауар айналымы Ц
2005	→	13542	→	13457Ц
2006	→	16754	→	15486Ц
2007	→	13658	→	14358Ц

4.8-сурет. Оны кестеге түрлендіру үшін мәтінді теру



«Прогресс» ЖШҚ
«Вояж» фирмасы

4.9-сурет. Кестелерді қолданумен құжаттарды рәсімдеу

Кестені екі жолмен жоюға болады: кестені барлық ішіндегісімен жою және тек кестенің ішіндегін ғана жою. Барлық айырмашылық кестені белгілеу жолында жатыр. Егер курсорды кестенің астына қойып, оны тышқанмен белгілесе (яғни одан кейінгі жолмен кестені белгілеу), одан кейін [Delete] түймесін басса, онда барлық кесте оның ішіндегімен жойылады. Тек кестені ғана дұрыс белгілеген жағдайда, *Кесте /Белгілеу* командасын пайдаланумен делікжәне осымен [Delete] пернесін басқанда тек кестенің ішіндегі ғана жойылады.

Кесте ұяшықтарын жою үшін *Кесте/Ұяшықтарды жою* командасын немесе *Стандартты* құралдар панелінде *Кесіп алу*  батырмасын пайдаланады.

Кестелерді деректерді жүйелеу үшін ғана емес, мәтіннің кейбір фрагменттерінде мәтінді үйлестірілген тегістеу талап етілгенде құжаттар жасауда да қолдану қолайлы. Мысалы, бланктің жоғары бөлігінде ұйымның бланкісі формасын жасауда әдетте ұйымның фирмалық белгісі, ал оң жақтан — оның жолдың қалған бөлігінде орталықтанған атауы орналасады. Осы әсерді бәрінен бұрын кесте көмегімен жасау оңай. Ол үшін екі бағаннан және бір жолдан тұратын кесте жаса қажет, кестенің сол ұяшығына фирмалық эмблеманы орналастырыңыз, ал оң ұяшықта ұйымның атауы теру және тиісті, мысалы ортасынан тегістеуді беру қажет. Кесте ұяшықтарының енін талап етілетін мәнге дейін өзгертуді және кестенің сызықтарын алуды ұмытпаңыз. Мысалдық нәтиже 4.9-суретте көрсетілген.

Кестелерді форматтау. Кестелерді форматтау кестенің өзінің сызығын және кесте ұяшықтарындағы деректерді білдіреді. Word құжаттарында барлық үнсіз қалу бойынша кестелер қара жұқа шекараға ие, ол шығаруда көрсетіледі. Кестелердің сыртқы түрін өзгерту, яғни шекара және ұяшықтар фонын орнатуды автоматты түрде немесе қолмен жүргізуге болады. Кестелердің сыртқы түрін автоматты форматтау *Кесте /Автоформат* командасының көмегімен жүргізіледі.

Кестені автоформаттау *Үлгі* терезесінде қарауға болатын *Форматтар* тізімінде ұсынылған кестелерді рәсімдеу нұсқаларының үлкен тобын ұсынады.

Кесте ұяшықтарын форматтауды *Формат /Шекаралар және құю* командасының көмегімен қолмен орындауға болады. *Шекаралар және құю* диалогтық қабықшасы талап етілетін параметрлерді таңдауға мүмкіндік береді. *Шекара* қосымшасында шекара типі (*Жоқ, Тор, Жиектеме* және т.б.), шекара сызығының типі және ені беріледі.

Кестедегі керек шекаралар үшін ғана тез өзгеруге арналған *Кестелер және шекаралар* құралдар панелін пайдалануға болады. Бұнда жаңа шекара форматтарын таңдау үшін *Сызық типі, Сызық қалыңдығы* және *Шекара түсі* құралдары пайдаланылады, одан кейін *Кестені сызу* батырмасы басылады, одан кейін бұрыннан бардың үстінен жаңа шекара боялады.

Сызықтарды салу құралы кез келген конфигурациялы кестені жасауға мүмкіндік береді, ал ұяшықтардағы мәтінді тігінен орналастыруға болады. *Формат* мәзірінде *Мәтін бағыты* командасы бар, ол мәтінді тігінен, шығаруларда және кадрларда орналастыруға мүмкіндік береді.

Құю қосымшасында ұяшықтар фонының түсін немесе өрнекті беруге болады. Кестені құю үшін кестенің кез келген орнында шерту жасау қажет, ал белгілі бір ұяшықтарға құюды қосу үшін керек ұяшықтарды, оның ішінде ондағы деректерді белгілеу керек. Одан кейін *Формат* мәзірінде *Шекаралар және құю* командасы, *Құю* қосымшасы тандалады және тізімнен *Қолдану* керек параметрлері беріледі.

Мәтінді тегістеу және кесте ұяшықтарындағы шрифтін форматтау әдеттегі жолмен *Формат/Шрифт* және *Формат/Абзац* командаларын пайдаланумен жүргізіледі.

Кесте мәзірінде сызығыштар сызуға арналған құралдар бар, ал оларды өшіру үшін өшіргіш көзделген. Осы құралдардың көмегімен ерікті конфигурация кестесін жасауға болады.

Кесте ұяшықтарындағы деректерді жою [Delete] пернесімен оларды алдын ала белгілегеннен кейін жүргізіледі.

Құжатты сақтау. Word-пен жұмыста құжатты сақтау *Файл /Қалай сақтау* кереккомандасымен немесе *Стандартты* құралдар панелінде *Сақтау* дискет суреті бар батырмамен жүргізіледі. Құжаттарды сақтау үшін пернетақта түймелерінің үйлесімін пайдалануға болады, мысалы Word XP [Shift] + [F12] үшін.

Құжат файлын сақтауда оған *Құжатты сақтау* терезесінде ашылатын диалогтық қабықшалардағы атауды тағайындау қажет. Бұл терезе файлдың атауы, жолы және құжатты сақтауға арналған диск, сондай-ақ сақтау форматын беру қажет бірнеше жолдан тұрады.

Құжатты баспаға дайындау. Құжатты шығаруға дайындауда колонтитулдар, бет нөмірлері және құжат параметрлерін беру — құжат жолдарын, беттің өлшемі мен бағдарын рәсімдеу қажет. Колонтитул деп құжаттың әр бетінің жоғары және төменгі жолында орналасқан аймақтарды атайды. Колонтитулға әдетте мәтін және/немесе сурет (бет нөмірі, құжатты шығару күні, ұйымның эмблемасы, құжаттың атауы, файлдың атауы, автордың тегі және т.б.) қойылады, ол құжаттың әр бетінің астынан немесе үстінен шығарылуы тиіс. Колонтитулмен жұмысты бастау үшін *Түрі/Колонтитулдар* командасын тандаңыз, Колонтитулдар құралдарының панелі пайда болады.

Бет нөмірлерін беру. Беттердің нөмірлерін қою үшін *Колонтитулдар* құралдар панелінде *Бет нөмірлері*  батырмасын немесе Қою мәзірінен Бет нөмірлері командасын пайдаланыңыз. Екі жағдайда да бет нөмірлері жоғары немесе төмен колонтитулға қосылады.

Қою/Бет нөмірлері... командасын пайдалануда күйлеудің қосымша параметрлері қол жетімді, мысалы *Орын жағдайы* тізімінен таңдау, онда беттің үстінен немесе астынан беттердің нөмірлерін шығарған жөн.

Бет нөмірлерін жою. Бет нөмірлерін жою үшін мәзірде *Түрі/Колонтитулдар* командасын таңдау керек. Егер бет нөмірлері беттің астында орналасса, *Жоғары/төменгі колонтитул* батырмасына құралдар панелі *Колонтитулдарды* басыңыз және бет нөмірін белгілеңіз. Егер беттердің нөмірлерін қою үшін *Қою* мәзірінен *Бет нөмірлері* командасы пайдаланылса, беттің нөмірінің айналасында орналақан жиектемені белгілеңіз. Одан кейін [Del] пернесін басыңыз. Беттің нөмірлері құжаттың барлық беттерінен жойылатын болады.

Бет параметрлерін беру. Шығарар алдында құжаттың беттерінің параметрлерін орнату қажет. Оларға парақтың өлшемі және бағдары, жолдар шамасы, беттің жоғары және төменгі шеттерінен қашықтық жатады. Беттердің параметрлері барлық құжат үшін бірдей болуы мүмкін, әр түрлі шектерде әр түрлі болуы да мүмкін.

Бет өлшемін таңдауда шығаратын құрылғыға бейімделіңіз. А4 форматты парақты кез келген қазіргі принтерлерден шығаруға болады, онда А3 форматын тек принтерлердің арнайы түрленіміғана қолдайды. Бет бағдары кітаптық (парақ биіктігі енінен көп) немесе альбомдық (парақ биіктігі енінен аз) таңдалуы мүмкін.

Жолдардың шамаларын орнатуда бәрінен бұрын біржақты шығару немесе екі жақты шығару пайдаланылатынын анықтау қажет. Бір жақты шығаруда шығарылатын басылым ішіндегі баспа парағының бір жағында ғана орналасады (бұнда шығару баяндамалар, рефераттар, диссертациялар және т.б. рәсімдеуде жиі пайдаланылады). Бұл жағдайда жоғары, төмен, сол және оң жолдар ажыратылады. Журнал және кітап басылымдарын дайындауда екі жақты шығару қолданылады. Бұл жерде айналық шеттер ажыратылады, сондай-ақ сол және оң жолдардың орнына ішкі және сыртқы жолдар түсініктері пайдаланылады.

Бет параметрлерін орнату үшін *Файл/ Бет параметрлері* командасын пайдаланады. Бұл терезеде үш тарау бар: *Шеттері*, *Қағаздың өлшемі*, *Қағаз көзі*.

Шеттер өлшемі және түрі, сондай-ақ түптеу жағдайы *Шеттері* тарауында анықталады. Шеттерінің өлшемін анықтауда түптеу шамасының ішкі (немесе сол жақ) шамасын ұлғайту немесе түптеу шамасын жеке орнату қажет. Қағаз өлшемі және бағдары *Қағаз өлшемі* тарауында анықталады. *Қағаз көзі* тарауында колонтитулдар жағдайы және беттерді тегістеу болады.

Бұл қызықты

Егер құжатты қарауда соңғы бетті екі-үш жол орналасқаны көрінсе, барлық мәтінді тұтастай орналастыруға болатынын көруге болады. Ол үшін «Бетті қиыстыру»батырмасын алдын ала қарау режимін басып орындаған жөн. Беттер санын азайту құжатта пайдаланылатын шрифттер өлшемдерін азайту есебінен қол жеткізіледі.

Құжатты шығару. Құжатты басуға шығарар алдында алдын алау құжаттың қағазда қалай көрінетінін қарау пайдалы, себебі осы түр пайдаланылатын принтерге байланысты болуы мүмкін.

Құжатты алдын ала қарау үшін *Түрі /Бетті белгілеу* командасының көмегімен бетті белгілеу режимін таңдаған жөн. Құжаттың *Бетті белгілеу* (*Әдеттегі* режиміндегі түрден айырмашылығы) режиміндегі түрі ол шығарылған түрде құжатты жасауға, форматтауға және редактірлеуге мүмкіндік береді. Құжатты қарау масштабын *Түрі /Масштаб* командасының көмегімен өзгертуге болады.

Командамен шақырылатын *Файл/Алдын ала қарау* командасымен берілетін *Алдын ала қарау* режимі, құжаттың бірнеше беттерінің

басылған түрінде қалай көрінетінін көруге мүмкіндік береді.

Құжатты шығаруға дайындауда шығару параметрлерін орнату қажет, мысалы шығаруға шығарылатын беттер нөмірлері, көшірмелер саны және т.б. *Файл /Шығару* командасы басып шығаруға шығарылатын беттер нөмірлерін және көшірмелер санын принтер таңдауға мүмкіндік беретін *Басып шығару* панелінің диалогтық қабықшасын шақырады.

Бұдан басқа *Параметрлер* батырмасын пайдалана отырып, басып шығару үшін қосымша параметрлер беруге, мысалы графикалық объектілерді шығаруға немесе екі жақты басып шығаруды жүзеге асыруға болады — алдымен барлық тақ беттер, одан кейін жұптар.

Құжатты басып шығарар алдында баспа параметрлерін күйлеу және міндетті түрде оларды *Алдын ала қарау* режимінде күйлеуді тексеру қажет.

Бақылау сұрақтары

1. Қандай мәтіндік редакторларды білесіз?
2. Құжатты құру кезеңдерін атаңыз.
3. Word құжатының бет параметрлерін қалай анықтауға болады?
4. Абзац дегеніміз не және оны Word редакторында қалай жасауға болады?
5. Мәтін фрагменті жолының соңында [Enter] түймесін неге басуға болмайды?
6. Мәтінді көшіру ауыстырудан несімен ерекшеленеді?
7. Word құжатын форматтауда қандай операциялар пайдаланылады?
8. Мәтіндік құжатта кестені қалай жасауға болады?

EXCEL-2003 ҚҰЖАТТАРДЫ ЖАСАУ

Жұмыста және үйде, дүкенде және банкте — бізді барлық жерде сандар қоршайды. Көптеген біздің көптеген замандастарымыз үшін қызметтің қалыпты түрі болды, ал бухгалтер үшін әсіресе. Есептеулерді автоматтандыру және алынған нәтижелерді ұсыну үшін электронды кестелер көрнекі түрде пайдаланылады.

Бұл қызықты

VisiCalk (Visible Calculator қысқартылған атауы — көрнекі калькулятор) электрондық кестелердің бірінші бағдарламасы 1979 ж. студент Дэн Бриклин (Dan Bricklin) және Боб Френкстон (Bob Frankston) жасады. В 1980-жылдары MS DOS операциялық жүйесімен жұмыс істеген Computer Associates фирмасының Lotus Development және SuperCalc фирмаларының Lotus 1, 2, 3 электрондық кестелері кеңінен таралды.

Windows басқаруымен барынша жетілдірілген және Microsoft Excel құрметіне ие Novell фирмасының QuattroPro электрондық кестесі болып табылады.

Ең танымал және таралған электрондық кесте Microsoft фирмасының кеңселік пакетінің бағдарламасы — MS Excel болып табылады.

5.1. MS EXCEL-2003 БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ТЕРЕЗЕСІ

Excel кестелік процессоры деректерді редактірлеу, форматтау және математикалық өңдеудің маңызды құралдарына ие, диаграммалармен және суреттемелермен жұмыс істеуге мүмкіндік береді, басқа фирмалардың ұқсас өнімдерімен сәйкестікті қамтамасыз етеді.

Windows-бағдарлама бола отырып, Microsoft Excel өзінің жұмысы үшін Windows ортасын талап етеді. Windows-95 және Windows-NT бар пайдаланушылар әдетте Excel-7.0 және Excel-97, Windows-98 ортасында ереже бойынша Excel-2000 пайдаланады, ал Windows-XP ортасында — Excel-2003 пайдаланады. Өзінің негізгі мүмкіндіктері бойынша барлық осы Excel нұсқалары бір-біріне жақын. Біз Windows ортасындағы бағдарламаның соңғы нұсқаларының бірін — Excel-2003 кестесінде жасау тәсілдерін қарастыратын боламыз.

Microsoft Excel-XP бағдарламасын іске қосу. Excel, Windows-тің барлық бағдарламалары сияқты *Іске қосу* мәзірінен *Іске қосу/Бағдарламалар* командасымен іске қосылады, әрі қарай *Microsoft Excel* қосымшасын табыңыз және тышқанды онда шертіңіз. Сондай-ақ бағдарламаны *Excel* таңбашасы бойынша шертуден іске қосуға болады. Бағдарламаны ашқаннан кейін жұмыс кітабының таза беті жүктеледі және A1 ұяшығы белсенділендіріледі.

Бағдарлама терезесін терезенің жоғары оң жақ бұрышындағы

Жабу  батырмасын немесе [Alt] және [F4] түймелерін біруақытта басумен жабуға болады.


Excel бағдарламасының экрандық интерфейсі. Кестелік процессордың интерфейсі батырмалар тобы кішігірім панельдерге біріктірілген, негізгі бағдарлама мәзірінде салынған операцияларды қосарлайтын Windows стандартты терезесін құрайды.

Excel қосқаннан кейін экранда оның жұмыс терезесі пайда болады, ол кез келген Windows-бағдарламасының стандартты терезесі сияқты мәзір жолын, құралдар панелін, жағдай жолын және терезенің басқа элементтерін қамтиды (5.1-сурет). Бағдарлама терезесін мұқият қарайық.


Терезе тақырыбы. Терезе тақырыбы қазіргі сәтте ашық кітаптың бағдарламасының атауын, бағдарлама мәзірін ашу батырмасын (сол жақтан) және үш батырманы  — *Бүктеу, Терезеге бүктеу/Ашу* және *Жабуды* құрайды.

Басты мәзір. Мәзір тақырып астына орналасады және бағдарламаның әр түрлі командаларын таңдауға мүмкіндік береді — *Файл, Түзету, Түрі, Қою, Формат, Сервис, Деректер, Терезе* және *Анықтама* (5.2-сурет). Тышқанды шертуден мәзір командалары ашылады. Мәзірде тек барынша жиі пайдаланылатын командалар ғана көрсетіледі, ал сирек пайдаланылатын командалар көрінбейтін болып қалады. Барлық командаларды көру үшін тышқанды мәзірдің төменгі бөлігінде орналасқан  сызығы бойынша шерткен жөн. Мәзірді ашу үшін оны атауы бойынша шертіп, басқа жолын пайдалануға.

Құралдар панелі. Мәзірде жиі пайдаланылатын командаларды шақыру үшін батырмалар тобы *Құралдар панелі* орналасады.



5.1-сурет. Excel бағдарламасы терезесінің жалпы түрі



5.2-сурет. Бағдарламаның бас мәзірінің *Формат* мәзір командалары



5.3-сурет. *Стандартты* және *Форматтау* құралдар панелдері

Оларды пайдалану мәзірге қарағанда барынша ыңғайлы. Excel-дің белгілі бір белгі бойынша құралдарды біріктіретін бірнеше панелдері бар. Басым жағдайларда екі панель көрінеді — *Стандартты* және *Форматтау* (5.3-сурет). Панелдер жұмыс терезесінің кез келген бөлігінде көрінуі мүмкін.


Excel құралдар панелдеріндегі батырмалардың басым бөлігі сізге Word-пен жұмыстан бастап таныс, алайда сандық деректермен жұмысқа арналған жаңа батырмалар пайда болды:

- тез сомалау батырмасы, оны басқанда белсенді ұяшықты басқанда ұяшықтардың белгіленген диапазоны немесе бағанның өзінің сандарының сомасы енгізілетін болады;
- сіздің кестенің негізінде диаграмманы тез жасау батырмасы;
- бір ұяшықтың сіз белгілеген диапазонын белгілеу батырмасы;
- ұяшықтардың ақшалай форматын орнату батырмасы;
- ұяшықтардың пайыздық форматын орнату;
- «ажыратқышпен» форматқа тұтас санды түрлендіру;
- ағымдық ұяшықтарда разрядтылықты азайту және ұлғайту батырмалары.


Жұмыс терезесінің оң жағында кестелерді жеңілдету және редактірлеу үшін командалар тобын қамтитын *Тапсырмалар аумағының* панелі болады. Оны егер қазіргі уақытта керек болмаса, жабуға болады.

Мәзір командаларын және құралдар панелдерінің батырмаларын қалай қолдану керектігі туралы біз бағдарламаны зерттеу дәрежесіне қарай айтамыз.

Формулалар жолы. Құралдар панелінен төмен формулалар жолы болады (редактірлеу жолы). Оның мақсаты атауынан шығады. Жол мәтін, сан және формулаларды кестенің белсенді ұяшығына енгізуге мүмкіндік береді (5.4-сурет).



5.4-сурет. Формулалар жолы



5.5-сурет. Белсенді ұяшық

Курсорды формулалар жолына орнатуда Ұяшық атауы өрісі және формулаларды енгізуге арналған аймақ арасында үш батырма пайда болады: - жою, - енгізу, - функцияны қою. Осы батырмаларды пайдалану ұяшыққа акпаратты енгізуді жылдамдатады. Формулалар жолының сол бөлігінде белсенді ұяшық адресі көрсетіледі.

Белсенді ұяшық. Бағдарламаның жұмыс терезесінің орталық бөлігі шахматтық тақтаға ұқсас және ұяшықты қамтитын кестені көрсетеді. Кез келген ұяшықты онда тышқанмен шертіп, белсенді етуге болады. Белсенді ұяшық қалың жиектемемен белгіленген, оң жақ төменгі бұрышында анық көрінетін, толтыру маркері деп аталатын нүкте болады (5.5-сурет).

Жұмыс беті бойынша навигация. Басқа ұяшыққа өту үшін онда тышқанмен шерту жеткілікті. Онда ұяшық белсенді болады. Белгіленген ұяшық белсенді және кез келген мәтін немесе сандарды енгізу үшін дайын.

Белсенді ұяшықтың жиектемесін курсорды ауыстыру батырмаларымен пернетақтадан ауыстыруға болады $\leftarrow$ | $\rightarrow$, бұнда белсенді ұяшықтың адресі өзгереді болады.

Парақтың әр түрлі аймақтарын қарау үшін жылжыту жолақтарын пайдалану керек. Егер белсенді (белгіленген) ұяшық парақты ағымдық қарауда көрінбесе [Ctrl] + [Backspace] пернелерінің үйлесімін басыңыз. Онда экран белсенді ұяшыққа ауыстырылады. Парақ бойынша ауыстыру үшін пернетақтаны пайдалануға болады. Келесі ұяшыққа [Enter] немесе [Tab] пернелерінің көмегімен ауысуға болады.

Ұяшықтарды адрестеу. Кестенің әр ұяшығының баған және жол нөмірінен тұратын бірегей адресі бар. Бағандар латын әріптерімен нөмірленеді. Бірақ латын әліпбиі барлығы 26 әріпті ғана қамтитыны баршамызға белгілі. Демек, бағандар саны да 26 ғана ма? Жоқ, кестедегі бағандар анағұрлым көп — 256, ал бағандардың атауын белгілеу үшін жиырма алтыдан артық пайдаланылады. Жиырма жетінші баған AA, келесі AB атауына ие, AZ үйлесімінен кейін BA, BB және т.б. болады. Кестенің соңғы бағаны IV нөміріне ие.


Жолдар араб сандарымен нөмірленеді және жолдардың ең көп саны алпыс бес мың бес жүз отыз бесті құрайды. Ұяшықтың адресі ол қиылысуында тұратын баған атауынан және жол нөмірінен тұрады, мысалы IK3068 (5.6-сурет), ал бірінші баған және бірінші жолдың

қиылысында орналасқан ең бірінші ұяшық A1 адресіне ие.

Айналдыру жолақтары. Егер кестенің қандай да бір бөлігі параққа сыймаса, жылжытудың тік және көлденең жолақтарын пайдаланған жөн. Ол жолдар бойынша жоғары-төмен және солға-оңға жұмыс парағының ішіндегін қарауға мүмкіндік береді. Жылжытудың тік жолағы және көлденең жолақтың оң жағында терезені ерекше бөлігіштер бар (5.6-сурет), оларды жылжыту жұмыс кестесінің экранын кіші терезелерге бөледі. Оларды сіз үлкен кестелермен жұмыс істегенде және деректер экран шегінен ішінара тыс орналасқанда пайдалану қолайлы.

Беттердің таңбашалары. Жұмыс терезесінің төменгі бөлігінде электронды кітаптың керек бетін таңдауға арналған таңбашалар бар (5.6-суретті қараңыз). Осы таңбашалар туралы айта отырып, Excel бағдарламасымен жұмыста сіз бірге біріктірілген бірнеше кестелерден тұратын жұмыс кітабын ашатыныңызды айтып өткен жөн. Жұмыс кітабындағы кестелер парақтар деп аталады. Осы парақтармен тәуелсіз кестелермен жұмыстағыдай жұмыс істеуге, сондай-ақ бір парақтың ақпаратын басқасында пайдалануға болады. Деректерді бірнеше парақтарда біруақытта енгізуге және өзгертуге, ал есептеулерді бірнеше парақтардың деректері негізінде орындауға болады. Демек, Excel құжаты парақтардың тұтас тобын құрайтын жұмыс кестесін құрайды.

Әр парақтың үнсіздік бойынша атауы бар, олар 1-*парақ*, 2- *парақ* және т.с.с. болып аталады, бірақ парақтың атауын жеңіл ауыстыруға болады. Қандай да бір парақтың ішіндегін көрсету үшін тиісті таңбашаны тышқанмен шерткен жөн.



Терезені
бөлігіштер

Парақтар таңбашалары

5.6-сурет. IK3068 ұяшығын адрестеу

Осындай қажеттілік болғанда парақтарды *Парақ* командасымен *Қою* мәзірінен жүргізіледі. Ал парақтарды парақтың атауы бойынша шертуде тышқанның оң батырмасымен туындаған контекстік мәзірден қайта атау қолайлырақ.

Анықтама. Анықтамалық ақпаратты алу үшін Microsoft Excel анықтамалық жүйесі бар. Ол F1 пернесін немесе құралдар панелінде *Анықтаманы* басумен туындайды. Анықтамалық жүйе сізді

үнемі қиын сәттерде қолдайды және Excel бағдарламасының мүмкіндіктерін әрі қарай меңгеруде сізге көмектеседі.

5.2. MS EXCEL ЭЛЕКТРОНДЫҚ КЕСТЕСІН ЖАСАУ

Excel бағдарламасындағы ұяшықтар ерекше қасиеттерге ие: оларға әр түрлі ақпаратты енгізуге және әр түрлі қиындықты барлық мүмкін есептеулерді жүргізуге болады.

Кесте ұяшықтарына деректер енгізу. Ұяшықтарға әр түрлі деректерді енгізуге болады — ол мәтін, сандар және формулалар болуы мүмкін. Күндерін деректердің жеке түрі ретінде белгілемейді, себебі Excel-де олар сандық деректердің түрін құрайды.

Кез келген түрдегі деректерді енгізу жұмыс ұяшығын белгілеуден басталады. Ұяшықты белгілеу немесе белсенділендіру үшін тышқан курсорын тандалған ұяшыққа орналастыру және онда тышқанмен шерткен жөн. Экран бойынша пернетақтадан курсорды басқару пернелерімен немесе тышқанның көмегімен жылжуға болады.

Деректерді енгізуді аяқтап, сіз оларды ұяшықта үш жолдың бірімен: [Enter] немесе [Tab] түймесін басып, формулалар жолындағы белгісі бар батырманы шертіп, басқа ұяшықты тышқанмен шертіп белгілеуіңіз тиіс. Деректерді енгізуде мәтін ұяшықтың сол жағы, ал сандар — оң жағы бойынша тегістеледі. Деректерді тегістеу ұяшықтағы деректер типін айыруға көмектеседі. Деректерді енгізу үшін формулалар жолын пайдалануға болады. Енгізілетін деректер біруақытта ұяшықта және формулалар жолында пайда болады. Деректерді енгізуді жеңілдету үшін формулалар жолындағы батырмаларды пайдалануға болады. Деректерді енгізуді аяқтап, [Enter] пернесін басу немесе *Формулалар жолын енгізу* батырмасын шерту керек. Сондай-ақ деректерді енгізу талап етілетін келесі ұяшықты шертуге болады. Енгізуді жою үшін *Жою* батырмасын немесе [Escape] пернесін шерткен жөн.

Сандарды енгізу. Сандарды кесте ұяшықтарына енгізу тиісті сандық пернелерді пайдалана отырып, пернетақта көмегімен жүзеге асырылады. Оны алдын ала [Num Lock] пернесін басумен қосып, сандық пернетақтаны пайдалану ыңғайлы. Бұнда Num Lock индикаторының жануын қадағалаңыз. Әрекеттер тәртібі мәтінді енгізуге ұқсас. Теріс санды енгізу үшін цифрлардың алдына алу белгісін енгізген жөн. Теріс сандарды басқаша да енгізуге болады — егер сіз санды жақшада енгізсеңіз, мысалы (5), онда бағдарлама сондай-ақ теріс деп есептейтін болады.

Бөлшек сандарды енгізу Windows жүйесінің тілдік күйлеулеріне

байланысты. Бұл күйлеулер сандарды ұсыну түрі, пайдаланылатын күндер форматтары және басқа да параметрлерді таңдауға мүмкіндік береді. Мысалы, Windows орысша нұсқасы үшін бөлшектік сандар үтірді пайдаланумен енгізіледі. 7.5 санын да 7,5 ретінде енгізген жөн, ал егер сіз санды сонда да нүктемен енгізсеңіз, онда бағдарлама оны 7 мамыр күні ретінде түсінеді.

Егер сан өте үлкен болса және ұяшыққа сыймаса, онда ол автоматты түрде экспоненциалды формаға түрленеді, яғни мантисса және тәртіп түрінде көрсетіледі, мысалы 9870000000000 санын енгізуде ұяшықта 9,87E+12 көрсетіледі.

Ұяшықтарда сандар үнсіздік бойынша оң жақ шеті бойынша тегістеледі.

Бағанда орналасқан сандарды енгізуде енгізуді аяқтау үшін [Enter] пернесін пайдалану ең қолайлы.

Деректер ұяшыққа енгізу аяқталғаннан кейін ғана енгізілетінін есте сақтаңыз.

Excel жұмыс жолының ұяшығына енгізуге болатын ақпарат көлемі ұяшықтардың көрінетін ауданымен шектелмеген, себебі бағандар және тармақтардың енін өзгертуге болады. Әр ұяшыққа кез келген форматтағы 65 000 мәтіндік немесе сандық символдар енгізуге болады.

Тым үлкен немесе тым кіші сандарды бағдарлама экспоненциалды формада ұсынады. Сандар дәлдігін (үтірден кейінгі белгілер саны) *Форматтау* құралдар панелі батырмаларының көмегімен реттеуге болады.

Бұл қызықты

Сандарды енгізуде және есептеуде кейде ұяшықтың ішіндегі онда толығымен көрсетіле алмайды, мысалы, ұяшық өлшемдері санға қарағанда аз. Бұл жағдайда ұяшықта реттілік пайда болады ###.

Ұяшықтар форматы. Ұяшыққа енгізілген сандық ақпаратты дұрыс өңдеу үшін белгілі бір форматты тағайындау қажет. Ол операцияны *Формат / Ұяшықтар / Санкомандасы*мен немесе тышқанның оң батырмасымен шақырылатын ұяшықтың контекстік мәзірінің көмегімен орындауға болады. Белсенді ұяшықта немесе ұяшықтар тобында келесі форматтарды беруге болады:

«Жалпы» — бұл ұяшықтар мәтіндік, сондай-ақ сандық ақпаратты қамтиды;

«Пайыздық», «Сандық» — сандық ақпарат үшін;

«Ақшалай» — берілген валютадағы ақшалай шамаларды көрсету үшін;

«Қаржы» — бөлшек бөлік және бөлгіш бойынша тегістеумен ақшалай шамаларды көрсету үшін;

«Күні», «Уақыты», «Бөлшек», «Экспоненциалды», «Мәтіндік», «Қосымша» пошта индекстерін, телефон нөмірлерін, табельдік нөмірлерді енгізу үшін адресстер тізімі немесе деректердің кішігірім қорын жасауда пайдаланылады.

Үнсіздік бойынша «Ортақ» сандық форматта пайдаланылады.

Мәтінді енгізу. Мәтінді енгізу келесі реттілікті жүргізледі: крусорды ұяшыққа қою, мәтінді енгізу және мәтінді енгізуді аяқтау керек. Егер ұяшыққа енгізілетін мәтін бағанның көрінетін ені бойынша ұзындықтан асса, екі нұсқа мүмкін: егер жолдағы келесі ұяшықтар бос болса, онда осы ұяшықтардың мәтін көзбен қарағанда жабады; егер келесі ұяшықтарда деректер болса, онда мәтіннің оң бөлігі осы ұяшықтармен жасырылады. Бағдарлама мәтіндік деректермен есептеулерді орындай алмайды.

Формулаларды енгізу. Деректердің үшінші типі – формулалар бар. Олар есептеулер жүргізуге мүмкіндік береді. Формулаларды енгізу теңдік белгісінің жинағынан басталады (=). Формула формулалар жолында ғана көрсетіледі, ұяшықта тек оны орындау нәтижесі ғана көрсетіледі.

Деректерді енгізуді аяқтау тәсілдері. Деректерді ұяшыққа енгізуде формулалар жолында енгізуді растау және жою үшін батырмалар пайда болады. Егер сіз ұяшыққа деректерді енгізуден бас тартқыңыз келсе, Жою  батырмасын басыңыз. Ақпаратты енгізуді аяқтау үшін Енгізу  батырмасын қолданыңыз.

Деректерді енгізуді сондай-ақ пернетақтадағы [Enter] пернесін басумен растауға болады.

Деректерді енгізуді аяқтау үшін  батырмаларын және [Enter] пернесін пайдалануда айырмашылық бар ма? Иә, бар және ол төмендегіде жатыр:

-  батырмасын басуда белсенді ұяшық адресі өзгермейді, яғни курсор бұрынғы орнында қалады;
- [Enter] пернесін басуда белсенді ұяшықтың адресі өзгереді, себебі курсор бір жолға төмен түседі.

Бұл айырмашылықты әр түрлі жағдайларда пайдаланады, мысалы егер сіз бағанға деректерді енгізсеңіз, онда [Enter] пайдаланған дұрыс, ал егер әрі қарай көшіру керек формуланы енгізсеңіз, онда  қолданыңыз.

Ал егер деректерді жол бойынша енгізу керек болса не істеу керек? Бағдарламада бұл жағдай үшін де енгізу тәсілі бар — деректер жинағынан кейін курсорды басқару пернесін қолдану керек (—►), бұнда деректерді енгізу аяқталады және көлденеңінен жылжу болады. Дәл осындай тәсілмен кестенің басын рәсімдеуде деректерді енгізуді аяқтау ыңғайлы.

Енгізілген мәтін және сандар, егер қандай да бір басқа ұяшықта тышқанмен шертсеңіз, сондай-ақ ұяшықта сақталады. Егер сіз енгізуді жойғыңыз келсе, [Esc] пернесін басыңыз, ұяшықтың ішіндегі бұрынғысынша қалады. Егер енгізгеннен кейін [Enter] пернесі басылса  командасын немесе *Түзету/ Жою* пернесін қолданыңыз.

5.3. ЭЛЕКТРОНДЫ КЕСТЕНІ РЕДАКТІРЛЕУ ЖӘНЕ ФОРМАТТАУ

Ұяшықтың ішін редактірлеу. Кез келген ұяшықты редактірлеу үшін тышқанның сол батырмасын оның үстінен шерту керек. Формулалар жолында белгіленген ұяшықтың ағымдық мәні пайда болады. Формулалар жолында шертіп түзету енгізуге болады. Қандай да бір ұяшықтың ішін редактірлеу үшін оны екі рет шертуге, курсорды түзету орнына ауыстыруға және түзету енгізуге болады.

Жұмыс парағының деректерін редактірлеу басқа бағдарламалардың басым бөлігіндегі түзетуге ұқсас. Осылайша, деректерді белгілеуге және олардың орнына басқаларын енгізуге, бұрыннан бар деректерге деректерді қоюға, деректерді жоюға болады. Деректерді жою және түзету үшін [Backspace] және [Delete] пернелерін пайдаланыңыз. Деректерді қате енгізуді жою үшін *Жою* батырмасын шертіңіз немесе қате әрекеттен кейін тез арада *Түзету/Жою* командасын таңдаңыз. Сондай-ақ жойылған әрекетті *Қайтару* батырмасын шертумен немесе *Түзету/Қайтару* командасымен қайтаруға болады. Ұяшықтың ішіндегісін жоюдың тағы бір тәсілі — *Түзету/Тазалау* командасын орындау. Пайда болған кіші мәзірде жойылатын элементке қатысты команданы таңдаңыз. Ұяшықтың ішіндегінің барлығын жою үшін *Барлығы* командасын, форматтауды жою үшін — *Форматтар* командасын, форматты сақтаумен ұяшықтың ішіндегін жою үшін — *Ішіндегі* командасын таңдаңыз.

Ұяшықтар диапазоны (блок). Ұяшықтар диапазоны жұмыс парағының тік бұрышты аймағын ұсынады, ол диапазонның қарама-қарс бұрыштарында орналасқан ұяшықтар адрестерімен анықталатыны сөзсіз. Қос нүкте символымен бөлінген осы екі координаттар (:) диапазон адресін құрайды.

Жекелеген жағдайларда диапазон бірнеше бағандардан тұрғанда, мысалы В дан D дейін, оның адресі В:D түрінде жазылады. Егер диапазон толығымен 5-тен 7-ге дейінгі жолдан тұрса, ол 5:7 адресіне ие. Бұдан басқа формулаларды жазуда бірнеше диапазондар немесе ұяшықтарды оларды үтір нүкте символымен бөле отырып (;), біріктіруді пайдалануға болады, мысалы С4:d1;Е5;F3:G7.

Ұяшықтар блогын белгілеу. Ұяшықтар блогын белгілеу үшін белгіленетін блоктың жоғары сол жақ бұрышында тышқанның сол жақ батырмасын басыңыз және тышқанның сол жақ батырмасын баса отырып оны блоктың төменгі оң жақ бұрышына жылжытыңыз. Сондай-ақ блокты белгілеу үшін [Shift] пернесін және курсорды басқаруды пайдалануға болады. Жұмыс парағында бірнеше диапазондарды белгілеу үшін [Ctrl] пернесін басу және оны басылған күйде ұстап, диапазондарды белгілеу керек.

Ұяшықтарды біріктіру. Бірнеше ұяшықты біреуіне біріктіру үшін ұяшықтардың керек тобын белгілеңіз, одан кейін *Біріктіру және тегістеу* батырмасын бағдарламаның батырма панелінде басыңыз.

Автотолтыру. Excel-дің ең қызықты ерекшеліктерінің бірі ұяшықтарды жүйеленге деректермен толтыру процесін автоматтандыру мүмкіндігінде жатыр. Мысалы, егер бағанда 1 ден 100-ге дейінгі сандарды немесе айлар атауын енгізу керек болса, онда оларды теру мүлде міндетті емес. Бағанның алғашқы екі ұяшығын толтыру және оларды белгілеу жеткілікті. Енді курсормен соңғы толтырылған ұяшықтың оң төменгі бұрышындағы шаршыны курсормен іліп алыңыз да төменге қарай қажетті жолдар санына дейін тартыңыз. Бағдарлама сіз берген прогрессияны таниды және барлық ұяшықтарды дұрыс мәндермен толтырады. Дәл осылай жалғыз ұяшықпен де жасауға болады; оны екі бағытта да жылжыта аласыз — бағандар бойынша да, жолдар бойынша да. Толтырылған қатарды жасаудың басқа жолы — *Толтыру* командасын пайдалану. Терезенің диалогтық қабықшаларынан шығу үшін *OK* батырмасын шертңіз.

Бағандар және жолдар, оларды белгілеу. Жолдар және бағандарды белгілеу екі жолмен: тышқанды пайдаланумен және «ыстық пернелер» үйлесімінің көмегімен жүргізілуі мүмкін [12].

Жол немесе бағанды жою үшін жойылатын жолды немесе бағанды таңдау, *Түзету/Жою* командасын таңдау қажет. Excel жолды немесе бағанды жояды және босаған орынға қалған жолдар мен бағандарды жылжытады. Жолдағы немесе бағандағы ұяшықтардың ішіндегін ғана жою үшін *Түзету/ Тазау* командасын таңдаңыз. Онда жолдар және бағандар сақталады, бірақ ұяшықтардың ішіндегісі жойылатын болады.

Баған және жолдың енін өзгерту. Бағанның енін өзгерту үшін тышқан сілтегішін баған тақырыбының оң жақ шекарасына әкеліңіз, бұнда сілтегіш екі бағытты сызық түріне ие болады. Бұл кезде тышқанның сол батырмасын басыңыз және оны жіберместен сілтегішті оңға/солға бағанның қажетті еніне дейін ауыстырыңыз. Барлық мәтін ұяшыққа орналасқаннан кейін, тышқанның батырмасын жіберіңіз.

Баған енін *Формат/ Столбец/ Ширина* командасымен, ал биіктігін *Формат/ Жол/ Биіктік* командасымен өзгертуге болады. Бағанның оңтайлы енін таңдау үшін баған тақырыбындағы бағанның сол

шекарасын екі рет шерткен жөн.

Бағанның енін *Бағанның ені* контекстік мәзірінің командасымен өзгертуге болады. Бірнеше бағандардың өлшемдерін біруақытта өзгертуге болады. Ол үшін оларды бағандардың нөмірлерін басумен белгілеу керек, осыдан кейін белгіленген ұяшықтардың бірінің енін өзгертуге болады. Белгіленген топтың ұяшықтарының енін өзгерту болады. Бірнеше жолдардың биіктігін ұқсас өзгертуге болады.

Парақтар және кітаптар, парақтарды қайта атау. Экрандағы жолдар және бағандардан тор *Жұмыс парағы* деп аталады. Үнсіздік бойынша Excel үш жұмыс парақтарымен іске қосылады, олардың барлығы жұмыс кітабы деп аталатын бір файлда сақталады. Әр.xls файлында 1 ден 255 ке дейінгі жұмыс парақтары орналастырылуы мүмкін. Керек емес жұмыс парағын белсенділендіру үшін парақ таңбашасы бойынша шерту керек (олар 1 –*парақ*, 2 –*парақ*, 3-парақ деп жазылған). Парақтардағы деректерді ұсыну үшін оларды қайта атауға болады. Сіз қайта атағалы жатқан парақ таңбашасы бойынша тышқанның оң батырмасын шерттіңіз; экранда контекстік мәзір пайда болады, *Қайта атау* командасын таңдаңыз, таңбашадағы атау белгіленген болып қалады, жаңа атауды енгізіңіз (31 символға дейін), [Enter] түймесін басыңыз, Excel парақ таңбашасындағы жаңа атауды сақтайды. Парақты қайта атау үшін, парақ таңбашасын екі рет шерттіңіз, одан кейін жаңа атауды енгізіңіз. Жұмысты аяқтап, [Enter] басыңыз.

Жұмыс парақтарын қосу және жою. Жұмыс парақтары кітабына қосу үшін *Қою/ Парақ* командасын пайдаланады. Сондай-ақ контекстік мәзірдің *Қосу* командасымен парақтарды қосуға болады.

Ол үшін алдына жаңа парақ қою керек парақтың таңбашасы бойынша тышқанның оң батырмасын шерту және *Қосу/ Парақ* командасын таңдау керек. Белгіленгеннің сол жағынан жаңа парақ қосылатын болады.

Кітаптан жұмыс парағын жою үшін жоюға жататын парақты таңдау (оны құлақшасынан шерту), *Түзету/ Парақты жою* командасын немесе контекстік мәзірден *Жою* командасын таңдау қажет. Сұранысы бар терезе пайда болғанда, жоюды растаңыз. Excel жұмыс парағын және оның барлық деректерін жояды, онда парақтарды нөмірлеу өзгермейді.

лауазымы (мамандығы, кәсібі), разряд, біліктілік сыныбы (санаты)
тарифтік мөлшерлеме (жалақы)
_____ руб _____ тиын
цифрлармен
Үстеме
_____ руб _____ тиын
цифрлармен

Негіз:

“” 20 жылғы № еңбек шартына өзгерістер, немесе

басқа құжат

_____ құжат (өтініш, медициналық қорытынды және өзж.)

Ұйым басшысы

_____ лауазымы _____ жеке қолы _____ қолын ашып жазу

Қызметкер бұйрықпен (өкіммен) танысты

_____ “ ” _____ 20 ж.
жеке қолы

6.3-сурет. «Қызметкерді басқа жұмысқа ауыстыру туралы бұйрық (өкім) № Т-5 сәйкестендірілген нысаны

Кейбір жағдайларда жұмыс беруші қызметкерді оның талап етуі бойынша басқа, өте жеңіл жұмысқа ауыстыруға міндетті. Бұлар төмендегілер болуы мүмкін:

- денсаулық жағдайы бойынша өте жеңіл жұмысқа мұқтаж қызметкерлер;
- жүкті әйелдер және 1,5 жасқа дейін балалары бар әйелдер.

Егер қызметкерді осы ұйымның басқа жұмысына ауыстырса, кадр қызметі қызметкердің басқа жұмысқа ауысуы туралы бұйрық (өкім) (№ Т-5 нысан) ресімдеуі тиіс (6.3-сурет). Егер бір уақытта бірнеше қызметкерлерді ауыстырса, бұйрық № Т-5а нысан бойынша ресімделеді.

Егер қызметкермен еңбек шарты жасалмаса (қызметкер жұмысқа 1992 жылдың 6 қазанында қабылданса), ? Т-5 нысанын толтыру кезінде «Негіз» жолында қызметкер басқа жұмысқа ауыстырылатын нақты құжаттар (өтініш, медициналық қорытынды, қызметтік хат және басқалары) көрсетіледі. «Еңбек шартына өзгеріс» реквизиті бұл жағдайда толтырылмайды.

Басқа жұмысқа ауыстыру туралы бұйрық (өкім) негізінде қызметкердің жеке карточкасына (№Т-2 немесе №Т-2ГС(МС) нысаны), дербес шотына (№ Т-54 немесе № Т-54а нысаны) белгі жасалады және еңбек кітапшасына сәйкес жазбалар енгізіледі.

Бұйрыққа ұйым басшысы немесе уәкілетті өкіл қол қояды. Қызметкер бұйрықпен танысуы және оған өз қолын қоюы тиіс.

Басқа жұмысқа ауыстыру туралы бұйрық (өкім) негізінде қызметкердің жеке карточкасына (№Т-2 немесе №Т-2ГС(МС) нысаны), дербес шотына (№ Т-54 немесе № Т-54а нысаны) белгі жасалады, еңбек кітапшасына жазба енгізіледі (егер қызметкерді тұрақты негізде жаңа жұмыс орнына ауыстырса).

6.2.4. Демалыс беру

Әрбір жылдың басында ұйымда күнтізбелік жылда қызметкерлердің жыл сайынғы ақылы демалыстарын бөлу уақыты туралы мәліметтерді көрсету үшін демалыс кестесі (№ Т-7 нысан) жасалады (6.4-сурет). Кестеде ұйымның әрбір қызметкерінің кезекті жыл сайынғы демалысын беру уақыты көрсетіледі.

БҚЖЖ бойынша
нысан

Код
0301020

БЕКІТЕМІН
Басшы _____
(лауазымы)

(жеке қолы) (Қолының толық жазылуы)
" " 20 жыл

Құжат атауы	Жасау күні	Жылға

[illegible]

КОЛЫН 3

Демалыс кестесі — бұл жиынтық кесте. Оны жасау кезінде қолданыстағы заңнама, қызмет ерекшелігі және қызметкерлердің тілегі ескеріледі.

Демалыс кестесі кадр қызметінің басшысымен, құрылымдық бөлімшенің басшыларымен визаланады, сайламалы кәсіподақ органымен келісіледі (ол бар болғанда) және ұйым басшымен немесе онымен уәкілетті тұлғамен расталады.

№ Т-6 сәйкестендірілген нысан
РФ Мемстаткомитетінің 2004 жылғы 5 қаңтардағы
№1 Қаулысымен бекітілген

	Код
ЖРБҚЖ бойынша нысан	0301005
ЖРКҰЖ бойынша	

_____ ұйым атауы

Құжат атауы	Жасау күні

Қызметкердің демалысын беру туралы

**БҰЙРЫҚ
(ӨКІМ)**

Демалыс берілсін

Табельдік нөмірі

_____ тегі, аты, әкесінің аты

_____ құрылымдық бөлімше

_____ лауазымы (мамандығы, кәсібі)

жұмыс кезеңі _____ ж. _____ ж.
үшін “ ” _____ 20 ж. - _____

**А. Қызметкердің демалысын беру туралы бұйрық
(өкім)**

--

күнтізбелік күн

“ ” _____ 20 ж. “ ” _____ 20 ж.

және (немесе)

Б.

Жыл сайынғы қосымша ақылы демалыс, оқу, еңбекақының сақталуынсыз және басқалары (көрсету)

“ ” _____ 20 ж. “ ” _____ 20 ж.

В. Барлығы

демалыс күні

“ ” _____ 20 ж. “ ” _____ 20 ж.

Ұйым басшысы

_____ лауазымы

_____ жеке қолы

_____ қолын ашып жазу

Қызметкер бұйрықпен (өкіммен) танысты

_____ жеке қолы

“ ” _____ 20 ж.

6.5-сурет. «Қызметкердің демалысын беру туралы бұйрық (өкім) № Т-6

Қызметкердің және құрылымдық бөлімше басшысының келісімімен демалыс мерзімін басқа уақытқа ауыстыру кезінде демалыс кестесіне кестені бекіткен тұлғаның немесе оған уәкілетті тұлғаның рұқсатымен сәйкес өзгерістер енгізіледі. Демалысты ауыстыру ерікті нысанда жасалған құжат негізінде жасалады.

Демалыс кестесі негізінде кадр қызметі қызметкерге демалыс беру туралы бұйрық (өкім) (№ Т-6 нысан) ресімдейді (6.5-сурет). Егер демалыс бірнеше қызметкерге берілсе, бұйрық № Т-6а нысанында жасалады. Егер демалыс кестемен сәйкес берілсе, қызметкерден демалыс беру туралы өтінішті талап етудің қажеттілігі жоқ.

РФ ЕК 123-бабына (3-абзац) сәйкес қызметкер демалыстың басталу уақыты туралы басталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей хабарлауы тиіс.

Қызметкердің жеке карточкасында сәйкес белгілер (демалыс түрі, оның ұзақтығы, демалыстың басталу күні және аяқталу күні) жасалады.

Бұйрыққа ұйым басшысы немесе уәкілетті тұлға қол қояды. Қызметкер бұйрықпен танысуы және оған өз қолын қоюы тиіс.

Демалыс беру туралы бұйрықтың (өкімнің) негізінде қызметкердің жеке карточкасына (№Т-2 немесе №Т-2ГС(МС) нысаны), дербес шотына (№ Т-54 немесе № Т-54а нысаны) белгі жасалады және «Қызметкерге демалыс беру туралы есеп айырысу жазбасы» № Т-60 нысаны бойынша демалысқа тиесілі еңбекақы есебі жасалады (6.6-сурет).

Демалыс беру туралы есеп айырысу жазбасы бір данада жасалады. Есеп айырысу жазбасы негізінде бухгалтер қызметкерге демалыс беру кезінде еңбекақыны және басқа төлемдержі есептеуі және төлеуі тиіс.

Есеп айырысу жазбасының беткі жағында демалыс берілетін жұмыс кезеңі, демалыс күндерінің саны, сондай-ақ оның басталу және аяқталу күндері көрсетіледі. Жазбаның екінші жағында қызметкерге беруге тиесілі демалыс сомасын есептеу үшін қажетті деректер келтіріледі.

Есеп айырысу жазбасының беткі жағына басшы, ал кері жағына – ұйым бухгалтері қол қояды.

«Орта жалақыны есептеу кезінде ескерілетін төлемдер» 3-бағанында демалыс төлемі үшін орта еңбекақыны есептеу кезінде орта жалақыны есептеу ережесіне сәйкес есеп айырысу кезеңінде қызметкерге есептелген төлемдердің жалпы сомасы көрсетіледі.

6.6-сурет. «Қызметкерге демалыс беру туралы есеп айырысу жазбасы» № Т-60 сәйкестендірілген нысан (Соңын 138-беттен қараңыз)

№ Т-60 сәйкестендірілген нысан
РФ Мемстаткомитетінің 2004 жылғы 5 қаңтардағы
№1 Қаулысымен бекітілген

ЖРБҚЖ бойынша нысан ЖРҚҰЖ бойынша	Код
	0301051

_____ ұйым атауы

Құжат атауы	Жасау күні

**Қызметкерге демалыс беру туралы
ЕСЕП АЙЫРЫСУ ЖАЗБАСЫ**

Табельдік нөмірі

_____ тегі, аты, әкесінің аты

_____ құрылымдық бөлімше

_____ лауазымы (мамандығы, кәсібі), разряд, біліктілік сыныбы (санаты)

А. Жыл сайын негізгі ақылы демалыс беріледі

жұмыс кезеңі “ ” 20 ж. - “ ” 20 ж.

_____ күнтізбелік күн

“ ” 20 ж. - “ ” 20 ж.

Б. және (немесе) жыл сайынғы қосымша (басқа) демалыс _____ күнтізбелік күн

Жыл сайынғы қосымша (басқа) демалыс		Күнтізбелік күндер саны	Күні		Жыл сайынғы қосымша (басқа) демалысты беру негізі
түрі	код		демалыстың басталу	демалыстың аяқталу	
1	2	3	4	5	6

В. Барлығы демалыс күні _____ күнтізбелік күн

“ ” 20 ж. - “ ” 20 ж.

Кадр қызметінің қызметкері

_____ лауазымы

_____ жеке қолы

_____ қолын ашып жазу

Демалыс төлеу есептеу

Есеп айырысу кезеңі		Орта еңбекақыны есептеу кезінде ескерілетін төлемдер, руб
жыл	ай	
1	2	3
Барлығы		

Саны		Орташа күндік (сағаттық) жалақы, руб
Есеп айырысу кезеңінің күнгізбелік күндері	Есеп айырысу сағаттары	
4	5	6

Есептелді								
ай				ай				барлығы, руб
Ағымдағы			Баска есептеуле р	болашақ				
Демалыст ың күнтізбелі к күндеріні ң саны	Демалыс сомасы, руб			Демалыст ың күнтізбелі к күндеріні ң саны	Демалыс сомасы, руб		Баска есептеулер	
Еңбекақы қорынан				Еңбекақы қорынан				
7	8	9	10	11	12	13	14	15

Ұсталынды, руб						Төлеуге жататын сөма, руб
Кіріс салығы					барлығы	
16	17	18	19	20	21	22

Төлеу сомасы _____ жазбаша _____

руб

Төлем тізімдемесі (шығыс ордері) бойынша № “ ” 20 ж.

Бухгалтер _____ жеке қолы _____ қолын ашып жазу

«Есеп кезеңінің сағат саны» 5-бағанына жұмыс уақытының жиынтықтаушы есебі анықталатын қызметкердің демалыс төлемін есептеу кезінде толтырылады.

6.2.3. Жұмыс уақытының есебі

Жұмыс уақытының режимін қызметкерлердің сақтауын бақылау және еңбекақыны есептеу үшін (ақылы еңбекақы кезінде) «Жұмыс уақытын пайдалану және еңбекақыны есебін есепке алу табелі» (№ Т-12 нысаны) қолданылады. Бұл нысан егер жұмыс уақытының есебі қолмен орындалған жағдайда қолданылады. Егер жұмыс уақытының есебі есептеу техника құралдарын қолданумен жүргізіледі, №Т-13 нысаны бойынша жұмыс уақытын пайдалануды есепке алу табелі қолданылады (6.7-сурет).

Табельде нақты атқарылған сағаттар мен күндер белгіленеді, ауыру және демалыс уақыты, сондай-ақ ұйым штатында тұрған әрбір қызметкер бойынша жұмысқа келмеу себептері көрсетіледі. Егер қызметкер ұйымда азаматтық-құқықтық шарт бойынша (мысалы, мердігер шарты немесе тапсырмалар бойынша) жұмыс істесе, оның жұмыс уақытының есебі жүргізілмейді.

Жұмысқа келмеу себептері туралы немесе толық емес жұмыс күні режимінде жұмыс туралы табельдегі белгілер сәйкес құжаттар негізінде, мысалы, еңбекке жарамсыздық парағы, мемлекеттік міндеттерді орындау туралы анықтамалар және т.б. негізінде жасалады.

Табель әрбір күнтізбелік айда бір данада толтырылады.

Табель екі тәсілмен жүргізіледі:

- табельде жұмысқа келу немесе келмеу тіркеледі;
- табельде ұйымда қарастырылған жұмыстың қалыпты режимінен ауытқу (келмеу, кешігу және т.б.) ғана тіркеледі. Атқарылған немесе атқарылмаған уақытты шартты белгілеу № Т-12 нысанының титуль парағында келтірілген.

Егер еңбекақыны есептеу жеке құжатта көрсетілсе, мысалы (есептеу-төлем тізімдемесінде) көрсетілсе, онда табельде «Жұмыс уақытын қолдану есебі» 1-тарауы ғана толтырылады.

ЖРКУЖ
бойынша

ұйым атауы

құрылымдық бөлімше

Құжат нөмірі

Жасау күні

Есеп беру кезеңі

бастап

бойынша

Жұмыс уақытын есепке алу

ТАБЕЛІІ

Реттік саны	Тегі, аты-жөні, лауазымы (мамандығы, кәсібі)	Табель-дік нөмірі	Айлар саны бойынша келу және келмеу туралы белгілер																Істелінді		Шығын түрлері мен бағыттары бойынша еңбекақыны есептеу деректері						Себептер бойынша келмеу					
			1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	X	Айдың жартысы (I, II)	ай	төлеу түрінің коды						код	Күндер (сағат)	код	Күндер (сағат)		
																					байланыстырушы шот											
																					байланыстырушы шот											
																					байланыстырушы шот											
16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26	27	28	29	30	31	күндер	Төлеу түрінің күні	байланыстырушы шот	Күндер (сағат)	төлеу түрінің коды	байланыстырушы шот	Күндер (сағат)										
																сағат																
1	2	3	4																5	6	7	8		9	7	8		9	10	11	12	13
																	X															
																	X															

Жауанты тұлға

лауазымы

жеке қолы

қолын ашып жазу

Құрылымдық бөлімшенің
басшысы

лауазымы

жеке қолы

қолын ашып жазу

« » 20 жыл

Кадр қызметінің
қызметкері

лауазымы

жеке қолы

қолын ашып жазу

« » 20 жыл

БҚЖЖ бойынша нысаны		Кол
		0301053
(ұйым атауы)	КҰЖЖ	
(құрылымдық бөлімше)	СЭЖЖ бойынша қызмет түрі	
	Еңбек шарты	Нөмір
		күні
	Шарттың әрекет ету мерзімі	бастап
		бойынш

Құжат нөмірі	Жасау күні	Есеп беру кезеңі
		Бастап бойын

БЕКІТЕМІН

Басшы _____
(дауызымы)

(жеке қолы) _____ (қолын ашып жазу)

М.О.

**Белгілі бір жұмысты орындау уақытында жасалған
шұғыл еңбек шарты бойынша орындалған
жұмыстарды қабылдау туралы акт**

Еңбек шартына сәйкес^с _____ 20 _____ ж. № ____
Қызметкер _____
(тегі, аты, әкесінің аты)

Реттік нөмірі	Жұмыс атауы	Сомасы, руб.
1	2	3

Барлығы
Аванс, алдын ала төлем сомасы
Барлығы төлеуге (авансты, алдын ала төлемді қоса алғанда)

Жұмыс (тар) орындалды _____
(жұмысты орындау сапасын, көлемін, деңгейін көрсету)

сомасы

(жазбаша)

руб. _____ тиын

Жұмысты тапсырған

Қызметкер _____

(жеке қолы)

Жұмысты қабылдаған

Жұмыс берушінің (ұйым басшысының) өкілі _____

(дауызымы)

(дауызымы)

Құрылымдық бөлімше басшысы _____

Бас (аға) бухгалтер _____

_____ (Қолының толық жазылуы)

_____ (Қолының толық жазылуы)

_____ (Қолының толық жазылуы)

6.8-сурет. «Белгілі бір жұмысты орындау уақытында жасалған шұғыл еңбек шарты бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау туралы акт»№ Т-73 сәйкестендірілген нысаны

Табельге сәйкес құрылымдық бөлімшенің басшысы (шағын кәсіпорындарда – ұйым басшысы), кадр қызметінің қызметкері қол қояды. Ай біткенде табель бухгалтерияға беріледі.

Ұйым белгілі бір жұмысты орындау уақытында қызметкермен еңбек шартын жасайды. Жұмыс орындалғаннан кейін ұйым өкілі оның нәтижесін қабылдауы тиіс. Осыдан кейін қызметкермен есеп айырысады.

Белгілі бір жұмысты орындау уақытына жасалған еңбек шарты бойынша қызметкермен қабылданған жұмыстарды қабылдау-тапсыру арнайы актімен (№ Т-73 нысан) ресімделеді (6.8-сурет). Бұл акт еңбек шарты бойынша және азаматтық-құқықтық шарт бойынша, мысалы, мердігер шарты немесе тапсырмалар бойынша жұмысты қабылдау кезінде қолданылады.

Акт орындалған жұмысты қабылдауға жауапты қызметкермен екі данада жасалады. Бір данасы жұмысты орындаған қызметкерге, екінші данасы — бухгалтерияға беріледі. Бұл құжат орындалған жұмыс төлемінің сомасын соңғы немесе кезең-кезеңмен есептеу үшін негіз болып табылады.

Актіге жұмысты орындаған қызметкері және оның нәтижесін қабылдаған құрылымдық бөлімшенің басшысы қол қояды. Ұйым басшысы актіні бекітуі тиіс.

6.2.4. Еңбекақы есебі және төлемі

Еңбекақы есебі және төлем есеп айырысу-төлем тізімдемесінде (№ Т-49 нысаны) немесе екі тізімдемеде көрсетіледі: «Есеп айырысатын тізімдеме» № Т-51 нысаны бойынша еңбекақыны есептеу «Төлем тізімдемесі» № Т-53 нысаны бойынша — төлемді көрсетеді. № Т-49* нысанын қолдану кезінде басқа есеп айырысу және төлем құжаттары жасалмайды. Ұйым бухгалтериясы қандай тізімдемені қолданатынын өз бетімен шешеді.

Ұйым өз қызметкерлерінің дербес шоттарын жүргізуі тиіс (№ Т-54 және № Т-54а нысандар). Оларда еңбекақы туралы, демалысты пайдалану, берілген жеңілдіктер сомасы (салық шегерімдерінің сомасы), еңбекақыдан ұсталымдар туралы мәліметтер көрсетіледі.

№ Т-54а нысан есептеу техникасын қолданумен есеп деректерін өңдеу кезінде қолданылады.

Дербес шот ұйымның әрбір қызметкеріне бір күнтізбелік жылға ашылады.

6.2.5. Сыйақы беру

Қызметкерлерге еңбекақыдан басқа сыйақылар төленуі мүмкін. Әдетте сыйақылар Сыйақы беру туралы ережемен қарастырылған тәртіпте төленеді.

Сыйақы беру негізі қызметкерлерді марапаттау туралы бұйрық (өкім) (№ Т-11 немесе № Т-11а нысан) болып табылады.

«Сыйақы себебі» жолында сыйақыны беру себебі (мысалы, өнім шығару, ұйымның бір жылдағы қызмет қорытындылары және т.б. бойынша жоспарды артығымен орындау) көрсетіледі.

Бұйрыққа ұйым басшысы немесе оған уәкілетті тұлға қол қояды. Сыйақы төленетін қызметкер «Бұйрықпен (өкіммен) таныстым» бағанында өз қолын қоюы тиіс.

Ақшалай марапаттаудан (сыйақыдан) басқа марапаттаудың барлық түрлерін ресімдеу кезінде № Т-11 нысанынан « рубл. тиын сомасында» реквизитін алып тастауға болады.

Бұйрық негізінде қызметкердің жеке карточкасына (№ Т-2 немесе № Т-2ГС(МС) нысаны) және қызметкердің еңбек кітапшасына сәйкес жазулар енгізілді.

6.2.6. Еңбек шартын бұзу

Қызметкермен еңбек шарты келесі себептер бойынша бұзылуы мүмкін (РФ ЕК 77-бабы):

- 1) тараптардың келісімі бойынша;
- 2) қызметкердің бастамасы;
- 3) жұмыс берушінің бастамасы;
- 4) еңбек қатынастары іс жүзінде жалғасқан және тараптардың бірде бірі олардың тоқтатылуын талап етпеген жағдайларды қоспағанда еңбек шартының мерзімінің бітуі;
- 5) қызметкердің оның өтініші бойынша немесе оның келісімімен басқа жұмыс берушіге ауыстыру немесе сайлау жұмыстарына (лауазымға) өту;
- 6) қызметкердің ұйым мүлкінің иесінің ауысуына, ведомствого бағыныштылықтың өзгеруіне не оның қайта құрылуына байланысты жұмысты жалғастырудан бас тартуы;
- 7) еңбек шартының маңызды жағдайларының өзгеруіне байланысты қызметкердің жұмысты жалғастырудан бас тартуы;
- 8) медициналық қорытындыға сәйкес денсаулық жағдайының салдарынан қызметкердің басқа жұмысқа ауысуынан бас тартуы;
- 9) жұмыс берушінің басқа орынға ауысуына байланысты қызметкердің ауыстырудан бас тартуы;
- 10) тараптардың еркіне тәуелді емес жағдайлар;

11) осы Кодекспен немесе өзге федеральды заңмен анықталған еңбек шартын жасау ережесін бұзушылық, егер бұл бұзушылық жұмысты жалғастыру мүмкіндігін жойса.

Еңбек шарты Еңбек кодексімен және өзге федеральды заңдармен қарастырылған басқа негіздер бойынша да тоқтатылуы мүмкін.

Барлық жағдайда қызметкердің жұмыстан шығу күні оның соңғы жұмыс күні болып табылады. Егер қызметкер еңбек шарты өз еркімен тоқтатқысы келсе, онда жұмыстан шыққанға дейін кемінде екі апта бұрын келіп өтініш жазуы тиіс. Өтініште қызметкер жұмыстан шыққысы келетін күнді және жұмыстан шығу себебін көрсетуі тиіс.

РФ ЕК 80-бабына сәйкес қызметкер мен жұмыс беруші арасындағы келісім бойынша жұмыстан шығу туралы ескерту мерхiмi бiткенге дейiн еңбек шарты бұзылады.

Жұмыстан шығару туралы ескерту мерзімі біткенге дейін қызметкер кез келген уақытта өз өтінішін қайтарып алуға құқылы. Бұл жағдайда жұмыстан шығару жасалмайды, егер оның орны Еңбек Кодексіне және еңбек шарты жасаудан бас тартылмайтын басқа қызметкер жазаба шақырылмаса.

Қызметкер жұмыстан шығу туралы ескерту мерзімдері біткенде жұмысты тоқтатуға құқылы. Соңғы жұмыс күні жұмыс беруші қызметкерге еңбек кітапшасын, жұмыспен байланысты құжаттарды жазбаша өтініші бойынша беруге және онымен толық есеп айырысуды жасауға міндетті.

Жұмыстан шығу туралы өтініш келесі нысанда жазылуы мүмкін.

«Прогресс» ЖШҚ
бас директоры
И.И.Марковқа
бухгалтер И.О.Мироновадан
ӨТІНІШ

Мені 2011 жылдың 31 желтоқсанынан өз еркімен жұмыстан шығаруыңызды (РФ Еңбек кодексінің 80-бабы) сұраймын.

16 желтоқсан 2011 ж.

Миронова

Өтініш негізінде қызметкермен еңбек шартын (келісімшартты) тоқтату туралы бұйрық (өкім) (№ Т-8 нысан) ресімделеді (6.9-сурет). Егер бірнеше қызметкерлер жұмыстан шығарылса, бұйрық № Т-8а нысанында ресімделеді.

	Код
ЖРБҚЖ бойынша нысан	0301006
ЖРКҰЖ бойынша	

_____ ұйым атауы

Құжат атауы	Жасау күні

**Қызметкермен еңбек шартын бұзу (тоқтату) (жұмыстан шығу) туралы
БҰЙРЫҚ (ӨКІМ)**

Еңбек шартының әрекетін тоқтату “ ” _____ 20 ж. № _____ ,

Жұмыстан шығару “ ” _____ 20 ж. _____
(керек емесін сызу)

Табельдік нөмірі

_____ тегі, аты, әкесінің аты

_____ құрылымдық бөлімше

_____ лауазымы (мамандығы, кәсібі), разряд, біліктілік сыныбы (санаты)

_____ еңбек шартын тоқтату (бұзу) (жұмыстан шығару) негізі

Негіз
(құжат, нөмір, күні):

_____ Қызметкердің өтініші, қызметтік хаты, медициналық қорытынды және т.б.

Ұйым басшысы

_____ лауазымы

_____ жеке қолы

_____ қолын ашып жазу

Қызметкер бұйрықпен (өкіммен) танысты

_____ “ ” _____ 20 ж.
_____ жеке қолы

Сайламалы кәсіподақ органның жазбаша
түрдегі дәлелді пікірі

(“ ” _____ 20 ж. № _____) қарастырылған

6.9-сурет. № Т-8 «Қызметкермен еңбек шартын бұзу (тоқтату) (жұмыстан шығу) туралы бұйрық (өкім) » № Т-8 сәйкестендірілген нысан

Бұйрыққа ұйым басшысы немесе бұған осымен уәкілетті тұлға қол

қояды. Жұмыстан шығару туралы бұйрыққа әрбір қызметкер қол қоюы тиіс.

«Еңбек шартын бұзу (тоқтату) (жұмыстан шығу) негізі» № Т-8 және Т-8а нысанының жолында (бағанында) сәйкес бапқа сілтемемен Еңбек кодексінің тұжырымдамасына толық сәйкестікте жазба жасалады.

№ Т-61 сәйкестендірілген нысан
РФ Мемстаткомитетінің 2004 жылғы 5 қаңтардағы

№1 Қаулысымен бекітілген

ЖРБҚЖ бойынша нысан ЖРКҰЖ бойынша	Код
	0301052
	нөмір
	күні

ұйым атауы

Еңбек шарты

Құжат атауы	Жасау күні

**Қызметкермен еңбек шартын бұзу (тоқтату) (жұмыстан шығу) кезінде
ЕСЕП АЙЫРЫСУ ЖАЗБАСЫ**

Табельдік нөмірі

тегі, аты, әкесінің аты

құрылымдық бөлімше

лауазымы (мамандығы, кәсібі), разряд, біліктілік сыныбы (санаты)

Еңбек шарты тоқтатылды (қызметкер жұмыстан шығарылды)

Керексізін сызу “ ” _____ 20 ж.

еңбек шартын бұзу (тоқтату) (жұмыстан шығу)

Бұйрық (өкім) “ ” _____ 20 жыл _____
Жұмыс кезеңіндегі демалыс
Аванспен қолданылды _____ күндері “ ” _____ ж.
қолданылды “ ” _____ ж.

Кадр қызметінің қызметкері

лауазымы

жеке қолы

қолын ашып жазу

“ ” _____ 20 ж.

6.10-сурет. «Қызметкермен еңбек шартын бұзу (тоқтату) (жұмыстан шығу) кезінде есеп айырысу жазбасы» № Т-61 сәйкестендірілген нысан

«Құжат, нөмір және күні» жолында (бағанда) бұйрық дайындалатын құжатқа сілтеме жасалады және оның күні мен нөмірін көрсетіп, еңбек шартының әрекеті тоқтатылады (қызметкердің өтініші, медициналық қорытынды, қызметтік хат және әскери комитетке шақыру және басқа құжаттар)

№ Т-61 форманың сыртқы жағы

Демалыстың ақысын есептеу

Есептелу кезеңі		Орташа еңбекақыны есептеу кезінде ескерілетін төлемдер, руб.	саны		Орташа күндігі (сағаттық) еңбекақы, руб.
жылы	айы		Есептелу кезеңіндегі күнтізбелік күндер	Есептелу кезеңіндегі сағаттар	
1	2	3	4	5	6
Барлығы			Демалыс күндерінің саны		Демалысқа сомасы, руб.
			Алдын ала пайдаланған	пайдаланбаған	
			7	8	9

Төлемдерді есептеу

Аударылғаны, руб.				Ұсталғаны, руб.		Қарыздары, руб.		Төлеуге тиісті сомасы, руб.	
			барлығы	Табыс салығы		барлығы	ұйымнан		қызметкерден
10	11	12	13	14	15	16	17	18	19

Төленетін сомасы _____ (жазбаша)

_____ руб. _____ тиын

_____ руб. _____ тиын
(санмен)

Төлем тізімдемесі (шығыс ордері) № _____ от « _____ » _____ 20 ____ ж.

Бухгалтер _____ (жеке қолы) _____ (қолдың толық жазылуы)

Материалды-жауапты тұлғаны жұмыстан шығару кезінде бұйрыққа (өкімге) қызметкерге материалдық шағымдардың болмауы туралы құжат қоса беріледі.

Ресей Федерациясының заңнамасымен анықталған жағдайда жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын тоқтату кезінде қызметкерлермен еңбек шартын тоқтату (бұзу) туралы бұйрыққа осы

ұйымның сайламалы кәсіподақ органының уәждемелі пікірі (соңғысы бар болғанда) жазбаша түрде қоса беріледі.

Жұмыстан шығару туралы бұйрық негізінде бухгалтер пайдаланылмаған демалыс үшін өтемақыны (егер ол оған берілсе), істеген уақыты үшін еңбекақысын беруі және № Т-61 нысан бойынша қызметкермен еңбек шартының (келісімшарттың) әрекетін тоқтату кезінде есеп айырысу-жазбасын ресімдеуі тиіс (6.10-сурет). Еңбек кітапшасында, сондай-ақ жеке карточкасында (№ Т-2 немесе № Т-2ГС(МС) нысан) және дербес шотта (№ Т-54 немесе № Т-54а нысан) қызметкердің бұйрығы негізінде еңбек шарты бұзғаны туралы жазба жасалады. Қызметкер бұйрықпен танысуы және оған өз қолын қоюы тиіс.

Бақылау сұрақтары

1. Операцияларды көрсету міндеті және тәсілі бойынша бухгалтерлік құжаттардың жіктеуін келтіріңіз.
2. Бухгалтерлік құжаттарды ресімдеу ерекшеліктері қандай?
3. Кадрларды есепке алу бойынша есеп құжаттамасының нысандарын атап шығыңыз.
4. Жұмысқа қабылдау кезінде құжаттарды ресімдеудің тәртібі қандай?
5. Басшылардың қайсысы демалыс кестесіне қол қойып бекітеді?
6. Жұмыс уақытын есепке алу үшін қандай нысандар қолданылады?
7. Еңбекақыны есептеу және төлеу бойынша құжаттарды ресімдеу тәртібін атаңыз.
8. Қызметкермен еңбек шартын бұзу кезінде қандай құжаттар ресімделеді?

КАССАЛЫҚ ЖӘНЕ БАНК ОПЕРАЦИЯЛАРЫН ЕСЕПКЕ АЛУ БОЙЫНША ҚҰЖАТТАРДЫ РЕСІМДЕУ

Кассалық және банктік құжаттармен ресімделген шаруашылық операциялары барлық меншік нысанындағы кәсіпорындар үшін үлгілікке жатады. Көптеген жағдайларда төлемдер мен есеп айырысулар кассадан қолма-қол ақшамен не есеп айырысу шотынан ақша қаражаттарын аударумен жүзеге асырылады. Алайда қазір күннен күнге даму аккредитивтермен, чектермен, вексельдермен есеп айырысулар жататын төлемдердің ілгерілемелі нысандарын алады.

7.1. КАССАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР ЕСЕБІ

Ұйымдағы қолма-қол ақшамен барлық операциялар Ресей Банкінің 04.10.93 жылғы № 18 Хатымен бекітілген Ресей Федерациясындағы кассалық операцияларды жүргізу тәртібімен анықталған талаптарды сақтаумен өткізіледі. Кассалық операцияларды жасау кезінде қолданылатын құжаттар нысандары Ресей Мемстаткомитетінің 1998 жылғы 18 тамыздағы № 88 Қаулысымен бекітілген (Ресей Мемстаткомитетінің 03.05.2000 жылғы №36 Қаулысының редакциясында). Кассалық операциялар есебі бойынша келесі сәйкестендірілген нысандар қолданылады:

- № КО-1 «Кіріс кассалық ордері»;
- № КО-2 «Шығыс кассалық»;
- № КО-3 «Кіріс және шығыс кассалық құжаттарды тіркеу журналы»;
- № КО-4 «Кассалық кітап»;
- № КО-5 «Кассирмен қабылданған және берілген ақша қаражаттарын есепке алу кітабы»;

- № АО-1 «Аванстық есеп беру»;
 - № 0402001 нысан «Қолма-қол ақшамен жарнаға хабарлама».
- Аталмыш нысандарды қолдану және толтыру тәртібін қарастырамыз.

7.1.1. Қолма-қол ақшаның кассаға түсуі

Қолма-қол ақшаның кәсіпорын кассасына әрбір түсуі кезінде кіріс кассалық ордері (№ КО-1 нысан) орындалады. Ол екі бөлімнен тұрады: кіріс ордерінен және жыртпалы түбіртекпен тұрады. Жыртпалы түбіртек кассаға ақшаны тапсырған тұлғаға беріледі. Егер кіріс ордерінде есеп айырысу шотынан шешілген ақшаның кассаға түсуі тіркелсе, түбіртек банк құжаттарына салынады.

Егер ұйым тауарларды қолма-қол есеп айырысумен сатады, жұмыс күні (ауысым) ішінде халықтан түскен қолма-қол түсім сомасын (кассалық техниканың бақылау ленталары көрсеткіштерінің негізінде) жұмыс күнінің (ауысым) соңында бір кіріс ордермен кірістеу керек.

Кіріс кассалық ордері бухгалтерия қызметкерімен бір данада жазылады және бас бухгалтер мен кассирдің қолдарымен расталады, оған түбіртек ұйым мөрімен расталады.

Кассалық ордердің үзінді-көшірме тәртібін келесі мысалда қарастырамыз.

«Прогресс» ЖШҚ офис-менеджері Ж. И. Сидоров «Восход» ЖШҚ-дан жалпы сомасы 11 800 руб. кеңсе телефондарын сатып алды. Телефондар үшін ол қолма-қол ақша төледі. Шот-фактура мен тауар жүкқұжаты ресімделді, «Восход» ЖШҚ кассирі 21.01.2011 жылғы №17 кіріс кассалық ордерін жазып берді. Мөрмен расталған осы кіріс кассалық ордеріне түбіртекті ол «Прогресс» ЖШҚ өкіліне берді (7.1-сурет).

№КО-1 нысанын толтырудың кейбір ерекшеліктерін қарастырамыз.

«ЖРКҰЖ бойынша код» бағанында ұйым тіркеу кезінде Ресей Мемстаткомитетімен берілген өзінің ЖРКҰЖ кодын (жалпыресейлік кәсіпорындар мен ұйымдардың жіктеуіші) көрсетеді.

«Кредит, құрылымдық бөлімше коды» бағанасын оқшау бөлімшелер толтырады. Онда бас ұйым берген құрылымдық бөлімше коды көрсетіледі.

«Нысаналы тағайындау коды» бағанасын егер касса нысаналы қаржыландыру құралдары түссе және ұйымда жеке кодтау болса толтырады.

«Восход» ЖШС ұйым				ЖРБСЖ бойынша нысан ЖРСУЖ бойынша		Қол 03.10.2011 51.207715	
құрылымдық бөлімше							
Кіріс		Кредит		Сом, руб. тым.		Нысанмен танылған келі	
Дебет		Кредит		Сом, руб. тым.		Нысанмен танылған келі	
Құрылымдық бөлімше келі		Байланыстырылатын шот, кассаны шот		Аналитикалық сөзі келі		Нысанмен танылған келі	
00		62		11800.00		-	

Қабылдады: _____ Ж.И. Сидоров арасы «Прогресс» ЖШС

Негіз: _____ Төлген жүз төлемі

Сом: _____ Ол бір мың сегіз жүз рубль жазылма

Оның ішінде: _____ руб. 00 тым.

Қосымша: _____ 21.01.2011 жылғы №12 жүзден 21.01.2011 жылғы №14 шот-фактура

Бас бухгалтер: _____ Оқсана А.И. (қолы) (қолдан алып жазу)

Алға қосыр: _____ Баева С.С. (қолы) (қолдан алып жазу)

«Восход» ЖШС
ұйым

ТУЫРТЕК

Кіріс кассалық ордері № _____ 17

« 21 » _____ кінтар _____ 2011 ж.

Қабылдады: _____ Ж.И. Сидоров арасы «Прогресс» ЖШС

Негіз: _____ Төлген жүз төлемі

Сом: _____ 11800 руб. 00 тым.

Оның ішінде: _____ руб. 00 тым.

« 21 » _____ кінтар _____ 2011 ж.

М.О. (нотариус)

Бас бухгалтер: _____ Оқсана А.И. (қолы) (қолдан алып жазу)

Кассир: _____ Баева С.С. (қолы) (қолдан алып жазу)

7.1-сурет. Толтырылған «Кіріс кассалық ордері» № КО-1 сәйкестендірілген нысан

«Дебет» және «Кредит, байланыстырылатын шот, қосалқы шот» бағандарында аталмыш шаруашылық операция көрсетілетін бухгалтерлік есептің шоттары мен қосалқы шоттары көрсетіледі. Аталмыш жағдайда бухгалтерлік жазба келесі түрде көрсетіледі:

Дебет 50 «Касса» — Кредит 62 «Сатып алушылармен және тапсырыс берушілермен есеп айырысулар» — 11800 руб.

«Негіз» жолында шаруашылық операциялар мазмұны (мысалы, «Есеп берілетін қаражаттарды қайтару», «Қарыз алу», «Банктен шаруашылық шығындарына алынды» және т.б.) көрсетіледі. Біздің мысалда «Негіз» жолында «Тиелген тауарлар төлемі» көрсетілген. «Оның ішінде» жолында тауар (жұмыс, қызмет) құнының құрамында сатып алушымен төленген ҚҚС сомасы көрсетіледі. Ол цифрлармен жазылады, мысалда ҚҚС 1 800 руб. құрайды. Егер өнімге (жұмыс, қызмет) салық салынбаса, сондай-ақ есеп айырысу шотынан ақшаны шешу немесе есеп беруге тиісті қаражатты қайтару жағдайында «(ҚҚС) салығынсыз» жазуы жасалады.

«Қосымша» жолында олардың нөмірлері мен жасау күндерін көрсетіп, осы шаруашылық операцияларға қатысы болатын бастапқы және басқа құжаттар келтіріледі (есеп айырысу шотынан ақшаны шешу кезінде чек нөмірі көрсетіледі).

Мысалда сипатталған жағдайларда сатып алушы кіріс кассалық ордеріне түбіртекпен басқа сатушыдан тауарлық жүкқұжатты, шот-фактура мен касса чегін алуы тиіс. Қолма-қол ақшалай есеп айырысу кезінде бақылау-кассалық техниканы (БКТ) қолдану «Қолма-қол ақшалай есеп айырысуды және(немесе) төлем карталарын қолданып есеп айырысуды жүзеге асыру кезінде бақылау-кассалық техниканы қолдану туралы» 2003 жылғы 22 мамырдағы №54-ФЗ Федеральды заңды талап етеді.

Қолма-қол ақшамен есеп айырысудың шекті мөлшері бір мәміле бойынша бір күндегі белгілі бір сомамен Ресей Банкімен шектелгенін атап өту керек. Жеке тұлғалармен (оның ішінде жеке кәсіпкерлермен) есеп айырысуда бұл шектеу таралмайды.

7.1.2. Кассадағы қалдық ақша қалдығының лимитін есептеу

Ұйым кассасына енгізілген қолма-қол ақшалар банкке тапсырылуы тиіс. Кәсіпорын кассасында тек банкпен белгіленген лимиттен аспайтын сомадағы ақша ғана сақталады.

Кәсіпорындар белгіленген лимиттен жоғары қолма-қол ақшаны тек еңбекақыға, әлеуметтік сипаттағы төлемдерге және жәрдемақыға беру үшін, алайда банк мекемесіндегі ақшаны алу күнін қоса алғанда, үш жұмыс күнінен аспайтын (Қиыр Солтүстік аудандары мен олармен теңесетін жерлерде орналасқан кәсіпорындар үшін – бес күнге дейін) мерзімде сақтай алады. Осы мерзім біткенде ұйым банкке міндеті бойынша пайдаланылмаған қолма-қол ақша сомасын банкке қайтаруға міндетті. Қолма-қол ақшамен жұмыс істеудің мұндай тәртібі Ресей Банкімен анықталған. Кассадағы қолма-қол ақшаның қалдық лимитін анықтау үшін ұйым жыл сайын беруі тиіс. Ол банкке берілетін екі данада ресімделеді. Банк өкілі екі данаға да қол қояды және олардың біреуін ұйымға қайтарады.

ЖРБҚЖ	БСК
0408020	

**_____ жылға арналған оның кассасына түсетін түсімнен қолма-қол ақшаны шығындауға
руқсатты ресімдеу және касса қалдығының лимитін кәсіпорында анықтау
ЕСЕБІ**

_____ кәсіпорын атауы (мөртанбасы)

_____ шот нөмірі

_____ банк мекемесінің атауы

Соңғы 3 айдағы қолма-қол ақша түсімі * _____ мың рубль
(іс жүзіндегі)***
Орташа күндік түсім** _____ мың рубль
Орташа сағаттық түсім** _____ мың рубль
Соңғы үш айдағы қолма-қол ақшамен төленді
(енбекақы шығындары мен әлеуметтік сипаттағы шығындардан басқа
) (іс жүзінде)*** _____ мың рубль
Орташа күндік шығын ** _____ мың рубль
Түсімді тапсыру мерзімдері: күнсайын, келесі күні,
1 рет _____ күн, лимиттен жоғары қалдық түзілгенде
(қажеттісін сызу)
Кәсіпорын жұмысының сағаттары _____ сағ. _____ мин. _____ сағ. _____ мин.
Түсімді тапсыру уақыты: кәсіпорын жанында бірлескен кассаға,
инкассаторларға, банк кассасына, почтаға (қажеттісін сызу) _____ сағ. _____ мин.
Сұралатын лимит сомасы _____ мың рубль

_____ (сомасы жазбаша)

Түсімді ұстауды сұраймыз

_____ (шығын мақсатын көрсету)

* - Түсім немесе шығын көлемінде шұғыл өзгерістер жағдайында соңғы айдағы деректер келтіріледі

** - Кәсіпорынның жұмыс күндерінің (сағаттарының) санына бөлінген түсім (шығын) сомасы.

*** - Қайта ұйымдастырылатын кәсіпорындар түсімнің (шығынның) болжамды сомасын көрсетеді.

Кәсіпорын басшысы _____ (Т.А.Ә.)
Бас бухгалтер _____ (Т.А.Ә.)

БАНК МЕКЕМЕСІНІҢ ШЕШІМІ

Келесі сомаға касса қалдығының лимитін
белгілеу _____ мың рубль

_____ (сума жазбаша)

Түсімді шығындауға рұқсат берілді

_____ (мақсаты көрсету)

Банк мекемесінің басшысы _____ (Т.А.Ә.)

7.2-сурет. «Кәсіпорында касса қалдығының лимитін анықтау есебі» № 0408020 нысаны

Бұл қызықты

Касса лимиті анықталғанға дейін ол нөлге тең саналады, және ұйым банкке барлық қолма-қол ақшаны тапсыруға міндетті. Егер кәсіпорынның әр түрлі банкте бірнеше шоттары болса, лимитті анықтау есебін ол олардың біріне береді, ал одан кейін қалған банктегі белгіленген лимит туралы мәлімдейді.

Есептеу нысаны РФ аумағында қолма-қол ақша айналымын ұйымдастыру ережелері туралы қағидамен бекітілген (7.2-сурет).

7.1.3. Кассадан қолма-қол ақшаны беру

Кәсіпорын кассасынан қолма-қол ақшаны беру шығыс кассалық ордерде тіркеледі (№ КО-2 нысан). Ол бухгалтерия қызметкерімен бір данада жазылады, басшының, бас бухгалтердің (немесе уәкілетті лауазымды тұлғаның), кассирдің қолдарымен және осы ордер бойынша ақша алған тұлғаның қолымен расталады. Оған мөр қойылмайды.

Шығыс кассалық ордердің үзінді көшірмесінің тәртібін келесі мысалда қарастырамыз.

«Прогресс» ЖШҚ сату бөлімінің бастығы П.Р. Родин қызметтік іссапарға бағытталады. Бұл ретте келесі құжаттар ресімделуі тиіс:

- № Т-10а нысаны бойынша қызметтік тапсырма (7.3-сурет);
қызметтік тапсырма негізінде № Т-9 нысаны бойынша іссапарға бағыттау туралы бұйрық жазылады (7.4-сурет). Егер іссапарға бірнеше қызметкер бағытталса, № Т-9а нысаны бойынша бұйрық ресімделеді);
- № Т-10 нысаны бойынша іссапар куәлігі (7.5-сурет). «Прогресс» ЖШҚ кассирі шығыс кассалық ордерін ресімдейді (7.6-сурет). Ақша алу кезінде Родин П.Р. төлқұжатын көрсетті, шығыс кассалық ордерге қол қойды және күнін көрсетті.

КО-2 нысанының реквизиттерін толтырудың кейбір ерекшеліктерін қарастырамыз.

Ұйымның «Құрылымдық бөлімше коды» және «Нысаналы тағайындау коды» бағандары қажеттілік болғанда кіріс кассалық ордерінде осындай бағандарға ұқсас толтырылады.

«Дебет, байланыстырылатын шот, қосалқы шот» және «Кредит» бағандары аталмыш шаруашылық операцияларында көрсетілетін бухгалтерлік есептің шоттары мен қосалқы шоттарын көрсетеді. Аталмыш жағдайда бухгалтерлік жазба келесі түрде көрсетіледі:

ЖРБҚЖ
бойынша нысан
ЖРКҰЖ
бойынша

Код
0301025

(ұйым атауы)

Құжат нөмірі	Жасау күні

Иссапарға бағыттауға арналған ҚЫЗМЕТТІК ТАПСЫРМА
және оны орындалуы туралы есеп

Табельдік нөмірі

(тегі, аты, әкесінің аты)

Құрылымдық бөлімше	Лауазымы (мамандығы, кәсібі)	Іссапар							Негіз
		тағайындау орны		күні		мерзімі (күнтізбелік күндер)		ұйым – төлеуші	
		ел, қала	ұйым	басы	соңы	барлығы	жолда табылу уақытын санамағанда		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Тапсырма (мақсат) мазмұны	Тапсырманы орындау туралы қысқа есеп
11	12

Құрылымдық бөлімше
басшысы

(лауазымы) (жеке қолы) (қолды ашып жазу) Қызметкер _____
(жеке қолы)

Тапсырманы орындау туралы
қорытынды _____

Ұйым
басшысы

(лауазымы) (жеке қолы) (қолды ашып жазу) Құрылымдық бөлімше
басшысы _____
(лауазымы) (жеке қолы) (қолды ашып жазу)

“ _____ ” _____ 20 ____ ж.

ЖРБҚЖ
бойынша нысан
ЖРҚҰЖ
бойынша

Код
0301022

(ұйым атауы)

Құжат нөмірі	Күні

**Қызметкерді іссапарға бағыттау туралы
бұйрық (өкім)**

Іссапарға бағытталсын:

Табельдік нөмірі

(тегі, аты, әкесінің аты)

(кәсібінің (лауазымының) атауы)

(құрылымдық бөлімше атауы)

(тағайындау орны (ел, қала, ұйым))

мерзімі

күнтізбелік күн

“ ____ ” ____ 20 ____ жылдан

“ ____ ” ____ 20 ____ жылға

мақсаты

Іссапар келесі қаражат есебінен

Негіз:

(қызметтік тапсырма, басқа негіз (нөмір, күні))

Ұйым атауы

(лауазымы)

(қолы)

(қолды ашып жазу)

Бұйрықпен (өкіммен) таныстым

(қызметкер қолы)

“ ____ ” ____ 20 ____ жыл

7.4-сурет. «Қызметкерді іссапарға бағыттау туралы бұйрық» № Т-9сәйкестендірілген нысан

Дебет 71 «Есеп беруге тиісті тұлғалармен есеп айырысу» — Кредит
50 «Касса» — 26 000 руб.

КРБҚЖ бойынша
нысан
ЖРҚҰЖ
бойынша

Код
0301024

_____ ұйым атауы

Исәпар куәлігі

Құжат нөмірі	Жасау күні

Қызметкер _____

Табельдік нөмірі

_____ тегі, аты, әкесінің аты

_____ құрылымдық бөлімше

_____ лауазымы (мамандығы, кәсібі)

исәпарға шығады _____

_____ тағайындау орны (ел, қала, ұйым)

_____ исәпар мақсаты

_____ күнтізбелік күн _____ (жолда табылу уақытын санам
_____ 20 ж. _____ 20 ж.

Төлқұжатты немесе оны алмастыратын құжатты көрсету бойынша жарамды _____

Басшы _____

_____ атауы, сериясы, нөмірі

_____ лауазымы

_____ жеке қолы

_____ қолды ашып жазу

№ Т-10 нысанның кері жағы

Исәпарға шығу, тағайындау пунктіне келу, одан шығу және тұрақты жұмыс орнына келуі туралы белгілер:

Кетті _____

Келді _____

_____ “ ” _____ 20 ж.

_____ “ ” _____ 20 ж.

_____ лауазымы

_____ жеке қолы

_____ лауазымы

_____ жеке қолы

_____ қолды ашып жазу

_____ қолды ашып жазу

М.О.

М.О.

Кетті _____

Келді _____

_____ “ ” _____ 20 ж.

_____ “ ” _____ 20 ж.

_____ лауазымы

_____ жеке қолы

_____ лауазымы

_____ жеке қолы

_____ қолды ашып жазу

_____ қолды ашып жазу

М.О.

М.О.

Кетті _____

Келді _____

_____ “ ” _____ 20 ж.

_____ “ ” _____ 20 ж.

_____ лауазымы

_____ жеке қолы

_____ лауазымы

_____ жеке қолы

_____ қолды ашып жазу

_____ қолды ашып жазу

М.О.

М.О.

Кетті _____

Келді _____

_____ “ ” _____ 20 ж.

_____ “ ” _____ 20 ж.

_____ лауазымы

_____ жеке қолы

_____ лауазымы

_____ жеке қолы

_____ қолды ашып жазу

_____ қолды ашып жазу

М.О.

М.О.

ЖРБҚЖ бойынша нысан
ЖРҚУЖ
бойынша

Код
0310002
51207715

«Прогресс» ЖШҚ
ұйым

құрылымдық бөлімше

ШЫҒЫС КАССАЛЫҚ ОРДЕР

Құжат нөмірі	Жасау күні
19	21.01.2011

Дебет				Кредит	Сума, руб. тыін.	Нысаналы тағайындау коды	
Құрылымдық бөлімше коды	Байланыстыра тын шот, қосалқы шот	Аналитикалық есеп шоты					
-	17	-		50	26000-00	-	

Берілсін _____ Родина Петр Родионович
тегі, аты, әкесінің аты
Негіз: _____ Іссапар шығындарына есеп берумен
Сума _____ Жиырма алты мың _____ руб. _____ тыін.
жазбаша
Қосымша _____ 19.01.2011 жылғы №5/к бұйрығы
Ұйым басшысы _____ Бас директор _____ Марков _____ В.И.Марков
лауазымы _____ қолы _____ қолды ашып жазу
Бас бухгалтер _____ Орлов _____ А.И.Орлов
колы _____ қолды ашып жазу
Алды _____ Жиырма алты мың _____ руб. _____ тыін.
жазбаша
« 21 » _____ қаңтар _____ 2011 ж. _____ Родин
Воронед қ. Центральная ауданы ІІД берілген 15.06.1998 жылғы 4502 № 563003 сериялы төлқұжат
Құжат атауы, нөмірі, күні және берген орны

Берген _____ алушының жеке басын куәландыратын
кассир _____ Баева _____ С.С.Баева
колы _____ қолды ашып жазу

7.6-сурет. Толтырылған «Шығыс кассалық ордер» № КО-2 сәйкестендірілген нысаны

«Негіз» жолында шаруашылық операциялар мазмұны көрсетіледі.

«Қосымша» жолында кассадан ақша берілген бастапқы және басқа құжаттар келтіріледі.

Шығыс кассалық ордер немесе оны алмастыратын құжат бойынша ақшаны беріп, кассир алушының жеке басын куәландыратын құжатты (төлқұжатты немесе басқа құжатты) көрсетуді талап етуі тиіс. Шығыс кассалық ордерде құжат атауы мен нөмірі, құжаттың кіммен және қашан берілгені көрсетіледі.

Ұйым кассасынан қолма-қол ақшаны шығыс кассалық ордер бойынша ғана емес, сонымен бірге тиісті ресімделген басқа құжаттар (төлем тізімдемесі, есеп айырысу-төлем тізімдемесі, ақшаны беру өтініші, шоттар және басқалары) бойынша беруге болады. Ақша беру құжаттары кәсіпорын басшысымен, бас бухгалтермен немесе осы арнайы бұйрықпен уәкілетті тұлғалармен қол қойылуы тиіс. Мұндай құжаттар бойынша ақша беріп, кассир шығыс кассалық ордер

реквизиттері бар мөртаңбаны оған қояды.

Шығыс кассалық ордерге қоса берілетін құжаттарда (өтініштерде, шоттарда және басқалары) кәсіпорын басшысының рұқсат қолы болатын жағдайларда, шығыс кассалық ордерлердегі оның қолы міндетті емес.

Кәсіпорында ақша беру онда иесінің суреті және жеке қолы болғанда осы кәсіпорынмен берілетін куәлік бойынша жасалады.

Ақша алуға қолхат алынған соманы көрсетіп тек қара сиямен немесе шарик қаламмен алушымен жасалады: рубль – жазбаша, тиын - цифрлармен.

Кассир ақшаны тек шығыс кассалық ордерде немесе оны алмастыратын құжатта көрсетілетін тұлғаға ғана беруге құқылы. Алайда белгіленген тәртіпте ресімделген сенімхаттар бойынша ақшаны беруге болады. Бұл жағдайда алушының тегі, аты және әкесінің атынан кейін ордер мәтінде бухгалтериямен ақшаны алуға сенімді тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты көрсетіледі. Егер ақша беру тізімдеме бойынша жасалса, ақшаны алу кезінде қолхатқа қол қояр алдында «Сенімхаттар бойынша» жазу жасалады. Сенімхат шығыс кассалық ордерге немесе тізімдемеге қосымша болып табылады.

Шығыс және кіріс кассалық ордерлерін немесе оларды алмастыратын құжаттарды алу кезінде кассир тексеруге міндетті:

- Құжаттарда бас бухгалтердің қолының, ал шығыс кассалық ордерде немесе оны алмастыратын құжатта кәсіпорын басшысының немесе осыған уәкілетті тұлғаның рұқсат жазуының (қолдарының) болуы және түпнұсқалығы;
- Құжаттарды ресімдеу дұрыстығы;
- Құжатта аталған қосымшалардың болуы.

Осы талаптардың бірін сақтамау жағдайында кассир тиісті ресімдеу үшін бухгалтерияға құжаттар қайтарылады. Кіріс және шығыс кассалық ордерлерге немесе оларды алмастыратын құжаттарға кассир олар ақшаны беруден немесе алғаннан кейін қол қояды, ал оған қоса берілген құжаттар мөртаңбамен немесе «Төленді» жазуымен күнін (күні, айы, жылы) көрсетіп жабылады.

7.1.4. Ұйым кассасынан еңбекақыны беру

Әлеуметтік сақтандыру бойынша жәрдемақылар мен еңбекті төлеу сомалары әрбір алушыға шығыс кассалық ордер жасаусыз төлем (№ Т-49 нысаны) (7.7-сурет) немесе есеп айырысу-төлем (№ Т-49-сурет) (7.8-сурет) тізімдемесі бойынша беріледі.

Төлем (есеп айырысу-төлем) тізімдемесінің титул (бас) парағында кәсіпорын басшысының және бас бухгалтердің немесе бұған уәкілетті тұлғалардың қолдарымен ақша беру туралы рұқсат жазуы жасалады.

Еңбекті төлеуге ақшаны бір жолғы беру (демалысқа кету, ауыру

және басқалары кезінде), сондай-ақ депозиттелген соманы және бірнеше тұлғаларға қызметтік іссапарлармен байланысты шығындарға есеп берілетін ақшаны беру ұқсас түрде ресімделуі мүмкін.

Жеке тұлғаларға еңбекті төлеуге ақшаны бір жолғы беру әдетте шығыс кассалық ордер бойынша жасалады.

Бұл қызықты

Ұйымдар өз кассасында банкпен белгіленген лимиттен жоғары қолма-қол ақшаны тек еңбекақыны, әлеуметтік сипаттағы төлемдерді және жәрдемақыны беру үшін, алайда үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде сақтай алады. Осы біткенде кассир:

- көрсетілген төлемдер жасалмаған тұлғалардың тегіне қарсы төлем (есеп айырысу-төлем) тізімдемесіне мөртаңба қоюы немесе «Депозиттелген» деп қолдан белгі жасауы;
- депозиттелген сома тізілімін жасауы;
- төлем (есеп айырысу-төлем) тізімдемесінің соңында іс жүзінде төленген және депозиттеуге жататын сомалар туралы жазу жасауы, олардың төлем тізімдемесі бойынша жалпы жиынымен салыстыруы және жазуды өз қолымен растауы тиіс. Егер ақша кассирмен емес, басқа тұлғамен берілсе, онда тізімдемеде «Тізімдеме бойынша ақшаны берген (қолы)» жазуы қосымша жасалады. Бір тізімдеме бойынша кассирмен және таратушымен ақшаны беруге тыйым салынады;
- іс жүзінде төленген соманы кассалық кітапқа жазуы және «Шығыс кассалық ордер № » мөртаңбасы қойылуы тиіс.

Бухгалтерия төлем (есеп айырысу-төлем) тізімдемесінде кассирмен жасалған белгілерді және олар бойынша берілген және депозиттелген соманы қайта есептеуді тексереді. Депозиттелген соманы банкке тапсырады және тапсырылған сомада бір ортақ шығыс кассалық ордер жасалады.

ЖРБҚЖ
бойынша нысан
ЖРКҰЖ
бойынша

Код
0301011

(ұйым атауы)

(құрылымдық бөлімше) Байланыстырылатын
шот

Кассаға мерзімде төлеу үшін

“ ____ ” ____ 20 ____ ж. “ ____ ” ____ 20 ____ ж.

Сома _____
(жазбаша)

_____ руб. ____ тиын (_____ руб. ____ тиын)

(цифрлармен)

Ұйым басшысы

_____ (лауазымы)

_____ (жеке қолы)

_____ (қолды ашып жазу)

Бас бухгалтер

_____ (жеке қолы)

_____ (қолды ашып жазу)

“ ____ ” ____ 20 ____ ж.

**ТӨЛЕМ
ТІЗІМДЕМЕСІ**

Құжат нөмірі	Жасау күні

Есеп беру кезеңі
бастап бойынша

№ Т-53 нысанның 2-беті

Реттік нөмірі	Табельдік нөмірі	Тегі, аты-жөні	Сома, руб.	Ақша алуғағы қолы (соманы депозиттеу туралы жазба)	Ескертпе
1	2	3	4	5	6

Осы төлем тізімдемесі бойынша төленген
сома

_____ (жазбаша)
_____ руб. ____ тиын (_____ руб. ____ тиын.)

(цифрлармен)

және депозиттелген сома

_____ (жазбаша)
_____ руб. ____ тиын (_____ руб. ____ тиын)

(цифрлармен)

Төлемді жасаған

_____ (лауазымы)

_____ (жеке қолы)

_____ (қолды ашып жазу)

Шығыс кассалық ордер № _____ “ ____ ” ____ 20 ____ ж.

Тексерген бухгалтер

_____ (жеке қолы)

_____ (қолды ашып жазу)

“ ____ ” ____ 20 ____ ж.

Үлгі бойынша 2-бетті № Т-53 нысаны бойынша тізімдеменің қосымша беттерін басып шығару.

Қолдарды соңғы бетінде басып шығару.

7.7-сурет. «Төлем тізімдемесі» № Т-53 сәйкестендірілген нысаны

Кассаға мерзімінде төлеу үшін « » 20 ж. « » 20 ж.

Ұйым басшысы			
	лауазымы	жеке қолы	қолды ашып жазу

Бас бухгалтер

ЖЕКЕ ҚОЛЫ ҚОЛДЫ АШЫП ЖАЗУ

ЕСЕП АЙЫРЫСУ-ТӨЛЕМ ТІЗІМДЕМЕСІ

Құжат нөмірі	Жасау күні	Есеп беру кезеңі	
		бастап	бойынша

[illegible][illegible]

Осы төлем тізімдемесі бойынша

төленген сома _____ жазбаша _____ руб. _____ тынн. (_____ руб. _____ тынн.)
цифрлармен

және депозиттелген сома _____ жазбаша _____ руб. _____ тиын. (_____ цифрлармен _____ руб. _____ тиын.)

Орталықтандырылған бухгалтерияда берілген еңбекақының жалпы сомасына күні мен нөмірі әрбір төлемдік (есеп айырысу-төлем) тізімдемесінде қойылатын бір шығыс кассалық ордері жасалады.

Кәсіпорынның тізімдік құрамында тұрмайтын тұлғаларға әрбір тұлғаға жеке-жеке жазылатын шығыс кассалық ордер бойынша немесе жасалған шарттар негізінде жеке тізімдеме бойынша беріледі.

Ауыл шаруашылық және тиеу-түсіру жұмыстарына тартылатын, сондай-ақ табиғат апаттарының салдарын жою үшін тұлғаларға ақша беру тізімдеме бойынша жасалады. Тізімдемелер қызметкерлері көрсетілген жұмыстарға бағытталған әрбір ұйым бойынша жеке жасалады және басшының және бас бухгалтердің қолынан басқа, сәйкес ұйымның уәкілетті өкілінің қолымен расталады.

7.1.5. Кіріс және шығыс кассалық құжаттарды тіркеу

Кіріс және шығыс кассалық ордерлер немесе оларды алмастыратын құжаттар кассаға берілгенге дейін бухгалтерияда кіріс және шығыс кассалық құжаттарды тіркеу журналында тіркейді.

Еңбекті төлеуге төлем (есеп айырысу-төлем) тізімдемесінде және оларға теңестірілетін басқа төлемдерде ресімделген шығыс кассалық ордерлер оларды бергеннен кейін тіркеледі.

Кіріс және шығыс кассалық ордерлерді немесе оларды алмастыратын құжаттарды тіркеу үшін бухгалтерияда кіріс және шығыс кассалық құжаттарды тіркеу журналы (№ КО-3 нысаны) ресімделеді (7.9-сурет). Еңбекті төлеуге төлем (есеп айырысу-төлем) тізімдемесінде және олармен теңестірілген басқа төлемдерде ресімделген шығыс кассалық ордерлер оларды бергеннен кейін тіркеледі.

Есептеуіш техника құралдарын қолданып кіріс және шығыс кассалық құжаттарында тіркеу кезінде сәйкес күні жасалатын «Кіріс және шығыс кассалық ордерлерді тіркеу журналының қосымша парағы» ресімделеді.

ЖРБҚЖ бойынша нысан «Прогресс» ЖШҚ _____ ұйым _____ құрылымдық бөлімше	ЖРКҰЖ бойынша _____
Код 0310003 51207715	

**Кіріс және шығыс кассалық құжаттарды
ТІРКЕУ ЖУРНАЛЫ**
 _____ 2011 _____ ж.

_____ лауазымы _____ тегі, аты, әкесінің аты
 Кіріс және шығыс кассалық ордер журналының беттері
 келесі түрде көрсетіледі.

Кіріс құжаты		Сома, руб. тиын.	Ескертпе	Шығыс құжаты		Сома, руб. тиын.	Ескертпе
күні	нөмірі			күні	нөмірі		
1	2	3	4	5	6	7	8
			және т.б.				

7.9-сурет. «Кіріс және шығыс кассалық құжаттарды тіркеу журналы» № КО-3 сәйкестендірілген нысан

7.1.6. Кассалық кітап

10.4-сурет. «Жеткізуші шотынсыз түскен тауарды қабылдау туралы акт» №ТОРГ-4 сәйкестендірілген нысаны

Егер комиссия тауар саны, сапасы, массасы бойынша ауытқуларды анықтаса, қабылдау тоқтатылуы тиіс. Бұл жағдайда тауардың сақталуын қамтамасыз етуі, оны басқа біртекті өніммен араласуының алдын алу шараларын қолдану және жеткізуші өкілін (жүк жіберуші) шақыру қамтамасыз етілуі тиіс.

Комиссия № ТОРГ-2 нысаны бойынша төрт данада акт қабылдайды, олардың біреуі жеткізушіге жіберіледі. Импорт тауарларына № ТОРГ-3 нысаны бойынша бес данада жасалады. Екі нысан үшін толтыру ережесі бірдеу.

Бұл қызықты

Егер бір тасымалдау құжаты бойынша түрлі тауарлар түссе, ал жетіспеу тауарлардың тек біреуі бойынша анықталса, актіде барлық алынғандарды көрсету қажет емес. Акт соңында «Қалған тауарлар бойынша алшақтық жоқ» деген белгі жасалады.

Акт негізінде жеткізушіге немесе тасымалдау ұйымына шығынды өтеу талабымен (кімнің кінәсінен жетіспеу түзілгеніне және шарт бойынша оның салдарына жауапкершіліктің кімге жүктелгеніне байланысты) наразылық хаты жасалады.

Егер тауарлар жеке тұлғадан сатып алынса, сондай-ақ кейбір жағдайларда жеткізуші шотынсыз түскен тауарларды қабылдау туралы акт жасалады (№ ТОРГ-4 нысандар) (10.4-сурет). Бұл нысан ілеспе құжаттарсыз тауарлар түскен кезде (іс-жүзінде болуы бойынша тауарлық-материалдық құндылықтардың түсуін ресімдеу үшін). Акт материалды-жауапты қызметкердің қатысуымен екі данада жасалады. Актіге комиссия мүшелері қол қояды, оны ұйым басшысы бекітеді. Бірінші дана бухгалтерияға беріледі, екіншісі – тауарды қабылдаған материалды-жауапты тұлғада қалады.

«Тасымалдау құжаттары бойынша ескеріледі», «Жіберу станциясында (айлақта, портта) тауар массасы» жолдары тасымалдау ұйымымен жазылған құжаттар болғанда толтырылады. «Орауыш жағдайы» жолын егер тауарды қабылдау кезінде орауыштың зақымдануы анықталса, толтырады.

Шағым хат келесі мәліметтерден тұруы тиіс: тауар атауы, оның саны мен орналасқан орны, шағым көрсету негізі (шартқа сілтеме), наразылық мәні және дәлелдеме.

Басқа сауда операциялары ТОРГ сериялы келесі сәйкестендірілген нысандармен ресімделеді.

«Жеткізуші шотында көрсетілмеген тараны кірістеу туралы акт» № ТОРГ-5 нысанын комиссия және материалды-жауапты қызметкер жасайды. Екі дана: біріншісі бухгалтерияға беріледі, екіншісі материалды-жауапты тұлғада қалады.

«Тараны бүркеу туралы акт. Тараны бүркеуді талап ететін тауарлық-материалдық құндылықтарды тіркеу журналы» № ТОРГ-6 нысанын комиссия бір данада жасайды. Акт ұйым бухгалтериясына тауарлық есеппен бірге материалды-жауапты тұлғамен беріледі. Егер тара массасы жеткізушінің ілеспе құжаттарында көрсетілген массадан артық құраса, акт екі данада жасалады. Екінші дана наразылықпен өтеу үшін жеткізушіге бағытталады. Журналға бухгалтер қабылданатын тауар құжаттары негізінде тараны бүркеу туралы деректерді жазады.

«Тапсырыс-іріктеу парағы» № ТОРГ-8 нысанын көтерме база (қойма) қызметкері толтырады және орындау үшін қоймаға жіберіледі. Нысан құрылымы тауарлардың жеке топтары бойынша есеп айырысуларды жүргізуге мүмкіндік береді (мысалы, тауар топтары бойынша сауда жеңілдіктерін есептеу). Осы құжат деректері негізінде тауарлық-тасымалдау жүкқұжаты толтырылады.

«Ораушы затбелгісі» № ТОРГ-9 нысаны ұйым қызметкерімен әрбір жеке орынға (жәшік, теңдер және т.б.) үш данада жазылады, материалды-жауапты тұлғалармен және ораушылармен қол қойылады.

Бір дана тауармен бірге жәшікке (теңдерге) салынады, екіншісі әрбір орынның массасын көрсетіп шот-фактураға қоса салынады, үшіншісі қоймада қалады.

«Ерекшелік» № ТОРГ-10 нысаны қойманың материалды-жауапты тұлғасымен (қоймашымен) екі данада жазылады. Бір дана сатып алушыға бағытталатын шот-фактураға салынады, екіншісі бухгалтерияға беріледі.

Оралған тауар экспедицияға, агентке (экспедиторға, жүргізушіге, тасушыға) орын саны немесе таза салмағы бойынша ерекшелік бланкінде қолхатпен беріледі.

«Тауарлық затбелгі» № ТОРГ-11 нысаны материалды-жауапты тұлғамен әрбір атауға затбелгінің реттік нөмірін қойып толтырылады. тауарлық затбелгі олардың орналасқан орны бойынша тауарлық-материалдық құндылықтарымен бірге сақталады.

Аталмыш тауарлық затбелгілер тауарлық-материалдық құндылықтардың инвентаризация тізімдемесін толтыру үшін қолданылады.

«Тауарларды, тараны ішкі ауыстыру, беру жүкқұжаты» № ТОРГ-13 нысаны. Тауарлық-материалдық құндылықтарды тапсыратын құрылымдық бөлімшенің материалды-жауапты тұлғасымен екі данада жасалады. Бірінші дана материалды-жауапты құндылықтарды есептен шығару үшін негіз болады, ал екінші дана құндылықтарды кірістеу үшін қабылдаушы бөлімшеге арналады. Тапсырушының материалды-жауапты тұлғалары қол қояды және бухгалтерияға тапсырады.

«Шығыс-кіріс жүкқұжаты» (ұсақ-бөлшек сауда үшін) № ТОРГ-14 нысаны. Тауарды босататын материалды-жауапты тұлғамен екі данада босатылады. Бір дана тауар сатушыға беріледі, ал екіншісі ұйымда (дүкенде, базада, қоймада) қалады. Жұмыс күні біткенде ұйым кассасына сатылған тауардың түсімін және сатылмаған тауардың қалдығын сатушының тапсыруы туралы жүкқұжатта жазба жасалады. Егер сатушы өтпеген тауарларды қайта алмаса, жүкқұжатта қалдықтар жазбасы жасалады.

«Тауарлық-материалды құндылықтардың құртылуы, сынуы, бұзылуы туралы акт» № ТОРГ-15 нысаны. Үш данада жасалады және ұйым әкімшілігінің өкілінің, материалды-жауапты тұлғаның немесе қажеттілік болғанда саниатриялық қадағалау өкілінің қатысуымен комиссия мүшелерімен қол қойылады. Ұйым басшысымен бекітіледі. Бірінші дана бухгалтерияға бағытталады және тауарлық-материалдық құндылықтардың шығынын материалды-ауапты тұлғадан есептен шығару негізі болып табылады, екінші дана бөлімшеде қалады, үшінші – материалды-жауапты тұлғаға беріледі.

«Тауарларды есептен шығару туралы акт» № ТОРГ-16 нысаны. Үш данада жасалады және осыған ұйым басшысымен уәкілетті комиссия мүшелері қол қояды. Қажеттілік жағдайында акт санитариялық немесе өзге қадағалау органдары өкілінің қатысуымен жасалады. Бірінші дана бухгалтерияға бағытталады, екіншісі бөлімшеде қалады, үшіншісі – материалды-жауапты тұлғада болады.

«Қоймадағы тауарлардың қозғалысын есепке алу журналы» № ТОРГ-18 нысаны. Атауы, сұрпы, саны мен бағасы бойынша материалды-жауапты тұлғалармен жүргізіледі. Журналға жазбалар бір күн ішіндегі тауарлар мен тараны босату есебі бойынша жинақ тізімдемесі немесе кіріс-шығыс құжаттары негізінде жасалады.

«Шығыс өлшемі (ерекшелімі)» № ТОРГ-19 нысаны. База (қойма) қызметкерлерімен екі данада жасалады. Бірінші дана бухгалтерияға, екіншісі – жүк алушының өкіліне жіберіледі.

«Тауарларды дайындау, сұрыптау, қайта таралау туралы акт» №

ТОРГ-20 нысаны. Қайта таралау, сұрыптау, дайындау, қайта үлгілеу туралы ұйым басшысының бұйрығы, өкімі негізінде комиссия мүшелері екі данада жасалады. Бірінші дана бұйрықпен, өкіммен бірге бухгалтерияға беріледі, екіншісі материалды-жауапты тұлғада қалады.

«Ұсақ бөлшек сауда қызметкерінің тауарлық журналы» № ТОРГ-23 нысаны. Журнал бір данада жүргізіледі және ұсақ бөлшек сауда қызметкерінің қолында табылады. Көрсетілген қызметкерлерге тауарды босату әрбір жеке жағдайда шығыс жүкқұжатының үзінді – көшірмесімен ресімделеді. Тауарларды босату және түсімді алу туралы деректер тауарлардың жаңа қалдығын әр жолы анықтаумен кіріс-шығыс құжаттары негізінде операциялар жасау бойынша журналған жазылады. Журналдағы жазбалар тауарды босататын, сондай-ақ түсімді қабылдайтын (егер түсім кассаға тапсырылмаса) жауапты тұлғалармен жасалады және қол қойылады.

«Тапсырыс» № ТОРГ-26 нысаны көрсетілген мекен-жай бойынша жеткізумен немесе нақты күні мен уақытында мекен-жай бойынша жеткізусіз алдын ала тапсырыс бойынша тауарларды сатуды ресімдеу үшін арналған.

Тапсырыс берушінің (сатып алушының) келісімімен сауда ұйымдарының қызметкерімен екі данада ресімделеді. Бірінші дана тапсырысты орындау үшін іріктеушіге беріледі, төлеу туралы белгісі бар тапсырыс бланкісінің екінші данасы сатып алушыға беріледі. Тапсырысты қабылдау, іріктеу, жиынтықтау, орындау үшін жауапты тұлғалармен қол қойылады.

«Сатып алушы тапсырыстарының орындалуын есепке алу журналы» № ТОРГ-27 нысаны орындауға қабылданған сатып алушы тапсырыстарының орындалуын есепке алуға арналған.

Бір данада жүргізіледі және тапсырыстар столында табылады. Журналда қабылданған тапсырыстар нөмірі, орындау күні мен уақыты, сондай-ақ іріктеушінің тапсырысты алуы және олармен орындалған тапсырысты қайтаруы бойынша тіркеледі.

«Сандық-құндық есепке алу карточкасы» № ТОРГ-28 нысаны. Әрбір атауға, тауар сұрпына жеке-жеке жүргізіледі. Әр түрлі мақсаттағы, алайда бірдей бөлшек бағасы болатын біртекті тауарларды сандық-құндық есепке алу кезінде бір карточкада біріктіріліп ескерілуі мүмкін. Карточкадағы жазбалар материалды-жауапты тұлғалармен бухгалтерияға ұсынылатын сенімді құжаттар негізінде сандық және құндық көріністе жасалады.

«Тауар есеб» № ТОРГ-29 және «Тара бойынша есеп» № ТОРГ-30 нысандары. Материалды-жауапты тұлғамен екі данада жасалады. Тауар есебі әдетте тауарларды есептеудің сальдолық әдісі кезінде жасалады. Бухгалтермен және материалды жауапты тұлғамен қол

қойылады. Негізінде есеп жасалатын қоса берілген құжаттармен есептің бірінші данасы бухгалтерияға беріледі, екінші дана материалды-жауапты тұлғада қалады.

«Кіріс және шығыс құжаттарын тіркеу үшін құжаттарды тапсырудың ілесімі» № ТОРГ-31 нысаны. Есеп беру кезеңінде операциялар бойынша кіріс және шығыс құжаттарына материалды-жауапты тұлғамен екі данада жасалады. Оған қоса салынған құжаттары бар бірінші дана қолхатпен бухгалтерияға немесе есептеуіш техника құралдарымен өндеуге жіберіледі. Екінші дана материалды-жауапты тұлғада қалады.

Ресей Мемстаткомитетінің 1998 жылғы 25 желтоқсандағы № 132 Қаулысымен ұйым қызметінің ерекшеліктерімен байланысты кейбір нысандар бекітілген:

- кіріс топтық өлшем (№ ТОРГ-17 нысаны) жеміс-көкөніс базаларына, қоймаларға, тоңазытқыштарға тауар қабылдау кезінде қолданылады;
- картопты, көкөністерді, жемістерді, сондай-ақ іріктеу кезінде анықталған қалдықтарды іріктеуді, сұрыптауды ресімдеу үшін жеміс-көкөніс базаларында (қоймаларда) қолданылады;
- жұмыртқаларды бақылап (іріктеп) тексеру туралы акт (№ ТОРГ-22 нысан);
- матаны қайта өлшеу туралы акт (№ ТОРГ-24 нысан) сатуға шығаруға дейін қажетті жағдайларда барлық немесе жеке топтар бойынша маталарды қайта өлшеу кезінде артығын (жетіспегендерін) есептеу үшін дүкендерде қолданылады;
- Қиықты арзандату туралы акт (№ ТОРГ-25 нысан) қиықтардың жиналу шамасы бойынша матаны ббөлшек сату кезінде сауда желілерінде түзілген өлшемді қиықтардың арзандауына ресімдеу үшін қолданылады.

10.4. ТАУАРЛЫҚ-ТАСЫМАЛДАУ ЖҮКҚҰЖАТЫН РЕСІМДЕУ

Тауарлық-тасымалдау жүкқұжаты (ТТЖ) бөтен ұйымдар тауарды тасымалдау кезінде жалдағанда қажет.

Егер тауарды жеткізу теріс ресімделсе, жайсыздықтарға жол бермеу мүмкін емес. Сонымен бірге мұндай жағдайда проблемалар тауар құнын шығынға есептеуге тыйым салатын салық төлеушілермен ғана

болмайды. Теріс жасалған немесе жетіспейтін құжаттар ішкі істер органдарымен де істі қарау себебі болуы мүмкін.

Жүкті тасымалдау кезіндегі ең маңызды құжат — тауарлық-тасымалдау жүкқұжаты (№ 1-Т нысаны) (10.5-сурет), сондықтан оны қалай дұрыс толтыруды және ең жиі кездесетін қателерді қалай жоюға болатынын толық қарастырамыз.

Мұндай жүкқұжатты жүк жіберуші жасайды. Көбіне бұл сатушы (жеткізуші) сияқты фирма. Олар егер бас компанияға тиесілі тауар өз қоймасынан оның «еншілесі» тиесе, сәйкес келмеуі мүмкін. Сондай-ақ құндылықтарды оның иелерімен шарт, тапсырмалар немесе агенттік шарт жасаған делдал тиегенде де болуы мүмкін. Осы ТТЖ негізінде жүк жіберушінің бухгалтериясы өз қоймасынан тауарды есептен шығарады. Ал егер жүкжіберуші сатушы болып табылса, онда ТТЖ-мен жасалған тауарлар баланстан есептен шығарылады.

Жүк алушының да тауарлық-тасымалдау жүкқұжаты қажет. Көбіне бұл сатып алушы, кейде еншілес фирмалармен және делдалдармен де жасалатын жағдай кездеседі. Жүк алушының бухгалтериясы алынған ТТЖ қолданып, сатып алынған құндылықтарды кіріске қояды.

ТТЖ тауарды жеткізетін тасымалдаушы ұйымға өте қажет. Мұнда арнайы тарауда тасымалдаушы сатып алушыға немесе сатушыға өз қызметтерінің құнын есептейді және шот қояды.

Соңында, тауарлық-тасымалдау жүкқұжаты жүргізушіге де керек, себебі ол жүк тасу негізі болып табылады. Егер жүргізуші осы қағазды жолда тоқтатқан ішкі істер органдарының қызметкерлеріне көрсетпесе, оны ұстап, тауарын тәркілеуі мүмкін.

Ұйымның толық атауы, мекен-жайы, телефон нөмірі

Жүкті жүк алушы қабылдады

тіркеу № _____
Жүкті жеткізу ресімі « _____
Ұйым _____

Сервисы _____

ТТЖ № К жол
парағына № _____

Мемлекеттік нөмір белгісі _____

(толеуші)

Жүргізуші _____

Атауы, мекен-жайы, телефон нөмірі

Куәлік № _____

Лицензиялық картонка _____

Стандартты шектеуі _____

тасымалдау _____

Тіркеу № _____

Тілеу пункті _____

Тілеу пункті _____

Бағыт _____

Қайта мекен-жайлау _____

(мекен-жайы, телефоны)

1. Тіркеме _____

Гараж нөмірі _____

2. Тіркеме _____

Мемлекеттік нөмірлік белгісі _____

Гаражнөмірі _____

(жауапты тұлғаның қолы)

Жаңа жүк алушының атауы және мекен-жайы, өкім
нөмірі _____

ЖҮК ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Жүктің қысқаша сипаттамасы	Жүкпен ілестірілген құжаттар	Орауыш түрі	Орындар саны	Массаны анықтау тәсілі	Жүк коды	Контейнер нөмірі	Жүк класы	Таза салмағы,
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1.								
2.								
3.								

Корсетілген жүктің пломбасы, тарасы _____

Орын саны _____

Корсетілген жүктің пломбасы, тарасы _____

Жүру соғу _____

Барлығы: таза салмағы, т _____

және орауышы жарамды _____

(жазбаға)

саны _____

I _____

Таза салмағы _____

Таза салмағы _____

Жасалған актілер туралы белгілер _____

Тапсырған _____

Тапсырған жүргізуші-экспедитор _____

Тасымалдау қызметтері _____

(лауазымы)

Қабылдаған жүргізуші - _____

Қабылдаған _____

экспедитор _____

(Қолының толық жазылуы)

(Қолының толық жазылуы)

ТИЕУ-ТҮСІРУ ОПЕРАЦИЯЛАРЫ									
	Орындаушы, алушы, жіберуші	(атауы, саны)	шөміш механизмі, жүккөтерімділігі, сығымдылығы	тәсілі		күші (айы, жылы), уақыты, сағ, мин		Қосымша операциялар уақыты, мин	Жауапты тұлғаның қолы
				ручной, механизированный, каллином, самосвалом	код	кесту	кесту		
10	11	12	13	14	15	16	17	18	19
погрузка									
разгрузка									

ӨЗГЕ МӘЛІМЕТТЕР _____

(автомобиль неси)

Жол топтары бойынша тасымалдау қашықтығы, км _____

Тасымалдау қызметтері үшін _____

Клиенттен тиесілі сомға _____

Құжаттары әріпсе ресімдемегені үшін айтылған сомасы - руб-
тинен: _____

Кіріс уақыты, сағ _____

Бағалау: _____

Құнын есептеу	Тонна үшін	Тонна км үшін	Тілеу-түсіру жұмыстары, тонна	Автомобиль тіркесімін тисілеуі	Жөнелту	Нормативтен жоғары кідіріс, сағ, мин.		Қауыртығы үшін	Арнайы көлік үшін	Әңге қосымша ақылар	барлығы
						Тілеу кезінде	Түсіру кезінде				
Орындалым	33	34	35	36	37	38	39	40	41	42	43
Бағалы, руб. тиын											
Төлеуі, руб. тиын											

10.5-сурет. № 1-Т «Тауарлық-көлік жүкқұжаты» № 1-Т сәйкестендірілген нысаны

Бұл қызықты

Егер сатушы және сатып алушы өз күштерімен шығуды және тасымалдаушыны жалдамауды шешсе не істеу керек? Мұндай жағдайда кейбір кәсіпорындар ТТЖ жасауды қаламаса, ал тек мысалы, № ТОРГ-12 нысаны бойынша қарапайым жүкқұжатты ғана ресімдемекші болса, онда тасымалдау шығындарын есепке алу үшін фирма үшін қолайлы жүргізушінің жол парағы қолданылады. алайда салық салушылар бұл нұсқаны дұрыс санамайды, олар тауарлық-тасымалдау жүкқұжатын талап етеді. Алайда, тәжірибе көрсеткендей, арбитраж соттары инспекторлардың наразылықтарын негізсіз санайды.

Тауарлық-тасымалдау жүкқұжатын толтыру тәртібі (ТКЖ).

Тауарлық-тасымалдау жүкқұжатының бланкісі (№ 1-Т нысаны) Ресей Мемстаткомитетінің 1997 жылғы 28 қарашадағы №78 Қаулысымен бекітілді. Ол екі бөліктен – тауарлық және тасымалдау бөлігінен тұрады. Тауар бөлігі жүк жіберуші және алушы үшін арналған. Тасымалдау бөлігі – автокөлік кәсіпорындары үшін.

ТТЖ мынадай жүйелікте толтырады. Оны жүк жіберушінің өкілі төрт данада толтырады. Бұл бухгалтер, қоймашы, логистка немесе мұндай міндет бекітілген басқа тұлғалар болуы мүмкін. Одан кейін құжаттар басшының және бас бухгалтердің қолына беріледі.

Автомобиль тиеуге келгенде қалған реквизиттері толтырылады. Бұл ретте жүк жіберушінің өкілі тауардың тиелуін қадағалайды және оны жүкқұжатта өз қолымен және фирманың мөрмен куәландырады. Жүргізуші де құндылықтарды қабылдағанын растап барлық ТТЖ қол қояды және төрт дананың үшеуін алып кетеді. Бұл сәтте тауар тиелген саналады, сондықтан бухгалтерия оны балансынан есептен шығарады.

Жүкті тағайындалған жерге жеткізіп, жүргізуші сатып алушы өкіліне (қоймашы, қойма меңгерушісі, тауаратанушы және т.б.) береді. Бұл адам жүкқұжаттың барлық үш данасында өз қолы мен кәсіпорын мөрін қояды. Түсіргеннен кейін бір данасын тауарды сатып алу есепте көрсетілетін сатып алушының бухгалтериясына жіберіледі.

Жүргізуші ТТЖ қалған екі данасын өз ұйымына әкеледі. Олардың біреуіне бухгалтер қолын қояды, жүргізушінің қандай жұмыс көлемін орындауына байланысты оған еңбекақы есептейді. Басқа дана тасымалдаушы компания тапсырыс берушіге тасымалдау үшін қоятын шот негізі болады.

Қатысушылардың әрқайсының жүкқұжатында ненің жазылуы керектігін толығырақ қарастырамыз.

ТТЖ-ны жүк жіберушінің толтыруы. Автомобиль келгенге дейін жүк жіберуші тасымалдау қатысушылары, жүк, ілеспе құжаттар және т.б. оған белгілі барлық акпаратты енгізеді.

Тақырып бөлігіне ол тауарлық-тасымалдау жүкқұжатының күнін,

сериясын, нөмірін қояды. Бұдан басқа, өз компаниясының және жүк алушы фирманың атауларын, мекен-жайларын, телефон нөмірлерін және ЖРКҰЖ келтіреді. Одан әрі көлік ұйымдарының қызметін кімнің төлейтіні көрсетіледі және есеп айырысу шотының нөмірі енгізіледі.

Кестедегі тауар бөлігінде тауар сипатталады: оның коды (номенклатуралық нөмірі), артикулы және прейскурант бойынша нөмірі, саны, бағасы, атауы, өлшем бірлігі келтіріледі. Сондай-ақ мұнда орауыш сипатталады, орын саны мен массасы көрсетіледі. Егер жүк ақтара тиеліп, құйылып немесе контейнерлерде тасымалданса, ТТЖ-да тоннадағы массасы көрсетілуі тиіс (0,01 дейін дәлдікпен). Таралы-даналық жүкті жіберіп, жүкқұжатта орынның жалпы саны мен таңбалануы ғана жазылады. Бұдан басқа ТТЖ-да қоймалық картотека бойынша сомасы мен реттік нөмірі, үстеме бағасы, қойма шығындарының шамалары болуы тиіс.

Кесте соңында тауар үшін алынған жалпы сомасы жазылады. Ал одан кейін «Барлық сомасы» жолында түсірілген жүктің жалпы құны жазбаша қосарланып жазылады.

Қосымшалар туралы да ерекше айту керек. Бұл тауардың қандайда бір ерекше сипаттамалары туралы айтатын қағаздар немесе есеп үшін қажетті жай қосымша мәліметтер болуы мүмкін. Мысалы, оларға № ТОРГ-12 нысаны бойынша жүкқұжат жатады. Немесе, айталық, тауар сапасы туралы куәландыратын құжаттар – сертификаттар, куәліктер және т.б. Тауар бөлігінде жүкқұжат жарамсыз болатын мамандандырылған нысандар салынатыны көрсетіледі. Олардың тізімін жүк жіберуші «Қосымша» жолында келтіреді. Жүргізуші барлық осы құжаттарды қабылдауға және оларды ТТЖ-мен бірге жүк алушыға жіберуге міндетті.

Егер тауарлық-тасымалдау жүкқұжаты бірнеше беттен тұрса, онда олардың саны, осы бланктердің нөмірлері мен жазба нөмірлері көрсетіледі.

Соңғы жолы – «Босатуға рұқсат берген», онда басшы мен бас бухгалтер өз қолдарын қояды. Осы қолдармен олар ТТЖ-дағы барлық жазбалардың дұрыстығын куәландырады және тауарды қоймадан босатуға мүмкіндік береді.

Бұл жолда тауарды босатқан адам, мысалы қоймашы өз қолын жиі қоятынын атап өту керек. Алайда мұны жасауға оның құқығы жоқ. Істің мәні, мұнда тек лауазымды тұлға ғана қол қоя алады немесе қоймашыда тауарлық-материалдық құндылықтарды басқару өкілеттіктерін беретін сенімхаты болуы тиіс.

Тасымалдау бөлігінде жүк жіберуші оның қызметін төлейтін ұйымның және тасымалдаушының атауы мен реквизиттерін көрсетеді.

«Тиеу пункті» және «Түсіру пункті» жолдарында сәйкес мекен-жайлар жазылады.

«Жүк туралы мәліметтер» кестесінде мынадай мәліметтер болуы тиіс:

- «Жүктің қысқаша сипаттамасы» 1-бағанында – тауардың атауы;
- «Жүкпен келесі құжаттар ілеседі» 2-бағанында – ТТЖ қоса салынатын сертификаттардың, куәліктердің және т.б. атауылары мен нөмірлері;
- «Орауыш түрі» 3-бағанында – жүк тасымалданатын тараның қысқартылған түрі (жәшік, қорап, бөшке, пакет). Егер тауар оралмаса, онда «Оралмаған» деп жазылады;
- «Орын саны» 4-бағанында – жүктің қандай түрінің және орауыштың қандай түрінің қанша орын алатыны көрсетіледі. Тауар пакетке оралғанда және түптіұғырға салынғанда, пакеттер саны көрсетіледі. Егер тауар ақтара тиеліп, төгіліп немесе үйіліп жүктелсе, орын саны ескерілмейді.

Автомобиль келгеннен кейін жүргізуші жол парағын және өз құжаттарын көрсетеді, жүк жіберуші тасымалдау бөлігінің қалған жолдарын толтырады. Атап айтқанда жол парағының күнін, нөмірін жазады. Сондай-ақ, жүргізушінің тегін, аты мен әкесінің атын, оны куәлігінің реквизиттерін көшіріп жазады. Мұнда жүргізуші ұсынатын фирмаға автотасымалдаумен айналысуға құқық беретін лицензиялық карточкадан деректер көшіріледі. Одан әрі автомобиль мен тіркеменің маркасы, олардың мемлекеттік нөмірлік белгілері келтіріледі. Егер қандайда бір реквизит болмаса, онда сызық қойылады.

Одан кейін «Жүк туралы мәліметтер» кестесін толтыру жалғасады. 5-бағанда жүк массасы анықталған тәсілді көрсету керек, себебі осымен жіберуші мен жүргізуші айналысады. «Тауарлық таразылар» (тау.тар.), «автомобиль таразылары (авт.тар.) және басқа жазбалар жасалады. Осы кестедегі жүк жіберуші толтыратын соңғы баған – «Таза салмағы» 9-бағаны. Мұнда тауар түрлері мен жалпы салмағы бойынша 0,01 дейін дәлдікпен тоннада жүк массасы тұруы тиіс.

Бір ТТЖ бойынша бірнеше рейстер жасағанда, олардың саны «Жүріс, жолшыбай соғу саны» жолында келтіріледі.

Егер жүк жүк жіберушінің пломбасымен (жабық фургонда, контейнерде, цистернада және т.б.) тасымалданса, онда «Жүк туралы мәліметтер» кестесінің астындағы сәйкес жолдарда пломбы бедерлемесін қою керек.

«Тапсырды» жолында жік жіберушінің материалды-жауапты тұлғасы тауардың жүргізушіге берілуін өз қолымен растайды. Келесі жолда жүргізуші қол қояды.

«Тиеу-түсіру операциялары» кестесінде жүк жіберуші осыны өзіне алған ұйымның атауын, тиеу тәсілдерін, қолданылған механизм атауы мен оның сипаттамасын (жүк сыйымдылығын, шөміш сыйымдылығын және т.б.) көрсетеді.

Одан кейін жүк жіберуші тауарға қандай автомобиль келгенін

жазады. Бұл жүргізушінің сатушы фирманың (бақылау-өткізу пункті) кіреберіс қақпасында ұсынатын уақыт. Машина кететін, яғни ТТЖ қол қойылған және жүргізушіге берілген уақытты да жазу керек.

Егер тауар бір сапарға бірнеше жүкқұжат бойынша тиелсе, онда келу уақыты олардың біріншісіне жазылады, ал қалған сәйкес бағандары сызылады.

Одан әрі тауар бөлігіне оралу керек: жүк жіберуші мен жүргізуші жүкқұжат деректерін куәландырады. Бұл үшін тауарды берген сатушы өкілі «Жүкті босатқан» жолында өз қолын қояды. Мұнда да жүк жіберушінің мөрі қойылады.

« « » жылғы № _____ сенімхат бойынша» жолында жүргізуші сенімхат нөмірін, оны берген тасымалдаушы ұйымның күні мен атауын көрсетеді. Одан әрі «Жүкті тасымалдауға қабылдаған» жолында жүргізуші өз лауазымын көрсетеді және қол қояды.

ТТЖ-ны жүк алушының толтыруы. Жүргізуші тауарды жүк алушыға жеткізгенде, барлық үш данаға тасымалдау бөлігінің кейбір жолдары толтырылады.

«Тиеу-түсіру операциялары» кестесінде ол осымен айналысатын ұйымның атауын, тәсілін, бастау және аяқтау уақытын көрсетеді.

«Тапсырған жүргізуші-экспедитор» жолына жүргізуші қолын қояды. Ал «Қабылдаған» жолы жүк алушының өкіліне арналған. Ол өз лауазымы мен Т.А.Ө., сондай-ақ кәсіпорын мөртанбасын қояды. Сондай-ақ ол жүкқұжаттың тауар бөлігіндегі және барлық қалған тауар жөнелтпе құжаттарында «Жүкті жүк алушы алды» жолына қолын қояды.

Проблема егер жүк алушы сатушы қойған пломба зақымданғанын анықтағанда туындауы мүмкін. Сонда акт жасау керек болады және жүкқұжаттың «Жасалған актілер туралы белгілер» жолына сәйкес жазба жасалады.

Акт алынған тауардың қандайда бір сипаттамасы шартта көрсетілгенімен сәйкес келмеген жағдайла ресімделеді. Мұндай акт жеткізуші наразылық білдіру үшін заңды негіз болып табылады. Бұл жөнінде ТТЖ құжатында да белгі жасалады.

Егер сатып алушының бухгалтері тауарлық-тасымалдау жүкқұжатында қатені анықтаса, онда тұрған ештеңе жоқ. Оны басқа жүкқұжатпен алмастырудың қажеті жоқ, жай ғана түзетуге болады. Сонымен бірге қатені жүк жіберуші түзеуі тиіс, себебі ТТЖ ол жазды. Бұл ретте түзетудің жанында қолы мен өзгерістер енгізілген күн тұруы тиіс.

ТТЖ-ты тасымалдаушы ұйымның толтыруы. Жүкті алушының және жіберушінің қолымен және мөрлерімен расталған қалған екі дананы жүргізуші автокөлік кәсіпорнының бухгалтериясына тапсырады. Алдымен бухгалтер ТТЖ-да көрсетеді:

■ тақырып бөлігінде— «Тапсырыс беруші коды», «Маршрут №», тіркелімнің гараж нөмірлері, «Тасымалдау түрі» (оған тариф тәуелді – келісімді, мерзімді, километр бойынша және т.б.);

■ «Жүк туралы мәліметтер кестесіндегі тасымалдау бөлігінде – тауар коды мен класы.

Одан әрі бухгалтер «Өзге мәліметтер» кестесіне тасымалдау қызметтерінің құнын есептеуге болатын деректерді қояды:

■ 20 ... 24 бағандарда — жол топтары бойынша қашықтығы;

■ 25 бағанда — жүкті жөнелту коды;

■ 26 және 27 бағандарында — тасымалдау қызметтері үшін есептелген, сондай-ақ жүргізушіге тиесілі сома;

■ 28 бағанында — дұрыс ресімделмеген құжаттар үшін айыппұл;

■ 29 және 30 бағандарында — жүргізушінің еңбекақысы мен фирманың өзінің бағасы үшін анықталған түзету коэффициенттері;

■ 31 және 32 бағандарында — тиеу және түсіру үшін кететін кідіріс уақыты.

«Бағалау» жолында бухгалтер тасымалдау шығындарының құны мен жүргізушінің еңбекақысын есептейті. Есептеу қолмен куәландырылады.

Бақылау сұрақтары

1. Тауарлық-материалды құндылықтарды сату қандай құжаттармен ресімделеді?
2. Сенімхат қандай реквизиттерден тұрады?
3. Тауарларды сату қандай құжаттармен ресімделеді?
4. ТОРГ-5, ТОРГ-6 және ТОРГ-7 нысандарымен қандай операциялар ресімделеді?
5. Жеткізуші шотында көрсетілмеген тараны кіріске қою қандай құжаттармен ресімделеді?
6. Тауарлық-материалдық құндылықтардың құртылуы, сынуы, бұзылуы туралы акт қашан ресімделеді?
7. Тауарлық-тасымалдау жүкқұжатын ресімдеу тәртібін атаңыз.

МҮЛІКТІ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІН ИНВЕНТАРИЗАЦИЯЛАУ

Мүлікті және міндеттемелерді инвентаризациялау «Бухгалтерлік есеп туралы» 1996 жылғы 21 қарашадағы №129-ФЗ Федералдық заңның 12-бабына сәйкес бухгалтерлік есеп және бухгалтерлік есептілікті қамтамасыз ету үшін өткізіледі. Инвентаризацияны өткізу барысында ұйымның мүлкі және қаржылық міндеттемелерінің болуы, жағдайы және бағалау тексеріледі және құжаттамалық расталады.

11.1. ИНВЕНТАРИЗАЦИЯНЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

Инвентаризацияны өткізу тәртібін, олардың есептік жылдағы санын, өткізу күндерін, мүлік тізбесі және олардың әрқайсында тексерілетін міндеттемелерді ұйымның басшысы анықтайды.

Инвентаризацияны:

- материалды –жауапты адамдар ауысқанда;
- мүлікті ұрлау, теріс пайдалану немесе бүлдіруде;
- жылдық бухгалтерлік есептілікті жасар алдында (инвентаризациясы есептік жылдың 1 қазанынан кейін жүргізілген мүліктен басқа). Негізгі құралдар инвентаризациясы үш жылда бір рет, ал кітапханалық қорлар — бес жылда бір рет өткізілуі мүмкін. Қиыр Солтүстік аудандарында және оған теңестірілген аймақтарда орналасқан ұйымдарда, тауарлар, шикізат және материалдар инвентаризациясы олардың ең аз қалдықтарының кезеңінде өткізіле алады;
- мүлікті жалға беруде, сатып алуда, сатуда, сондай-ақ мемлекеттік немесе муниципалды унитарлық кәсіпорынды түрлендіруде;

- экстремалдық шарттармен туындаған табиғи апат, өрт немесе басқа да төтенше жағдайларында;
- ұйымды қайта ұйымдастыруда немесе таратуда өткізу қажет.

«Прогресс» ЖШҚ ұйым	ЖРБҚЖ нысаны УКБЖЖ БОЙЫНША	Қолы
		0317018
		51207715

Құжаттың нөмірі	Жасалған күні
312	28.12.2010

Инвентаризация бойынша материалдарды бухгалтерияға кешіктірмей
тапсыру керек

30 желтоқсан 2010 ж

Басшы Бас директор Марков В.И. Марков
лауазымы қолы

Инвентаризация өткізу туралы (қаулы, өкім)

Инвентаризацияны өткізу күні мүлік

Төмендегі құрамда жұмыс инвентаризациялық комиссиясы құрылады:

Комиссия төрағасы Аткарушы директор Иванов И.И.
лауазымы тегі, аты, әкесінің аты

Комиссия мүшелері Шаруашылық қызметінің бастығы Петров П.П.
лауазымы тегі, аты, әкесінің аты
Бухгалтер Сидорова А.А.
лауазымы тегі, аты, әкесінің аты

Инвентаризацияға жатады негізгі құралдар, тауарлар және өзге материалдық-өндірістік қорлар
Мүліктің, міндеттеменің атауы

Инвентаризацияға кірісу және аяқтау 27 желтоқсан 2010
30 желтоқсан 2010

Инвентаризация себебі Жылдық бухгалтерлік есептілікті жасар алдындағы міндетті инвентаризация
Бақылау тексеруі, материалды жауапты адамдарды ауыстыру, қайта бағалау және т.б.

11.1-сурет. № ИНВ-22 «Инвентаризация өткізу туралы бұйрық (қаулы, өкім)»Сәйкестендірілген нысаны

Ресей Қаржы министрлігінің 1995 жылғы 13 маусымдағы № 49 Бұйрығымен бекітілген мүлікті және қаржы міндеттемелерін инвентаризациялау бойынша әдістемелік нұсқаулыққа сәйкес ұйымда инвентаризация өткізу үшін тұрақты әрекет ететін инвентаризациялық комиссия құрылады. Инвентаризациялық комиссияның құрамына ұйым әкімшілігінің өкілдері, бухгалтерлік қызмет жұмыскерлері, басқа мамандар (инженерлер, экономистер, техниктер және т.б.) кіреді. Сондай-ақ инвентаризациялық комиссияның құрамына ұйымның немесе тәуелсіз аудиторлық ұйымның ішкі аудит қызметінің өкілдерін қосуға болады. Инвентаризацияны өткізуде барлық комиссия мүшелері қатысуы керек, өйтпесе инвентаризация нәтижелері жарамсыз деп танылуы мүмкін.

Инвентаризация өткізу туралы № ИНВ-22 бұйрық нысаны (11.1-сурет) Ресей Мемстаткомитетінің 1998 жылғы № 88 Қаулысымен бекітілген.

Мүліктің нақты бар болуын тексеру басталғанға дейін инвентаризациялық комиссия инвентаризация кезінде соңғы кіріс және шығыс құжаттарды немесе материалдық құндылықтар және ақшалай қаржы туралы есептерді алуы тиіс. Мүліктің нақты болуы материалды-жауапты адамдардың міндетті қатысуында тексеріледі.

Мүліктің нақты болуы және ескерілген қаржы міндеттемелерінің нақтылығы туралы мәліметтер инвентаризациялық тізбелерге жазылады.

Инвентаризациялық тізбелер қол тәсілімен немесе есептеу техникасы құралдарын пайдаланумен толтырылуы мүмкін. Инвентаризациялық тізбедегі түзетулерге инвентаризациялық комиссияның барлық мүшелері және материалды жауапты тұлғалар қол қоюы тиіс.

Тізбелерде толтырылмаған жолдарды қалуға рұқсат етілмейді, соңғы жолдарда толтырылмаған жолдар сызылады.

Тізбелер екі данада жасалады, қажеттілігі болғанда даналар саны ұлғайтылуы мүмкін.

Тізбелерге инвентаризациялық комиссияның барлық мүшелері және материалды-жауапты тұлғалар қол қояды. Тізбенің соңында материалды жауапты тұлғалар комиссияның олардың қатысуымен тексеруін, комиссия мүшелеріне қандай-да бір шағымдардың жоқтығын және тізбедегі мүліктің жауапты сақтауға қабылдануын растайтын қолхат береді.

Инвентаризация нәтижелері инвентаризация аяқталған айдағы бухгалтерлік есеп шоттарында көрсетіледі, ал ол жылдық бухгалтерлік есептілікті жасар алдында өткізілгенде — жылдық бухгалтерлік есепте көрсетіледі.

11.2. МІНДЕТТЕМЕЛЕР ИНВЕНТАРИЗАЦИЯСЫ. САТЫП АЛУШЫЛАРМЕН ЖӘНЕ ӨНІМ БЕРУШІЛЕРМЕН ЕСЕП АЙЫРЫСУЛАРДЫ САЛЫСТЫРУ

Күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін бухгалтерлік есеп шоттардағы сомалардың дұрыстығын растайтын ұйымның жылдық есептілігін жасар алдында сатып алушылармен, өнім берушілермен және өзге де дебиторлар және кредиторлармен (оның ішінде банктермен, бюджетпен және ұйымның жекеленген бөлімшелерімен) есеп айырысулар инвентаризациясы өткізілуі тиіс. Сатып алушылармен, өнім берушілермен (мердігерлермен) және жекеленген бөлімшелермен салыстыру үшін есеп айырысуларды салыстыру актілері жасалады.

Акт әр контрагент бойынша (дебиторға және кредиторға) тараптардың әрқайсына біреуден екі данада жасалады.

Акт нысаны заңнамалық бекітілмеген. Оны төмендегідей үлгі бойынша жасауға болады:

Есеп айырысуларды салыстыру актісі	
Мәскеу қаласы	2010 ж.31 желтоқсан
«Салют» ЖАҚ атынан бас директор В.В. Серов және бас бухгалтер М.А.Нефедова бір тараптан және «Прогресс» ЖШҚ атынан бас директор В.И.Марков және бас бухгалтер А.И.Орлов екінші тараптан өзара есеп айырысуларды тексеруді жүргізді және төмендегіні растайды. 2010ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Салют» ЖАҚ «Прогресс» алдындағы 17.11.2010 № 78 шот-фактурасы негізіндегі 10.11.2010 № 12 жеткізу шартына сәйкес қарызы 295 000 руб., соның ішінде ҚҚС (18 %) — 45 000 руб. құрайды.	
Тараптардың қолдары:	
«Салют» ЖАҚ	«Прогресс» ЖШҚ
Бас директор	Бас директор
_____ В. В. Серов	_____ В. И. Марков
Бас бухгалтер	Бас бухгалтер
_____ М.А.Нефедова	_____ А.И.Орлов
М.О.	М.О.

Бухгалтер кредиторлармен және дебиторлармен есеп айырысу инвентаризациясын өткізер алдында 1998 жылғы 18 тамыздағы № 88 Ресей Мемстаткомитетінің қаулысына сәйкес осы қаулымен бекітілген нысан бойынша анықтама жасайды:

Сәйкестендірілген нысан № ИНВ-17Ресей Мемлекеттік статистика комитетінің 18.08.98 № 88 қаулысымен бекітілген

		ЖРБҚЖ бойынша нысан	Код
		КУЖЖ бойынша	0317015
(үйым)			
(құрылымдық бөлімше)		Қызмет түрі	
		нөмірі	
Инвентаризация өткізуге арналған негіз:		күні	
(керек емес сызып тастау)		Операция түрі	

Құжаттың нөмірі	Жасалған күні

сатып алушылармен, өнім берушілермен және өзге дебиторлармен және кредиторлармен есеп айырысулар инвентаризациясы

Комиссия жасады «өж. жағдай бойынша, сатып алушылармен, өнім берушілермен және өзге дебиторлармен және кредиторлармен есеп айырысулар инвентаризациясы өткізілгені туралы акт жасады. Инвентаризацияда төмендегі анықталды:

1. Дебиторлық қарыз бойынша

Бухгалтерлік есеп және дебитор шотының атауы	Шот нөмірі	Баланс бойынша сома, руб. коп.			
		барлығы	оның ішінде қарыз		
			Дебиторлар растаған	дебиторлар растамаған	мерзімі өткен талап қою мерзімімен
1	2	3	4	5	6
	Жиыны				

ұйым

құрылымдық бөлімше

« _____ » _____ ж.

сатып алушылармен, өнім берушілермен және
өзге дебиторлармен және кредиторлармен есеп
айырысулар инвентаризациясы

« __ » _____ ж. № _____

АНЫҚТАМА

Реті бойынша нөмірі	дебитордың, кредитордың атауы, телефон нөмірі және мекенжайы	Қарыз бар		Қарыз сомасы, руб. коп.		Берешекті растаушы құжат		
		Не үші н	Басталу күні	деби тор лық	креди тор- лық	атауы	нөмірі	күні
1	2	3	4	5	6	7	8	9
			және т.б.					

Бухгалтер

қолы

қолды ашып жазу

Тақырыптық бөліксіз шығар.

Қолын келесі бетте шығару.

Контрагенттермен есеп айырысулардың инвентаризациялау нәтижелері сатып алушылармен, өнім берушілермен және өзге дебиторлармен және кредиторлармен есеп айырысулар инвентаризациясының бір актісіне № ИНВ-17 нысан бойынша біріктіріледі (11.2-сурет). Ол салыстыру актісі және анықтама негізінде екі данада жасалады және инвентаризациялық комиссияның жауапты адамдары қол қояды. Актінің бір данасы бухгалтерияға беріледі, екіншісі — комиссияда қалады.

Нысанның екі беттегі актісінде 2-бағанда бухгалтерлік есепке алу шоттары көрсетілген, онда қарыз, дебиторлармен (кредиторлармен) келісілген және келісілмеген қарыз сомалары, талап ету мерзімі өткен қарыз сомалары (талап ету мерзімі қарыз туындаған күннен бастап үш жылды құрайды) бар.

11.3. БЮДЖЕТ ЖӘНЕ БЮДЖЕТТЕН ТЫС ҚОРЛАРМЕН ЕСЕП АЙЫРЫСУЛАР ИНВЕНТАРИЗАЦИЯСЫ

Инвентаризациялық комиссия құжаттамалық тексеру жолымен Инвентаризация бойынша әдістемелік нұсқаулардың 3.48-тармағына сәйкес қаржы, салық органдарымен, бюджеттен тыс қорлармен есеп айырысулар дұрыстығын анықтауы тиіс. Ресей САМ 2004 ж. 31 тамыздағы № САЭ-3-27/483 бұйрығымен (Ресей САМ 16.09.2004 № САЭ-3-27/499 бұйрығының ред.) бюджетпен есеп айырысуларды тексеру бойынша нысандар бекітілген:

- салық төлеушінің бюджетпен есеп айырысуларын тексеру акті (№ 23 нысан (толық));
- салық төлеушінің бюджетпен есеп айырысуларын тексеру акті (№ 23-а нысан (қысқаша)).

Ресей САМ сол бұйрығымен салық төлеушінің бюджетпен есеп айырысу жағдайы туралы анықтамалар нысандары (№ 39-1 нысан) және Бюджетпен есеп айырысуларды салыстыру актілері және осы анықтамаларды толтыру бойынша әдістемелік нұсқаулықтар бекітілген.

Жылдық бухгалтерлік есептілікті жасар алдында ұйым өзі тіркелген Ресей ФСҚ инспекциясында № 23-а нысан бойынша акт алуы тиіс (қысқаша) (11.3-сурет).

23-а нысаны бойынша салыстыру акті ірі салық төлеушілер үшін тоқсан сайын салық төлеушіні есептен алғанда (оның ішінде есептен алуда және басқа салық органына есепке қоюда), таратуда есептен алуда, заңды тұлғаны қайта ұйымдастыруда, салық төлеушінің бастамасы бойынша басқа жағдайларда және Ресей Федерациясының заңнамасымен көзделген өзге жағдайларда қалыптасады.

№ 23-а нысаны бойынша актіде бюджетпен ұйымның салық органының деректері бойынша есеп айырысу сальдосы көрсетіледі (берешек, артық төлем, санкциялар сомасы). Егер салық төлеуші осы актінің көрсеткіштерімен келіспесе, қайтадан тексеру қажет.

(салық органының атауы)

(салық төлеушінің, алымдар, жарналар төлеушінің, салық агентінің атауы, ЖСН, ҚСҚ)

№ 23-а нысан (қысқаша)

(мекенжайы)

Салықтар, алымдар және жарналар бойынша салық төлеушінің есеп айырысуларын тексеру акті

« _____ » _____ ж. жағдай бойынша салықтар, алымдар және жарналар бойынша тексеруді жүргізді

(рубль)

Салық, алым, жарна түрі	К Б Е	К Қ Ж Ж	Есеп айырысулар салдасы																	Салық төлеушінің есеп шотынан есептелген, бірақ бюджеттер табыстары есепке алу бойынша шотқа аударылмаған
			Салық бойынша						Өсіміз бойынша					Салық санкциялары бойынша						
			Қарыз	оның ішінде:				Артық төлем	Қарыз	оның ішінде:			Артық төлем	оның ішінде:				Артық төлем	Бюджет қаржысын пайдаланғаны үшін пайыздар (қарыз, артық төлем «+»)	
				Берешек	Кешіктірілген (бөліп өтелген) төлемдер	Төлетіп алу тоқтатылған төлемдер	Қайта қаралымданған қарыз			Кешіктірілген (бөліп өтелген) төлемдер	Төлетіп алу тоқтатылған төлемдер	Қайта қаралымданған қарыз		Қарыз	Кешіктірілген (бөліп өтелген) төлемдер	Төлетіп алу тоқтатылған төлемдер	Қайта қаралымданған қарыз			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21

(Т.А.Ө.)

және салық төлеуші, алымдар, жарналар төлеуші, салық агенті (өкіл) _____

(Т.А.Ө., телефон)

Бұдан басқа салық органымен расталған немесе сот (рубль) деп таныған 0 пайыз мөлшерлемесі бойынша қосылған құнына салықтың өтелмеген (оның ішінде шегеру тәртібінде) сомасының қалдығы

Салық төлеушімен жұмыс бөлімінің лауазымды тұлғасы _____
(қолы) _____ (Т.А.Ө.-) _____ (күні)

Салық төлеуші, алымдар, жарналар, салық агентін төлеуші (өкіл) _____
(қолы) _____ (Т.А.Ө.) _____ (күні)

Бұл жағдайда салық органы 2-баған «Салық органының деректері», 3 — «Салық төлеушінің деректері», 4-баған —» Айырмашылықтар» бағандары бар № 23 нысан бойынша акт жасайды.

3-баған «Салық төлеушінің деректері» онда бар құжаттарға сәйкес деректер бойынша қалыптасады. Тексеруді өткізу және айырмашылық себептерін анықтау үшін ұйым банктің белгісі бар төлем құжаттарын, салық декларациясын, оның ішінде дәлелденгенін, сот шешімдерін (егер ондай болса).

Егер 2-бағанның «Салық органының деректері» көрсеткіштері 3-бағандағы деректерден көп болса немесе аз болса, онда 4 «Айырмашылықтар» бағанында салық органының лауазымды тұлғасы: артық төлем жағдайында (+), қарыз жағдайында (—) айырмашылық сомасын көрсетеді.

Анықталған айырмашылықтар талданады және актіде қандай көрсеткіштер бойынша айырмашылықтар анықталғаны көрсетіледі. Ұйымдар және салық органдары сондай-ақ «Алшақтықтар себептерін түсіндіру» жолын толтыруы тиіс. ФСК инспекциясының лауазымды тұлғасы № 23-а нысаны бойынша актіні жасауда айырмашылықтарды жою бойынша ұсыныстар енгізеді. Ол үшін «Салық органының ұсыныстары» жолы көзделген.

Ұқсас түрде барлық бюджеттен тыс қорлармен салыстыру жүргізіледі, атап айтқанда, РФ зейнеткерлік қорымен, РФ міндетті медициналық сақтандыру қорымен және РФ міндетті әлеуметтік сақтандыру қорымен өткізіледі.

11.4. МҮЛІКТІҢ ИНВЕНТАРИЗАЦИЯСЫ

Инвентаризацияны өткізу тәртібі 7.1.9-т. «Қолма-қол ақшаны инвентаризациялау» тарауындасипатталған. «Кассаны инвентаризациялау акті» № ИНВ-15 нысаны бойынша рәсімделеді.

Сондай-ақ құжаттарды рәсімдеу үшін инвентаризациялау процесінде төмендегі нысандар қолданылады:

- негізгі құралдың инвентаризациялық тізбесі (№ ИНВ-1 нысаны);
- материалдық емес активтердің инвентаризациялық тізбесі (№ ИНВ-1анысаны);
- инвентаризациялық таңбаша (№ ИНВ-2 нысаны);
- тауарлық-материалдық құндылықтардың инвентаризациялық тізбесі (№ ИНВ-3нысаны);

- жөнелтілген тауарлық-материалдық құндылықтардың инвентаризация акті (№ ИНВ-4 нысан);
- жауапты сақтауға қабылданған тауарлық-материалдық құндылықтардың инвентаризациялық тізбесі (№ ИНВ-5 нысаны);
- жолда болатын тауарлық-материалдық құндылықтарды инвентаризациялау акті (№ ИНВ-6 нысаны);
- бағалы металдар, бағалы тастар, табиғи алмаздар және олардан бұйымдарды инвентаризациялау актілері («» ИНВ-8 және ИНВ-9 нысандары);
- болашақ кезеңдер шығындарын инвентаризациялау акті (№ ИНВ-11 нысаны);
- бағалы қағаздар және қатаң есептілік құжаттарының бланкілерінің инвентаризациялық тізбесі (№ ИНВ-16 нысаны);
- инвентаризация өткізу туралыбұйрықтардың (қаулылар, өкімдердің) орындалуын бақылауды есепке алу журналы (№ ИНВ-23 нысаны);
- құндылықтарды инвентаризациялауды өткізудің дұрыстығын бақылаулық тексеру туралы ак (№ ИНВ-24 нысаны);
- инвентаризацияны өткізу дұрыстығын бақылау тексерулерін есепке алу журналы (№ ИНВ-25 нысаны);
- инвентаризацияда анықталған нәтижелерді есепке алу тізімдемесі (№ ИНВ-26 нысаны).

Бақылау сұрақтары

1. Мүлік және міндеттемелер инвентаризациясы қандай жағдайларда өткізіледі?
2. Инвентаризацияны өткізу тәртібін атаңыз.
3. Міндеттемелер инвентаризациясы қалай өткізіледі?
4. Сатып алушылармен және өніме берушілермен есеп айырысуларды тексеру актісіне кім қол қояды?
5. Бюджетпен және бюджеттен тыс қорлармен есеп айырысулар қалай өткізіледі?
6. Мүлік инвентаризациясы қандай құжатпен расталады?

НЫСАНЫ ЗАҢНАМАЛЫҚ БЕКІТІЛМЕГЕН БАСТАПҚЫ ҚҰЖАТТАРДЫ РӘСІМДЕУ

Ұйымның шаруашылық қызметін сипаттайтын құжаттардың барлық нысандары заңнамалық бекітілмеген. Дегенмен № 129-ФЗ заңының талабы және РФ Салық кодексінің барлық шаруашылық операцияларды құжаттандыру туралы талабын сақтау қажет.

Нысаны заңнамалық бекітілмеген құжаттарға қойылатын талаптар 4.1-т. «Бухгалтерлік құжаттарды рәсімдеу ерекшеліктері» тарауында қаралды. Осындай құжаттардың кейбіреулерін қарастрайық.

12.1. ЖҰМЫСТАРДЫ ТАПСЫРУ-ҚАБЫЛДАУ

Ресей Мемлекеттік статистика комитеті (1999 ж. 11 қазандағы қаулысы № 100) құрылыс-құрастыру жұмыстарымен айналысатын мердігерлік ұйымдарға арналған орындалған жұмыстарды қабылдау туралы акт (№ КС-2 нысаны), сондай-ақ № Т-73 (12.1-сурет) нысаны бойынша белгілі бір жұмысты орындау кезінде жасалған еңбек шарты бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау туралы акт бекітілді. Өзге жағдайлар үшін жұмыстар және қызметтерді қабылдау-тапсыру актілері көзделмеген.

Жұмыстарды қабылдау-тапсыру актісі жұмыстар аяқталғаннан кейін екі данада қол қойылады. Рәсімделген актілер пайдаға салық бойынша салық базасын азайтуға тиісті шығындарды қабылдауға мүмкіндік беретін салық заңнамасының ережелерін ескеруі тиіс.

Жұмыстарды қабылдау-тапсыру актісі келесі нысанға ие.

		Қолы
ЖРБҚЖ бойынша нысан		0301053
(ұйымның атауы)		ЖРҚУЖ бойынша
(құрылымдық бөлімше)	Қызмет түрі	ЖРСЭҚЖ нөмірі
	Еңбек шарты	күні
	Шарттың қолданыс мерзімі	

Құжаттың нөмірі	Жасау күні	Есептік		Басшы
		бастап	бойынша	
				(лауазымы)
(жеке қолы) (қолдан түсіндірмесі)				

Белгілі бір жұмысты орындау уақытына жасалған еңбек шарты бойынша мерзімді еңбек шарты бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау туралы АКТ

№ _____ « _____ » 20 ____ ж.
Жұмыскер _____

(тегі, аты, әкесінің аты)		
Реті бойынша нөмірі	Жұмыстың атауы	Сомма, руб.
1	2	3
		барлығы
Аванс, алдын ала төлем сомасыБарлығы төлемге (авансты, алдын ала төлемді ескерумен)		

Жұмыс(тар) орындалды
(сапасын, көлемін, жұмыстардың орындалу деңгейін көрсету)

сомасы ____руб.

Жұмысты тапсырды
Жұмыскер _____

Жұмыс берушінің өкілі (ұйымның басшысы)	_____ (лауазымы)	_____ (жеке қолы)	_____ (қолды ашып жазу)
Құрылымдық бөлімшенің басшысы	_____ (лауазымы)	_____ (жеке қолы)	_____ (қолды ашып жазу)
Бас (аға) бухгалтер		_____ (жеке қолы)	_____ (қолды ашып жазу)

12.1-сурет. «Белгілі бір жұмысты орындау уақытына жасалған мерзімді еңбек шарты бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау туралы акт» № Т-73Сәйкестендірілген нысан

«Прогресс» ЖШҚ, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталып, оның атынан жарғы негізінде әрекет ететін бас директор В. И. Марков бір тараптанжәне бұдан әрі «Орындаушы» деп аталатын «Правовик» ЖШҚ атынан жарғы негізінде әрекет ететін бас директор А.В.Гордеев екінші тараптан Орындаушы 15.12.2010№ 43/7 шартқа сәйкес кеңес беру қызметтерін көрсеткені, ал Тапсырыс беруші қабылдағаны туралы осы актіге қол қойды.

Қызметтер толығымен және тиісті түрде көрсетілген.

Тапсырыс беруші тарапынан Орындаушыға шағымдар жоқ.

Көрсетілген қызметтер құны 118 000 (жүз он сегіз мың) руб. 00 тиынды (соның ішінде ҚҚС 18 % — 18 000 руб.) құрайды.

Тапсырыс берушіден

Орындаушыдан

Марков

Гордеев

В. И. Марков

А. В. Гордеев

М.О.

М.ПО.

Актіге ұйымның мөрі қойылады (басшылардың қолының жанына).

Актідегі сомалар осы актіге шот-фактурадағы сомаларға сәйкес келуі тиіс. Егер шарт талаптары бойынша жұмыстар (қызметтердің) белгіленген сомасынан басқа тапсырыс беруші кейбір қосымша шығындарды, мысалы жүккүжат шығындарын төлеуі тиіс және орындаушы тапсырыс берушіге тиісті сомаға шот ұсынады, ол актіде көрсетілуі тиіс.

Контрагенттердің (орындаушы және тапсырыс беруші, жалға алушы және жалға беруші, клиент және фирма және т.б.) актідегі және шарттағы атауы бірдей болуы тиіс.

Егер шарт ұзақ мерзімді болса (мысалы, жалдау шарты), актілер әр ай сайын рәсімделеді. Актіде кезең көрсетілуі тиіс: «Тапсырыс беруші № 00 от 00.00.0000 шартына сәйкес 2011ж. ақпаны үшін қызметтерді қабылдады».

12.2.

ӨЗАРА ТАЛАПТАРДЫ ЕСЕПКЕ АЛУ

Егер екі немесе одан да артық ұйым бір біріне ақша қарыз болса, өзара талаптарды есепке алу актісіне қол қойып өз қарыздарын өтей алады (өзара есепке алуды өткізу туралы хаттама, өзара міндеттемелерді өтеу туралы келісімді өткізу туралы хаттама).

Өзара есептік операцияларды өткізуде рәсімделетін құжаттар есепке алуды өткізу күні және өзара ескерілген талаптардың сомасын, қарыздың туындау негіздері туралы ақпаратты қамтуы тиіс..

Акт төмендегі нысанда болуы мүмкін:

Өзара талаптарды есепке алу

АКТИ

Мәскеу

2011 ж.23 ақпан

«Прогресс» ЖШҚ, атынан жарғы негізінде әрекет ететін бас директор В. И. Марков және бас бухгалтер А.И.Орлов бір тараптан және «Правовик» ЖШҚ атынан жарғы негізінде әрекет ететін бас директор А.В.Гордеев және бас бухгалтер П.С.Андреев екінші тараптан 2011 ж. 23 ақпандағы жағдай бойынша өзара есеп айырысуды салыстыруды жүргізді және төмендегіні растайды:

1. «Прогресс» ЖШҚ 10.12.2010 № 19 жеткізу шартына сәйкес 28.01.2011 №77 жүкқұжат, 28.01.2010 № 62 шот-фактура бойынша 82 600 (сексен екі мың алпыс екі) руб. 00 тиын (оның ішінде ҚҚС 18% - 12 600 руб.) сомасындағы құрылыс материалдарын «Правовик» ЖШҚ түсірді.

«Правовик» ЖШҚ 23.12.2010 №1234 төлем тапсырмасы бойынша 41 300 (қырық бір мың үш жүз) руб. 00 тиын сомасына ішінара төлем жүргізді.

2. «Правовик» ЖШҚ 15.12.2010 43/7 шартына сәйкес 23.02.2011 №15 жұмыстарды (қызметтерді) тапсыру-қабылдау актісі бойынша және 23.02.2011 №15 118 000 (жүз он сегіз мың) руб. 00 коп. (оның ішінде ҚҚС 18 % — 18 000 руб.) сомасындағы шот-фактура бойынша «Прогресс» ЖШҚ-ға қызметтер көрсетті.

3. «Правовик» ЖШҚ «Прогресс» ЖШҚ алдындағы қарыз сомасы 27.02.2005 жағдай бойынша — 41 300 (қырық бір мың үш жүз) руб. 00 тиын. «Прогресс» ЖШҚ «Правовик» алдындағы 27.02.2005 жағдай бойынша қарыз сомасы — 59000 (елу тоғыз мың) руб. 00 тиын.

4. Тараптар РФ Азаматтық кодексінің 410-бабын басшылыққа ала отырып 41 300 (қырық бір мың үш жүз) руб. 00 тиын (оның ішінде ҚҚС — 6 300 руб. 00 тиын) сомасындағы өзара талаптарды есепке алу туралы келісімге келді.

5. «Прогресс» ЖШҚ «Правовик» ЖШҚ 25.01.2005 № 62 шот-фактурасы бойынша қарызы толығымен өтелген деп есептейді.

«Прогресс» ЖШҚ «Правовик» ЖШҚ алдындағы 26.02.2005 №11 шот-фактура бойынша қарызы есепке алу жүргізілгеннен кейін 17 700 (он жеті мың жеті жүз) руб. 00 коп. (оның ішінде ҚҚС — 2 700 руб.) құрайды.

«Прогресс» ЖШҚ-нан Бас
директор
Марков А.Г.Марков
Бас бухгалтер
Орлов А.И.Орлов
М.О.

«Правовик» ЖШҚ-нан
Бас директор
Гордеев А.В.Гордеев
Бас бухгалтер
Андреева П.С.Андреева М.О.

Актіге ұйымның мөрін қояды.

Егер өзара қарыз толығымен өтелсе, актінің 5-т.: «Есепке алу жүргізілгеннен кейін тараптардың қарызы жоқ» тұжырымдалуы мүмкін.

Өзара талаптарды есепке алу акті (өзара міндеттемелерді өтеу туралы келісім, өзара есепке алуды өткізу туралы хаттама) ұқсас түрде бірнеше ұйымдардың арасында қол қойылуы мүмкін.

«Төлем бойынша» қосылған құнға салықты аударатын ұйымдар, сондай-ақ кассалық әдіс бойынша пайдаға салықты есептейтін ұйымдар өзара есепке алу актісінің күні салық міндеттемесінің туындау күні (ҚҚС үшін) және табысты алу күні (пайдаға табыс салығы үшін) болып табылатынын есте сақтаған жөн.

Бұдан басқа акт күні үнемі сатып алынған тауарларды (жұмыстар, қызметтерді) төлеу күні болып табылады және осы күн тиісті сомаға ҚҚС есептеуге қабылдау құқығы пайда болады.

12.3. ӨКІЛДІК ШЫҒЫНДАР

Әдетте ұйымның жұмыскерлері өкілдік шығындарды төлеу үшін қолма-қол ақша алады.

РФ Салық кодексінің 264-бабының 2-тармағына сәйкес *өкілдік шығындар* — бұл өзара әріптестікті қолдау және анықтау мақсатында келіссөздерге қатысатын басқа ұйымдардың өкілдерін, сондай-ақ көрсетілген іс-шараларды өткізу орнына қарамастан директорлар кеңесінің (басқарма) немесе кәсіпорынның өзге басқарушы органының отырысына келген қатысушыларды ресми қабылдауға немесе оларға қызмет көрсетуге шығындар.

Бұл ретте өкілдік шығындарға:

- келіссөздерге қатысатын тұлғаларға арналған ресми қабылдауды өткізуге шығындар (таңғы ас, түскі ас немесе өзге ұқсас іс-шаралар);
- келіссөздер кезінде буфеттік қызмет көрсету; салық төлеушінің штатында жоқ аудармашының өкілдік іс-шараларды өткізу уақытында аудармамен қамтамасыз ету бойынша қызметтерін төлеу;
- осы тұлғаларды өкілдік іс-шара және (немесе) басқарушы органның отырысы орнына және кері жеткізуді көліктік қамтамасыз ету жатады.

Өкілдік шығындарға сауықтыру, демалыс, профилактика немесе ауруларды емдеуді ұйымдастыруға шығындар жатпайды.

Пайдаға салықты есептеуде өкілдік шығындар нормаланады. Салықтық базаны азайту үшін ұйым есептік (салықтық) кезеңні ішінде осы есептік (салықтық) кезең үшін еңбекті төлеуге шығындардың 4 пайызынан аспайтын мөлшерде өзге шығындардың құрамына өкілдік шығындарды қосуға құқылы.

Бұдан басқа РФ СК 252-бабына сәйкес барлық шығындар құжаттамалық расталуы тиіс. Ұйымдар беретін құжаттардан басқа қызмет көрсету іс-шараларын (кассалық чектер, мейрамхана шоттары және т.б.) іс-шараны өткізу туралы есепте (хаттама) рәсімдеу керек. Онда іс-шараны өткізу күні және орнын, оның мақсаты және бағдарламасын, кездесуге қатысушыларды көрсетеді. Есеп жасайды және онда іс-шараны өткізген жауапты адамдарды жазады.

Өткізілген іс-шара туралы есеп келесі нысанға ие:

«Прогресс» ЖШҚ

БЕКІТЕМІН

«Прогресс» ЖШҚ

Бас директоры

_____ В. И. Марков

2011 Ж. « _____ »

«Престиж» ЖАҚ өкілдерімен ресми түскі асты өткізу туралы

ЕСЕП

2011 ж. « _____ » _____ № _____

Түскі асқа қатысушылар:

«Прогресс» ЖШҚ-нан — жарнама бөлімінің бастығы М.Ю.Кондрашова;

«Престиж» ЖАҚ-нан — коммерциялық директор С. Р. Ковалев; жұртшылықпен байланыстар бойынша директордың орынбасары В.Р.Титова.

Келіссөздер тақырыбы:

Өнімнің бірлескен өндірісін ұйымдастыру және бірлескен жарнама кампаниясын өткізу мүмкіндіктерін талқылау.

Бағдарлама: 05.02.2011: 13:30 — 15:00 — түскі ас.

Жауапты адамдардың колдары *Кондрашова* (М.Ю.Кондрашова)

Қолма-қол ақшамен төлеуде бұл есеп төлемді растайтын құжаттармен бірге аванстық есепке қоса берілуі тиіс. Егер ұйым осындай қызметтерді банк арқылы төлесе, сондай-ақ шығындардың негізділігі және құжаттамалық расталуы туралы РФ Салық кодексінің талаптарын сақтау үшін өткізілген іс-шаралар туралы есеп жасайды.

Бақылау сұрақтары

1. Жұмыстарды тапсыру-қабылдау актінің реквизиттерін атаңыз.
2. Өзара талаптарды есепке алу қалай рәсімделеді?
3. Өзара талаптарды есепке алу актіне кім қол қояды?
4. Өкілдік шығындар қандай құжаттармен расталады?
5. Басшы ресми түскі асты өткізу туралы есепті растауы тиіс пе?

САЛЫҚ ЕСЕБІ ҚҰЖАТТАРЫН РӘСІМДЕУ

Шот-фактура қосылған құнына салықты есептеуде пайдаланылатын маңызды құжат болып табылады. Ол алынған және қойылған шот-фактураларды есепке алу журналында тіркеледі. Сондай-ақ тауарды сатып алуда сатып алулар кітабына және сатуда сатулар кітабында жазба жасау қажет.

Салық төлеушілер есептелген төлемдер және өзге сыйақылар сомаларын, БӘС сомаларын, сондай-ақ РФ СК «Бірыңғай әлеуметтік салық» 24-тарауы 243-бабының 4-тармағына сәйкес пайдасына төлемдер жүргізілген әр жеке тұлға бойынша салықтық шегерулер сомаларының есебін жүргізуге міндетті.

Ресей САМ БӘС сомаларын және міндетті зейнеткерлік сақтандыруға жарнадардың салық есебінің келесі нысандарын:

- есептелген төлемдер және өзге сыйақылар, есептелген бірыңғай әлеуметтік салық, міндетті зейнеткерлік сақтандыруға сақтандыру жарналары есебіні дербес карточкасын;
- есептелген төлемдер және өзге сыйақылар, есептелген бірыңғай әлеуметтік салық сомалары, міндетті зейнеткерлік сақтандыруға сақтандыру жарналарының есебінің жиынтық карточкасын жүргізуді ұсынады.

13.1. ҚОСЫЛҒАН ҚҰНҒА САЛЫҚ

13.1.1. Шот-фактура

Шот-фактураны тауарды түсіру (жүкқұжат) немесе жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету (тапсыру-қабылдау актісі) қызметтерін көрсетуді растайтын құжаттармен қатар береді. Бұл қосылға құнға

салықты есептеуде пайдаланылатын маңызды құжат.

Шот-фактураны екі данада рәсімдейді: бірінші дананы сатып алушыға (тапсырыс берушіге) береді, екіншісі бухгалтерияда қалады. Сатып алушыға шот-фактураны тауарларды жіберген күннен бес күннен кешіктірмей жасау және беру қажет (көрсетілген қызметтер, орындалған жұмыстарды қабылдау-тапсыру актісіне қол қою күндері).

Тауарларды (жұмыстар, қызметтерді) өткізуден басқа шот-фактураларды:

- сатып алушыдан аванс алғанда (бір данада, шот-фактураны аванс алған адам ҚҚС есептеу үшін шот-фактураны жасайды);
- тауарларды ақысыз беруде (жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету);
- фирманың өзіндік қажеттіліктері үшін құрылыс-құрастыру жұмыстарын орындау;
- егер ұйым (жеке кәсіпкер) салық агенті ретінде шықса, яғни ҚҚС салық төлеушілері ретінде Ресейде тіркелмеген шетелдік өнім берушілерде тауарларды (жұмыстар, қызметтерді) сатып алуда және федералдық немесе муниципалдық мүлікті жалдауда салық агенті ретінде шықса рәсімдейді.

Шот-фактураны тіпті іске асыру бойынша операциялары салық салуға жатпайтын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуде де жасау керек. Оларды РФ СК 145-бабына сәйкес ҚҚС төлеуден босатылған ұйымдар және жеке кәсіпкерлер жазады. Бұнда есептік құжаттар, бастапқы есептік құжаттар және шот-фактуралар салық сомаларын белгілеусіз рәсімделеді, бұл құжаттарда жазба немесе «Салықсыз (ҚҚС)» мөртаңбасы қойылады (РФ СК 168-бабының 5-тармағы).

Бағалы қағаздарды өткізуде шот-фактураларды рәсімдеудің керегі жоқ (брокерлік және делдалдық қызметтерді қоспағанда). Оларды банктер, сақтандыру ұйымдары және мемлекеттік емес зейнеткерлік қорлар РФ СК 149-бабына (РФ СК 169-бабының 4-т.) сәйкес салық төлеуге жатпайтын операциялар бойынша жазбайды. ҚҚС төлеушілері болып табылмайтын ұйымдар (жеке кәсіпкерлер), яғни егер олар салық салу жүйесінің, есеп және есептіліктің оңайлатылған жүйесіне ауысса немесе жүктелген табысқа бірыңғай салықты төлесе шот-фактура жасамауы тиіс.

Егер ұйым (жеке кәсіпкер) халыққа қолма-қол есеп айырысу үшін бөлшекке тауарларды өткізсе (немесе жұмыстарды орындаса, қолма-қол есеп айырысу үшін қызметтер көрсетсе) әр сатып алушыға да шот-фактура жазылмайды. Егер сатып алушыға кассалық чек немесе (егер заңнама бақылау-кассалық техникасын пайдалануға рұқсат берсе) белгіленген нысандағы өзге құжат (РФ СК 168-б. 6 және 7-т.) берілсе

РФ Салық кодексінің талаптары орындалды деп есептеледі.

Қосылған құнға салыққа РФ СК 21-тарауы арналған.

Ұйым сатып алынған тауарлық-материалдық құндылықтар бойынша (жұмыстар, қызметтер) өнім берушіге (мердігерлерге) төленген ҚҚС сомасына қосылған құнға салықты азайту құқығы болуы үшін төрт талап сақталуы тиіс:

- ол ҚҚС салынатын операцияларды жүзеге асыру үшін сатып алынған (немесе қайта сату үшін) тауарлар (жұмыстар, қызметтер) болуы тиіс;
- тауарлар кірістелуі тиіс;
- тауарлар төленуі тиіс;
- шегеру тек қолданыстағы заңнамаға сәйкес рәсімделген өнім берушіден шот-фактура негізінде ғана жүргізіледі.

Егер осы шарттардың бірі орындалмаса салық төлеуші ҚҚС шегеруге қабылдауға құқылы емес.

Егер өнім беруші дұрыс емес рәсімделген шот-фактураны берсе, осындай құжат бойынша ҚҚС шегеруге қабылдауға болмайды. Ол РФ СК 169-бабында анықталған: «осы баптың 5 және 6-тармақтарында анықталған тәртіпті бұзумен жасалған және жазылған шот-фактуралар сатушының сатып алушыға өтеуге немесе шегеруге ұсынылған салық сомасын қабылдау үшін негіз болып табылмайды».

Егер бухгалтер дұрыс емес рәсімделген шот-фактурада көрсетілген салы сомасына есептелген ҚҚС азайтса, салық органдары тексеруді өткізуде осындай азайтуды заңсыз деп тануы мүмкін. Салықты ұлғайтып, қайта есептейді, өсімпұл аударады және «Құжаттарды рәсімдеудің жалпы ережелері» тарауындағы мысалда көрсетілгенге ұқсас айыппұлдар салуы мүмкін.

Сол себепті, дұрыс жасалмаған шот-фактураны алған бухгалтер оны қайта рәсімдеуді талап етуі тиіс.

РФ СК 169-бабының 5-7-тармақтарына сәйкес шот-фактурада міндетті түрде:

- 1) шот-фактураның реттік нөмірі және шот-фактураны жазу күні;
- 2) салық төлеушінің және сатып алушының атауы, мекенжайы және сәйкестендіру нөмірлері;
- 3) жүк жіберушінің және жүк алушының атауы және мекенжайы;
- 4) тауарларды (жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсетудің) алдағы жеткізулер есебінен аванстық немесе өзге төлемдерді алған жағдайда төлемдік-есептік құжат нөмірі;
- 5) жеткізілетін (жөнелтілген) тауарлардың атауы (орындалған жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді сипаттау) және өлшем бірліктері (мүмкіндігі болса оны көрсету);

6) ол бойынша қабылданған өлшем бірліктерін негізге ала отырып (мүмкіндігі болғанда оны көрсету) шот-фактура бойынша жеткізілетін (жөнелтілген) тауарлар (жұмыстар, қызметтер) саны (көлемі);

7) салық сомасын ескерумен салықты қамтитын мемлекеттік реттелетін бағаларды (тарифтерді) қолданған жағдайда салықты ескерусіз шарт (келісімшарт) бойынша өлшем бірлігі (мүмкіндік болса оны көрсету) үшін баға (тариф);

8) шот-фактура бойынша жеткізілетін (жөнелтілген) тауарлардың (орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер) барлық саны үшін салықсыз тауарлар (жұмыстар, қызметтер) құны;

9) акциз сомасы (акцизді тауарларды сатуда);

10) ҚҚС салық мөлшерлемесі;

11) қолданылатын салық мөлшерлемелерін негізге ала отырып есептелетін тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алушыға қойылатын ҚҚС сомасы;

12) ҚҚС сомасын ескерумен шот-фактура бойынша жеткізілетін (жөнелтілген) тауарлардың (орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер) барлық санының құны;

13) тауардың шығу елі;

14) жүк кеден декларациясының нөмірі көрсетілуі тиіс.

Шот-фактураны ұйымның басшысы және бас бухгалтер немесе осыған ұйымның бұйрығымен немесе ұйымның атынан сенімхатпен уәкілеттенген өзге тұлғалар қол қоя алады.

Тәжірибеде шот-фактураларда басшы да, бас бухгалтер де емес, басқа қызметкерлер қол қоятын жағдайлар жиі кездеседі. Салық органдарымен дауды болдырмау және осындай құжаттар бойынша ҚҚС шегеруге қабылдайтын, сатып алушыларды арандатпау үшін міндетті тәртіпте осы қызметкерлер үшін шот-фактураларға қол қоюға рұқсатқа бұйрықты (немесе сенімхатты) рәсімдеу керек.

Егер шот-фактураны жеке адам ұсынса, ол тек қол қойып қана қоймай, өзінің куәлігін мемлекеттік тіркеу реквизиттерін де көрсетуі тиіс.

Егер осындай мәміле шарттары бойынша міндеттеме шетелдік валютада берілсе, онда шот-фактурада көрсетілген сомалар шетелдік валютада көрсетіле алады.

РФ Үкіметінің 02.12.2000 №914 қаулысымен бекітілген салық бойынша есептеулерде кітаптары сату және сатып алу алынған және қойылған шот-фактураларды есепке алу журналдарын жүргізу ережелеріне №1 қосымша

(15.03.2001 РФ Үкіметінің қаулысының ред. № 189, 27.07.2002 жылғы № 575, 16.02.2004 № 84, 11.05.2006 № 283)

ШОТ-ФАКТУРА № _____ от « _____ » _____ (1)

Сатушы _____ (2)

Мекенжайы _____ (2а)

Сатушының СТН/ЕҚК _____ (2б)

Жүк жіберуші және оның мекенжайы _____ (3)

Жүк алушы және оның мекенжайы _____ (4)

Төлемдік-есептік құжатқа № _____ (5)

Сатып алушы _____ (6)

Мекенжайы _____ (6а)

Сатып алушының СТН/ЕҚК _____ (6б)

Мүліктік құқық тауарының атауы (орындалған жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді сипаттау),	Өлшем бірлігі	Саны	Өлшем бірлігі үшін баға (тариф)	Мүліктік құқық тауарларының (жұмыстар, қызметтердің) құны, барлығы салықсыз	Оның ішінде акциз	Салықты қ мөлшерле ме	Салық сомасы	Салықты ескерумен тауарлар (жұмыстар, қызметтер) құны	Шыққан елі	Кеден декларациясының нөмірі
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	И
Барлығы, төлеуге										

Ұйымның басшысы _____ Бас бухгалтер _____
(қолы) (Т.А.Ә.) (қолы) (Т.А.Ә.)

Жеке кәсіпкер _____
(қолы) (Т.А.Ә.) (жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер)

Ескертпе. Бірінші дана — сатып алушыға, екінші дана — сатушыға.

13.1-сурет. Шот-фактура

Шет тілінде толтырылған шот-фактура ҚҚС бойынша есептеудің негізділігін растайтын құжат ретінде қабылдана алмайтынын есте сақтаңыз.

Шот-фактура нысаны (13.1-сурет) РФ Үкіметінің 2000 ж. 2 желтоқсандағы «Қосылған құн салығы бойынша есептеулерде сатып алулар және сату кітаптары, алынған және қойылған шот-фактураларды жүргізу ережелерін бекіту туралы» (РФ Үкіметінің 16.02.2004 № 84 Қаулысына енгізілген өзгертулермен; бұдан әрі — № 914 қаулы) қаулысымен бекітілген.

Барлық жолдар және шот-фактуралар толтырылуы тиіс. Егер қандай да бір реквизитті толтыру негізі жоқ болса, онда осы жолға (бағанға) сызық қойылады.

Осы нысанды толтыру ерекшеліктерін қарастырайық.

1-жолда реттік нөмір және шот-фактураны жазу күні көрсетіледі. Шот-фактуралар ұйым таңдайтын кезеңнің басынан нөмірленеді: айдың немесе тоқсанның немесе жылдың басынан (яғни № 1 шот-фактура әр айдың немесе әр тоқсанның немесе әр жылдың басында пайда болуы мүмкін). Барлық шот-фактуралар хронологиялық тәртіпте нөмірленуі тиіс.

Алайда ұйымда оқшау бөлімшелер болады (мысалы, қойма, дүкен немесе бірнеше дүкендер). Бұнда жағдайда филиалға нөмірлердің белгілі бір санын резервтеуге болады (мысалы, 300-ден 400—ге дейін). Оқшау бөлімше осы нөмірлерді пайдаланғаннан кейін оған жаңаны бөледі.

Сондай-ақ филиал құрамдық нөмірлерді пайдалануы мүмкін: «Филиалдың коды»/ «Шот-фактураның реттік нөмірі» (мысалы, 2/250).

Ұйымда берілген шот-фактуралар біреу болуы тиіс. Салық кезеңінің аяқталуы бойынша шот-фактураны берілген шот-фактураларды бірыңғай есепке алу журналы және бірыңғай сату кітабын қалыптастыру үшін бас бөлімшеге береді.

2 және 6-жолдарда құрылтай құжаттарына сәйкес сатушының және сатып алушының толық және қысқартылған атаулары көрсетіледі.

2а және 6а жолдарда — құрылтай құжаттарына сәйкес сатушы және сатып алушының орналасу орны (егер құрылтай құжаттарында ұйымның мекенжай «Ресей» сөздерінен басталса, бұл жолдарда да мекенжайы осы сөзден бастап рәсімдеу керек).

2б және 6б жолдарында — сатушының және сатып алушының сәйкестендіру нөмірлері (СН) және есепке қою себебінің кодтары (ЕҚСК). (Алайда РФ Салық кодексінің қолданыстағы редакциясында шот-фактурада ЕҚСК көрсету талабы жоқ.)

3-жолда — құрылтай құжаттарына сәйкес жүк жіберушінің толық немесе қысқартылған атауы. Егер сатушы және жүк жіберуші бір адам болса, онда осы жолға «ол» жазылады. Егер сатушы және жүк

жіберуші әр түрлі болса (мысалы, делдалдық шарттар бойынша жұмыста), онда жүк жіберушінің атауы және пошта мекенжайы көрсетіледі. Егер шот-фактура орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер сомасына жасалса, осы жолға сызық қойылады.

4-жолда — құрылтай құжаттарына сәйкес жүк алушының толық немесе қысқартылған атауы және оның пошталық мекенжайы.

5-жолда — төлемдік-есептік құжат реквизиттері (нөмірі және жасалған күні). Бұл көрсеткіш төмендегі жағдайларда толтырылады:

- егер алынған аванс сомасына шот-фактура жазылса (төлем тапсырмаларының немесе кассалық чектің нөмірі және күні көрсетіледі);
- егер тауар бұрын алынған аванс (аванстар) есебінен тиелсе. Құжат немесе құжаттардың нөмірі және күні көрсетіледі (мысалы, төлем тапсырмалары), олар алдын ала төлемді алуды растайды.

Тәжірибеде бір аванстың сомасына аз сомаларға бірнеше тиелім болатын немесе бірнеше аванстар бір тиеліммен жабылатын жағдайлар жиі кездеседі. Бірінші жағдайда алынған аванс сомасын бұрын жазылған а шот-фактура сатып алулар кітабына бірнеше рет тіркеледі.

Сондай-ақ ұйым бір сатып алушыдан әр түрлі тауарларға бірнеше аванстар алады және тауарларды бірнеше партиялармен жөнелтеді. Заңнама салық органдарының өкілдерінде тексеруді өткізуде ұйым өзінің есептелген ҚҚС бұрын алынған аванстан төленген салық сомасына заңды азайтқанында күмәні болмау үшін есеп айырысу құжатының реквизиттерін көрсетуді талап етеді. Егер сатып алушы тауарды қолма-қол ақшамен төлесе, шот-фактурада кассалық чектің реттік нөмірін және сатып алу күнін көрсеткен жөн.

Басқа жағдайларда 5-жолда сызықша қойылады. Егер аталмыш шот-фактураға жататын төлемдік есеп айырысу құжаттары бірнешеу болса, олардың барлық нөмірлері және күндері көрсетіледі.

1-11 бағандарда өткізілген тауар (жұмыс, қызмет) туралы келесі мәліметтер көрсетіледі:

- 1-бағанда — жеткізілетін (жөнелтілген) тауарлардың (орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтерді сипаттау) атауы;
- 2-бағанда — өлшем бірлігі. Егер оны көрсетуге болмаса (мысалы, қызметтер көрсетуде), сызық қойылады;
- 3-бағанда — қабылданған өлшем бірліктерін негізге ала отырып (мүмкіндігі болса оларды көрсету) шот-фактура бойынша жеткізілетін (жөнелтілген) тауарлар (орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер) саны (көлемі);
- 4-бағанда — қосылған құн салығын ескерусіз шарт

(келісімшарт) бойынша өлшем бірлігі (мүмкіндігі болғанда оны көрсету) үшін тауар (орындалған жұмыс, көрсетілген қызметтер) бағасы (тарифі), ал қосылған құн салығын қамтитын мемлекеттік реттелетін бағаларды (тарифтерді) қолданған жағдайда салық сомасын ескерумен;

- 5-бағанда — шот-фактура бойынша жеткізілетін (жөнелтілген) тауарлардың (орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтердің) бүкіл санының салықсыз құны;
- 6-бағанда — акциздік тауарлар бойынша акциз сомасы. Бұл бағанды тек акциздер төлеушілер толтырады, қалған салық төлеушілер сызық қояды;
- 7-бағанда — ҚҚС салық мөлшерлемесі;
- 8-бағанда — қолданылатын салық мөлшерлемелерін негізге ала отырып анықталатын, тауарларды (орындалған жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді) сатып алушыға қойылатын ҚҚС сомасы;
- 9-бағанда — қосылған құн салығы сомасын ескерумен тауарлардың (орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің) шот-фактура бойынша жеткізілетін (жөнелтілген) тауарлардың барлық санының құны;
- 10-бағанда — тауардың шыққан елі;
- 11-бағанда — жүк кедендік декларациясының нөмірі.

Егер тауардың шыққан жері Ресей болып табылса немесе шот-фактура алынған аванс немесе көрсетілген қызметтер (орындалған жұмыстар) сомасына жасалса, 10 және 11-бағандарда сызық қойылады (РФ СК 169-бабының 5-тармағының соңғы абзацы).

Шот-фактурадағы лауазымды тұлғалардың қолдары міндетті түрде түсіндірілуі тиіс. Ұйымның басшысының және бас бухгалтердің немесе жеке кәсіпкердің қолдарының түсіндірмесі жоқ шот-фактурада көрсетілген ҚҚС сомалары шегеруге қабылданбауы тиіс. Осыны атап айтқанда, Ресей Қаржы министрлігі 2004 ж. 5 сәуірдегі № 04-03-1/54 хатта көрсетті.

Салық кодексі мөрді шот-фактураның міндетті реквизиттерінің қатарында атамайды. Сол себепті шот-фактураға оны қоюдың керегі жоқ.

Алынған аванс сомасына шот-фактураны келесі ерекшеліктерді ескерумен жасаған жөн (Ресей Қаржы министрлігінің 25.08.2004 № 03-04/11/135 хаты).

РФ СК 164-бабының 4-тармағының негізінде аванстық немесе өзге төлемдер түрінде алдағы тауарларды жеткізу (жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету) есебінен ақшалай қаржы алуда ҚҚС есептеу әдісімен анықталады. Сол себепті алынған аванстар бойынша шот-

фактураны жасауда аталмыш салық сомасы «Салықты ескерумен тауарлардың (жұмыстар, қызметтердің) жалпы құны» 9-бағанында көрсетіледі, ал «Салықсыз тауарлар (жұмыстар, қызметтер) құны» 5-баған толтырылмайды.

Барлық реквизиттер дұрыс толтырылған уәкілетті тұлғалар қол қойған шот-фактура шегеруге ҚҚС сомасын қабылдау үшін негіз ретінде қызмет ете алады.

13.1.2. Алынған және қойылған шот-фактураларды есепке алу журналдары

Ұйымның бухгалтері барлық жазылған шот-фактураларды (немесе жеке кәсіпкер) хронологиялық тәртіпте тігуі және олардың тізбесін жүргізуі тиіс. Салықтық кезеңнің (ай немесе тоқсанның) аяқталуы бойынша шот-фактура тізбемен бірге бау байланып, беттеп нөмірленеді. Шот-фактураларды есепке алу журналы осылай жасалады.

Алынған шот-фактураларды есепке алу журналы ұқсас түрде жүргізіледі, тек оған құжаттар сатушылардан олардың келіп түсуіне қарай тігіледі.

Алынған-шот фактураларды есепке алу журналындағы ұйым-импортерлер жүк кедендік декларацияларын немесе басшының қолымен расталған көшірмелерін және Ресей Федерациясының кедендік аумағына тауарларды енгізуде ҚҚС төлеуді растайтын төлем құжаттарын сақтайды.

Көбінесе ұйымдар (және жеке кәсіпкерлер) комиссия және агенттік шарттар бойынша делдалдар (агенттер, комиссионерлер) ретінде жұмыс істейді. Егер осындай делдалдар өздерінің принципиялдары (комитенттері) үшін тауарларды сатып алса және өзінің атынан өнім берушілермен мәмілелер жасаса, онда осындай тауарлар бойынша шот-фактураларды олар алынған шот-фактуралардың журналында сақтайды. Егер делдалдар өзінің атынан комитенттен (принципиялдан) алынған тауарларды сатса, осындай тауарлар бойынша шот-фактураларды олар алынған шот-фактураларды есепке алу журналында сақтайды.

Өзіндік тұтыну үшін құрылыс-құрастыру жұмыстарын орындауға арналған сатып алынған тауарлар (орындалған жұмыста, көрсетілген қызметтер) бойынша сатушылардан алынған шот-фактуралар алынған шот-фактураларды есепке алу журналында сақталады.

Іссапардағы жұмыскерлерге билеттерді, төсек жабдықтарын және қонақүй қызметтерін төлеуде берілген жеке жолда белгіленген ҚҚС

сомасы бар қатаң есептілік бланкілерін де алынған шот-фактураларды есепке алу журналында сақтау керек.

Алынған және қойылған шот-фактураларды есепке алу журналдарын жүргізу тәртібі № 914 қаулымен бекітілген, алайда бұл құжат журналдардың нысандарын анықтамайды. Журналдың мысалдық нысанын келтірейік.

Алынған шот-фактураларды есепке алу журналы

№ р/с	Шот-фактура		Сатушы	Шот-фактура сомасы	Оның ішінде ҚҚС
	Нөмірі	Күні			
1	2	3	4	5	6
1	314	25.02.2011	«Север» ЖАҚ	23 600,00	3 600,00
2					

Берілген шот-фактураларды есепке алу журналын да осыған ұқсас жүргізуге болады, тек 4-баған «Сатушы» деп емес, «Сатып алушы» деп аталады.

13.1.3. Сатулар кітабы

Ұйым (жеке кәсіпкер) жазған шот-фактуралар сату кітабында тіркеледі (13.2-сурет).

Егер ұйым тауарды халыққа өткізсе (қызметтер көрсетсе, жұмыстар орындаса), сатулар кітабында БКТ бақылау таспалары тіркеледі. Бірақ егер тауарлар қолма-қол ақшамен есеп айырысумен ұйымға (немесе жеке кәсіпкерге) сатылса, осындай операциялар бойынша шот-фактуралар сатулар кітабында тіркеледі, ал БКТ бақылау таспаларының көрсеткіштері сатулар кітабында осы шот-фактураларда көрсетілген сомаларды ескерусіз тіркеледі.

САТУЛАР КІТАБЫ

Сатушы _____

Сәйкестендіру коды және салық төлеуші-сатушыны

есепке қою себебінің коды _____

бастап

дейінгі кезең үшін сату

Сатушының шот-фактурасының күні және нөмірі	Сатып алушының атауы	Сатып алушының СН	Сатып алушының ЕҚСҚ	Сатушының шот-фактураны төлеу күні	Сатулардың барлығы, оның ішінде ҚҚС	Оның ішінде								салықтан босатылатын сатулар
						мөлшерлеме бойынша салық салынатын сатулар								
						18 пайыз (5)		10 пайыз (6)		0 пайыз		20 пайыз (8)		
						ҚҚС-сыз сатулар құны	ҚҚС сомасы	ҚҚС-сыз сатулар құны	ҚҚС сомасы	ҚҚС-сыз сатулар құны	ҚҚС сомасы	ҚҚС-сыз сатулар құны	ҚҚС сомасы	
(1)	(2)	(3)	(3а)	(3б)	(4)	(5а)	(5б)	(6а)	(6б)	(7)	(8а)	(8б)	(9)	
барлығы														

Бас бухгалтер _____
 (қолы) (Т.А.Ә.)

Жеке кәсіпкер _____
 (қолы) (Т.А.Ә.)

Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің реквизиттері _____

Егер ұйымда ККТ-сыз жұмыс істеу құқығы болса, онда сатулар кітабында олар бойынша қолма-қол ақша қабылданатын қатаң есептілік бланкілері тіркеледі. Бұндай ұйымдар сатулар кітабында күнтізбелік ай үшін сатулар қорытындылары бойынша жасалған тізбе негізіндегі қатаң есептілік құжаттарының жиынтық деректерін тіркей алады.

Шот-фактуралар ҚҚС төлеу бойынша міндет туындағанда сатулар кітабына жазылады. Егер ұйым жөнелтілуіне және сатып алушыға есеп айырысу құжаттарын ұсыну дәрежесіне қарай («жөнелтім бойынша») ҚҚС есептеу үшін есептік саясатты қабылдаса, шот-фактура жасалған кезде сатып алулар кітабында тіркеледі.

Ақшалай қаражатты аудару дәрежесіне қарай ҚҚС аударатын ұйымдар («төлем бойынша»), ол бойынша төлемді алғаннан кейін сатып алулар кітабына шот-фактураларды енгізеді. Егер сатып алушы тауар (жұмыстар, қызметтерді) ішінара төлесе, шот-фактура сатулар кітабында бірнеше рет әр жолы алынған сомаға тіркеледі. Бұнда «ішінара төлеу» белгісі жасалады.

Әр алынған аванстан ҚҚС төлеуші ұйым осы салықты есептеп, төлеуі тиіс. Сол себепті алдын ала төлемді алып, ұйым шот-фактура жасауы және оны сатулар кітабында тіркеуі тиіс (қабылданған есептік саясатқа қарамастан). Тауарды жөнелткеннен (жұмыстарды орындағаннан, қызметтерді көрсеткеннен) кейін осы аванс есебінен ұйым жөнелтуге жаңа шот-фактура жазады және оны сатулар кітабына енгізеді, ал авансқа бұрын жазылған шот-фактураны сатып алулар кітабына тіркейді.

Алынған аванс сомасына шот-фактураны сатулар кітабында және сатып алулар кітабында кейбір ерекшеліктерді ескерумен тіркеу керек.

Алдағы тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау немесе қызметтерді көрсету есебінен аванстар алуда салық төлеуші-сатушы жасаған шот-фактураларды сатулар кітабында тіркеуде, 5а «ҚҚС-сыз сатулар құны» бағаны толтырылмайды.

Аталмыш шот-фактураны сатып алулар кітабында әрі қарай тіркеуде сатып алулар кітабының «Сатушының атауы» 5-бағанында алынған аванстық төлемдер бойынша қосылған құнға салықты бюджет төлеген тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатушының атауын көрсеткен жөн.

Делдалдық шарттар бойынша жұмыс істейтін ұйымдар және жеке кәсіпкерлер (атап айтқанда агенттер, комиссионерлер немесе сенім білдірілгендер), сатулар кітабында комитентке (принципиалға, сенім білдірушіге) қойылған шот-фактураларды өзінің сыйақы сомасына ғана тіркейді.

Осы бойынша делдал өзінің атынан тауарларды өткізетін комиссия

шарты (агенттік шарт) бойынша тауарларды өткізетін комитенттер (принципалдар), делдалға берілген шот-фактураларды сатулар кітабында тіркейді, онда комиссионердің (агенттің) сатып алушыға ұсынған шот-фактураларының көрсеткіштері көрсетілген.

Тапсырма шарт (агенттік шарт) бойынша тауарларды өткізетін сенім білдірушілер (принципалдар) сатып алушыға қойылған шот-фактураларды сатулар кітабында тіркейді.

Өзіндік тұтынуға арналған ұйым орындаған құрылыс-құрастыру жұмыстары бойынша шот-фактуралар күрделі құрылыс аяқталған сәйкес объектіні есепке алған сәттен бастап сатулар кітабында шот-фактуралар жасалады және тіркеледі.

Сатушылар сатып алушы төлейтін тауарлардың құнынан жоғары басқа сатушылардың жұмыстары немесе қызметтері көрсетілген шот-фактуралар сатулар кітабында тек осы тауарлардың құнына ғана қатысты тіркеледі.

Сатулар кітабының әр салықтық кезеңінің аяқталуы бойынша сатулар кітабы бау байлануы, ал оның беттері нөмірленуі және мөрмен бекітілуі тиіс. Сатулар кітабын электрондық түрде жүргізуге болады, бірақ әр ай сайын (немесе тоқсан — анықталған салықтық кезеңге байланысты) оны шығару керек.

13.1.4. Сатып алулар кітабы

Солардың негізінде қосылған құн салығын шегеруге шот-фактуралар сатып алулар кітабында тіркеледі (13.3-сурет). Оларды толтырудың анықталған нормаларына сәйкес келмейтін шот-фактуралар сатып алулар кітабында тіркеле алмайды.

Олар сатып алулар кітабына сатып алынған тауарларды (орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтерді) есепке қабылдау және төлеу дәрежесіне қарай хронологиялық тәртіпте жазылады.

Егер тауарлар (жұмыстар, қызметтер) толығымен төленбесе, шот-фактура ішінара төлеу тәртібінде сатушыға аударылған әр сомаға сатып алулар кітабында тіркеледі. Әр жолы «ішінара төлеу» белгісі қойылады.

Егер ұйым тауарларды Ресей Федерациясының кедендік аумағына тасымалдаса, сатып алулар кітабында тасымалданатын тауарларға кедендік декларация және кеден органына қосылған құнға салықты нақты төлеуді растайтын төлем құжаттары тіркеледі.

№ 2 қосымша
(16.02.2004 № 84, 01.05.2006 №283 РФ Үкіметінің қаулысының
ред.)

САТЫП АЛУЛАР
КІТАБЫ

Сатып алушы _____

Салық төлеуші-сатып алушыны есепке

кою себебінің коды және сәйкестендіру нөмірі _____

дейінгі кезеңдегі сатып алу

[illegible]

Бас бухгалтер _____ (колы) _____ (Т.А.Ө.)

Жеке кәсіпкер _____ (колы) _____ (Т.А.Ө.)

Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу

туралы куәліктің реквизиттері _____

2 2004 ж. 1 қаңтарға дейін жөнелтілген (орындалған көрсетілген) тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша есеп айырысулар аяқталғанға дейін

Сатып алулар кітабында шот-фактуралар төмендегі жағдайларда:

- тауарлар (жұмыстар, қызметтер), оның ішінде негізгі құралдар және материалдық емес активтер ақысыз алынса;
- ұйым алынған тауарлардың иесі болып табылмаса (комиссионер (агент, сенім білдірілген) тауарларды комитенттен (принципалдан, сенім білдірушіден) өткізу үшін алса);
- қандай да бір себептер бойынша ұйым аталмыш шот-фактурада көрсетілген ҚҚС сомасын шегеруге қабылдай алмаған басқа жағдайларда тіркелмейді.

Өзіндік тұтынуға арналған құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындауға арналған сатып алынған тауарлар (орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер) бойынша сатушылардан (мердігерлерден) алынған шот-фактуралар, ҚҚС бойынша салықтық шегеруге құқық пайда болғанда сатып алулар кітабында тіркеледі. Басқаша айтқанда аяқталмаған күрделі құрылыс объектісін өткізу немесе осындай объект бойынша амортизацияны есептеу сәтінен бастап.

Өзіндік тұтыну үшін орындалған құрылыс-монтаждау жұмыстары бойынша салық төлеушілер жасаған шот-фактуралар осындай жұмыстар бойынша есептелген қосылған құн салығын төлеу дәрежесіне қарай сатып алулар кітабында тіркеледі.

Аванстар алуда сатулар кітабында тіркелген және жазылған шот-фактуралар осы аванстар есебінен тауарларды жөнелтуде (жұмыстарды орындауда, қызметтерді көрсетуде) сатулар кітабында тіркеледі. Егер алынған аванс есебінен бірнеше жөнелтімдер жүргізілсе (немесе жұмыстар (қызметтер) кезеңдеп орындалса), сатып алулар кітабында тиісті шот-фактура әр жөнелтім сомасына бірнеше мәрте тиісті шот-фактура тіркеледі.

Осылайша, сатып алулар кітабында қосылған құнға салық шегеруге қабылданатын шот-фактуралар ғана тіркеледі.

Сатулар кітабына ұқсас әр салық кезеңінің аяқталуы бойынша сатып алулар кітабы баулануы, ал оның беттері нөмірленуі және мөрмен бекітілуі тиіс. Егер сіз сатып алулар кітабын электрондық түрде жүргізсеңіз, онда әр ай сайын (тоқсан) оны басып шығарып отыру керек.

13.2.1. БӘС рәсімдеу бойынша құжаттар тізбесі

РФ СК «Бірыңғай әлеуметтік салық» 24-тарауының 243-бабының 4-тармағына сәйкес салық төлеушілер есептелген төлемдер және өзге сыйақылар, БӘС сомалары, сондай-ақ пайдасына төлемдер жүргізілген әр жеке тұлға бойынша салықтық шегерулер сомаларына есеп жүргізуге міндетті.

РФ САМ № САЭ-3-05/443 2004ж. 27 шілдедегі бұйрығымен (бұдан әрі — № САЭ-3-05/443 бұйрық) БӘС сомаларының салықтық есебінің және міндетті зейнеткерлік сақтандыруға жарналардың (бұдан әрі — МЗС сақтандыру жарналары) төрт нысанын ұсынды:

- есептелген төлемдер және өзге сыйақыларды, есептелген бірыңғай әлеуметтік салық, міндетті зейнеткерлік сақтандыруға сақтандыру жарналарының (салықтық шегеру) сомаларын есепке алудың жеке карточкасы (№ САЭ- 3-05/443 бұйрыққа 1-қосымша) (13.4-сурет);
- есептелген төлемдер және өзге сыйақылар, есептелген бірыңғай әлеуметтік салық, міндетті зейнеткерлік сақтандыруға (салықтық шегеру) сақтандыру жарналарының сомаларын есепке алудың жиынтық карточкасы (№ САЭ-3- 05/443 бұйрыққа 1.1-қосымша).

Осы екі нысандар бойынша карточкаларды салық салудың жалпы қабылданған жүйесін қолданатын салық салушылар жүргізеді. Арнайы салық режимдерін ғана қолданатын ұйымдар және жеке кәсіпкерлер үшін (ЖТБС, СОЖ және т.б.) келесі нысандар арналған:

- есептелген төлемдер және өзге сыйақыларға сомалар, міндетті зейнеткерлік сақтандыруға сақтандыру жарналарының сомаларын есепке алудың жеке карточкасы (№ САЭ- 3-05/443 бұйрығына 2-қосымша);
- есептелген төлемдер және өзге сыйақыларға сомалар, міндетті зейнеткерлік сақтандыруға сақтандыру жарналарының (салықтық шегеру) сомаларын есепке алудың жиынтық карточкасы (№ САЭ-3-05/443 бұйрыққа 2.1-қосымша).

_____ жыл үшін міндетті зейнеткерлік сақтандыруға сақтандыру жарналары, есептелген бірыңғай салық сомалары, өзге сыйақылар және есептелген төлемдер сомасын есепке алудың жеке карточкасы

Жұмыскер туралы мәліметтер – табысты алушы: Т.А.Ә. _____

СН _____ Сакталдыру нөмірі _____ (толық көрсетілген) Азаматтығы _____
Төлқұжат (немесе жеке басты куәландыратын өзге құжат): _____ сериясы _____ нөмірі _____ кім және қашан берген
Жынысы _____ (м/ж) Туған күні _____ Тұрғылықты мекенжайы _____
Лауазымы _____ Шарт түрі: еңбек, азаматтық-құқықтық, авторлық (керекін сыну)
Шарт № _____ лауазымға тағайындау күні (немесе шартты жасау күні) _____
Мүдделіктің болуы _____ анықтама: сериясы _____ № _____

[illegible]

[illegible]

Жалпы қабылданған жүйе бойынша салынатын қызмет түрлерін біруақытта жүзеге асыратын және арнайы салық режимдерін қолданатын салық төлеушілерге қызметтің екі түрінде де біруақытта қамтылған жұмыскерлер бойынша жеке карточкаларда № САЭ-3-05/443 бұйрығына 1,2-қосымшаларға сәйкес есеп жүргізу ұсынылған.

Бұнда БЭС бойынша жеке карточкада барлық көрсеткіштер салық салудың жалпы қабылданған жүйесі бойынша салынатын қызмет түрлеріне қатысты көрсетіледі. БЭС есептеуде федералдық бюджетке салықтық шегеру жадпы қабылданған жүйе бойынша салынатын қызмет түрлері бойынша жүргізілген төлемдерден МЗС есептелген сақтандыру жарналарының сомасында қабылданады.

Жиынтық жинақ карточкаларын ведомство МЗС сақтандыру жарналары және БЭС бойынша декларациялар және аванстық төлемдер бойынша есеп айырысуларды толтыруда қателерді болдырмау мақсатында электронды түрде жүргізу ұсынылады. Жиынтық карточкалардың негізінде МЗС сақтандыру жарналары және БЭС бойынша аванстық төлемдер (декларациялар) бойынша есеп айырысуды қалыптастыруға болатыны болжанады.

Жеке карточкаларда есептелген төлемдер және өзге сыйақылар сомалары, сондай-ақ қызметтерді көрсету, жұмыстарды орындау үшін азаматтық-құқықтық және (немесе) авторлық шарттар бойынша пайдасына төлемдер жүргізілген әр жеке тұлға бойынша салықтық шегеру және есептелген БЭС сомалары көрсетіледі. Егер осы шарттармен салық төлеушіге байланысты емес жеке тұлғалардың пайдасына қандай да бір сомалар төленсе, онда осындай жеке тұлғаларға жеке карточкалар ашылмайды.

Жеке және жиынтық карточкалардың нысандарының ұсынылатын сипатын карточканы мүлде жүргізбеу құқығы емес, ұсынылған нысандарға өзінің түзетулерін енгізуге салық ведомствосы ұсынған мүмкіндік ретінде түсінген жөн. Практикалық орындылықты негізге ала отырып, бағандарды қосуға, біріктіруге немесе белгілеуге болады.

13.2.2. Жеке карточкаларды толтыру тәртібі

Карточкалардағы барлық көрсеткіштерді рубльде және тиында көрсету керек. Бұнда аванстық төлемдер бойынша есептеулерде көрсетілген және жеке карточкалар бойынша есептелген көрсеткіштер мәндерінің арасында айырмашылық туындамауы үшін жеке карточкалардағы көрсеткіштердің мәндерін үтірден кейін бірнеше белгілері бар цифрлармен көрсету ұсынылады.

Жеке тұлғаларға ашылған барлық жеке карточкалар бойынша

рубльде және тиында есептелген БӘС және МЗС жарналарсының сомасы (салықтар және жарналар бойынша аванстық төлемдер), сондай-ақ өзге де көрсеткіштер оларды салық төлеушінің ұйымы бойынша жалпы жинақтағаннан кейін жиынтық карточкаларда көрсетіледі. Дөңгелектеу ережелері бойынша тұтас рубльге дейін дөңгелектегеннен кейін жиынтық карточкалардағы көрсеткіштер МЗС сақтандыру жарналары және БӘС бойынша төлемдер (декларациялар) бойынша есептеулер бағандары және тиісті жолдарына ауыстырады. Басқаша айтқанда салықтық база, салықтық шегеру, салықтар және жарналар, өзге көрсеткіштер сомасын рубльге дейін жеке есепте емес, салық төлеуші бойынша жалпы жеке есеп деректерін жинақтағаннан кейін дөңгелектеу.

Жеке карточкаларда Ресей САМ 2003 жылғы 29 желтоқсандағы № БГ-3-05/722 және 2004ж. 27 қаңтардағы № БГ-3-05/51В бұйрықтарымен бекітілген МЗС сақтандыру жарналары және БӘС бойынша есептеулердің 2-тарауының бағандары және тиісті жолдарға сілтемелер келтірілген. Бұнда белгілеулер пайдаланылады:

- дБӘС (еБӘС) — тиісті есептік (салықтық) кезеңде әрекет ететін нысандар бойынша БӘС салықтық декларациясы (аванстық төлемдер бойынша есептеу);
- дСЖ (еСЖ) — тиісті есептік (салықтық) кезеңде әрекет ететін нысандар бойынша МЗС сақтандыру жарналары бойынша декларация (есептеу);
- 2-т. — МЗС сақтандыру жарналары және БӘС бойынша есептеу (декларацияның) 2-тарауы.

Жеке карточканың кейбір жолдарын толтыру бойынша түсіндірулерді келтірейік.

«Жұмыскер — табысты алушы туралы мәліметтер» жолында:

- ТАӘ — жұмыскердің тегі, аты, әкесінің аты толығымен, қысқартусыз, жеке басты куәландыратын құжатқа сәйкес (екі тегі болған жағдайда сөзлер сызықша арқылы жазылады);
- СН (бар болса) — Ресей Федерациясының аумағындағы тұрғылықты жері бойынша жеке тұлғаны салық органына есепке қою туралы куәліктегі жазбамен дәл сәйкестікте;
- сақтандыру нөмірі — мемлекеттік зейнеткерлік сақтандыру жүйесінде сақтандырылған тұлғаның жеке дербес шотының сақтандыру нөмірі көрсетіледі;
- азаматтығы — жұмыскердің азаматтығы;
- төлқұжат (немесе жеке басты куәландыратын өзге құжат), сериясы, нөмірі, кім және қашан берді — жұмыскердің төлқұжатының (немесе жеке басты куәландыратын өзге құжаттың) реквизиттері;

- жынысы — жұмыскердің жынысы;
- туған күні — төлқұжаттағы (немесе жеке басты куәландыратын өзге құжаттағы) жазбаға сәйкес жұмыскердің туған күні, айы, жылы. Егер жеке басты куәландыратын құжат туған күн туралы мәліметтерді қамтымаса, онда туған күн туу туралы куәлік немесе осындай мәліметтерді қамтитын басқа құжаттың негізінде толтырылады;
- тұрғылықты мекенжайы — пәтердің нөмірін, корпусының нөмірін (иелік), көше (даңғыл, қиылыс және т.б.) көрсетумен төлқұжаттағы (немесе жеке басты куәландыратын өзге құжаттағы) жұмыскердің толық тұрғылықты мекенжайы;
- лауазымы — жұмыскердің лауазымы;
- шарттың түрі, шарттың № — түрі (еңбек, азаматтық-құқықтық, авторлық) шарт және оның нөмірі көрсетіледі.

Егер салықтық кезеңнің ішінде салық төлеуші және жеке тұлғаның арасында әрекет етуші бұзылып, одан кейін жаңа еңбек (азаматтық-құқықтық, авторлық) шарты жасалса, онда аталмыш жеке тұлға бойынша бір жеке карточканы жүргізуге болады. Осындай жеке карточкада:

- «Шарттың №» жолына үтір арқылы ағымдық салықтық кезеңде жасалған еңбек (азаматтық-құқықтық, авторлық) шарттарының нөмірлері көрсетіледі; жолдар сол аралықта жеке тұлға салық төлеушімен аталмыш шарттармен байланысты болған салықтық кезеңнің айларына қатысты толтырылады;
- «Мүгедектіктің болуы» — мүгедектік тобы (I, II немесе III топ);
- «Анықтама: сериясы, №, берілген күні» — анықтама сериясын, нөмірлерін және берілген күнін көрсетумен жұмыскердің мүгедектігінің болу айғағын растайтын медициналық-әлеуметтік сараптаманың анықтамасы.

Жеке және жиынтық карточкаларда барлық көрсеткіштер жылдың басынан бастап өспелі жиынмен және салықтық (есептік) кезеңнің әр күнтізбелік жылы үшін көрсетіледі.

«Төлемдер және өзге сыйақылар есептелген ... барлығы» 2-бағаның толтыруда жеке тұлғаның пайдасына ақшалай, сондай-ақ заттай нысанда есептелген барлық төлемдер және өзге сыйақылар ескеріледі. Оның ішінде РФ СК 236, 238, 239-баптарына сәйкес салынбайтын төлемдер, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру мақсаттарына жәрдемақылар (шығындар) және т.б. 2-бағанға пәні мүлікке меншік құқығы немесе өзге заттық құқықтардың өтуі болып табылатын шарттар, сондай-ақ мүлікті қолдануға берумен байланысты (мүліктік құқықтар) шарттар аясында жүргізілетін төлемдер қосылмайды.

Бұл қызықты

Ресей Федерациясының азаматтарына Ресейлік Білім және ғылымды қолдау қорлары мұғалімдерге, оқытушыларға, оқушыларға, студенттерге және (немесе) муниципалды білім беру мекемелеріне ұсынатын грант (ақысыз көмек) түріндегі төлемдер карточкаларда көрсетілмейді.

6-баған бойынша РФ СК 245-бабының 3-т. сәйкес федералдық бюджетке төлеуге жататын салықты есептеуге арналған салықтық базаға прокуратура органдары және федералдық соттар қоспайтын арнайы шендері бар соттар, прокурорлар және тергеушілердің ақшалай құрамдағы сомалары көрсетіледі.

7, 9, 11-бағанлар бойынша аталмыш бағандарда келтірілген формулалар бойынша есептелген міндетті медициналық сақтандыру қорлары, РФ Әлеуметтік сақтандыру қорына, федералдық бюджетке БӘС бойынша салықтық базалар көрсетіледі.

Егер жеке тұлға бойынша жылдың қандай да бір айында жылдың басынан бастап есептелген салықтық база 280 000 рубльден асса, онда оны РФ СК 241-бабында көзделген шкала бойынша 7-9-11-бағандарда оны көрсету үшін, сондай-ақ «жылдың басынан бастап» жолдарынан кейін көрсетілген айдан бастап жеке карточканың келесі бағандарындағы көрсеткіштерді екі жолмен толықтыру ұсынылады.

2-6, 32-бағандарда жылдың басынан бастап өспелі жиыны бар көрсеткіштер «жылдың басынан бастап» жолдары бойынша ғана көрсетіледі.

Егер жұмыскер жыл ішінде ұйымның бір оқшау бөлімшесінен басқасына ауысқан жағдайда, жұмыскер ауысқан оқшау бөлімше оған жаңа жеке карточканы ашады.

